Криминология пәні аясында жалпы қылмыстылықты зерттеуден басқа, жеке тұлға жөнінде зерттеулер жүргізіп келеді. Лаңкестер арасында 18 – 29 жастағылар 68,5% пайызды құрайды, ал лаңкестер болып табылмайтын барлық қылмыскерлер - 50,6% ; 40 – 49 жастағылар 5,2% және 16,3%. Лаңкестер арасында 50 жастан асқандар болмады, сол кезде барлық қылмыскерлер арасында 5% . Сонымен лаңкестердің орта жасы – 27,9 жас, ал басқа қылмыскерлердің орта жасы – 32,1 жас [2, 70 б.]. Ал Л.С. Рубанның келтірген дерегі бойынша этникалықаралық қақтығыстардың жаппай (90%

дейін) және белсенді қатысушылары ретінде жастар болып табылады, өйткені олар әлеуметтік тәжірибиесі аздығынан алдап-арбауға тез көндігеді [3, 178 б.]. Шынында барлық лаңкестік ұйымдар өздерінің қатарына жастарды тартуға мүдделі. Себебі жастар лаңкестік актілерді жүзеге асыруға икемді, әрі оларды оқып-үйрету жеңіл. Олар әлеуметтік орны тұрғысынан жасы келіп қалғандарға қарағанда лаңкестерге өте тиімді болады.

М.В. Ломоносов атындағы ММУ–нің ғалымдары өткізген әлеуметтік зерттеулерге сәйкес азаматтардың 2-3% пайызы агрессияның әрдайым ұстанушылары болып табылады (экстремизмге бейімделген), ал 10 - 15% төңірегінде экстремистік идеология мен үгітке ұшыраған [4, 22 б.]. Жалпы адамдардың кейбіреулері сезімге берілгіш келеді. Психологиялық сезім адамның рухани жағының ең нәзік жері болып табылады. Сондықтан лаңкестік және діни экстремистік ұйымдар мұны сөзсіз пайдаланады.

«Діни экстремизм» ұғымы қазіргі уақытта әр түрлі ғылым салалары бойынша талқыланып жатқандығы рас. Әрине бұл құбылыс кешенді, объективті, жан-жақты зерттелу деңгейінде емес. Оның мынандай негізгі себептері мен күрделі мәселелері бар: біріншіден, әлі күнге дейін әр түрлі ғылым салаларының зерттеу жұмыстары кешенді түрде жүргізілмеуі; екіншіден, аталмыш ұғымның мәнін түсінудегі түрлі талқылаудың орын алуы; үшіншіден, «діни экстремизм» ұғымына қатысты ғылыми пікір-таластардың теология мен ғылым салаларының арасында туындауы; төртіншіден, оны зерттеудің теориялық-әдістемелік және тәжірибелік аспектілерінің кешенді түрде жүйеленбеуі; бесіншіден, осы құбылыстың халықаралық сипат алуы. Міне, осындай себептер мен күрделі мәселелердің орын алуы, сонымен қатар олардың әлі де реттеліп шешілмеуі «діни экстремизм» ұғымының кешенді түрде талқылануына кедергілер келтіретіндігі ақиқат. Соған қарамастан «діни экстремизм» ұғымына қатысты мәселелерді зерттеуге тиісті ғылым салалары бойынша талқылануы мен оны зерттеушілердің талдаулары қарастырылады.

Саясаттанушы және басқа да ғылым салалары бойынша зерттеушілердің көпшілігі «діни экстремизм» ұғымын қолданудан гөрі, одан да «діни-саяси экстремизм» ұғымын қолдану қажет деп есептейді. Мысалы, А.А. Нуруллаев пен Ал.А. Нуруллаев аталған терминді қолдануды жөн көреді. Олардың пікірі бойынша «соңғы ондаған жылдардан бері кең құлаш жайыла бастаған экстремистік құбылыстар діни постулаттармен байланысты болады, алайда саяси шеңберде жүзеге асуда. Сол себептен «діни экстремизм» ұғымы бұларды толыққанды қамти алмайды». Олар «діни-саяси экстремизм» ұғымына анықтаманы мына мазмұнда береді: «діни-саяси экстремизм – бұл мемлекеттік құрылымды өзгертуге немесе өкіметті зорлықпен басып алуға, мемлекеттің тәуелсіздігіне және аумақтық тұтастығын бұзуға, қарулы құрылымдарды заңсыз құруға, діни немесе ұлттық жауыздық пен жеккөрушілікті қоздыруға бағытталған діни мотивацияланған немесе діни бүркемеленген іс-әрекеттер» [5, 84 б.]. Ал, А. Журавский мына бір қисынды тұжырым жасайды: «сараптама – бұл диагнозды анықтау. Егерде пациентке дұрыс емес диагноз қойылса, онда оны емдеу нәтижелі болмайды немесе өлімді болуы мүмкін. Өйткені, мемлекет пациент ретінде болады, оған ондай саяси диагнозды қойып ойнау тым қымбатқа түседі. Сондықтан сарапшылық көзқарас тұрғысынан «діни экстремизм» термині толыққанды дұрыс» [6]. Оның осы тұжырымы дұрыс. Өйткені, көптеген зерттеушілер дін мен діни экстремизмнің айырмашылығына, ерекшеліктеріне, шығу тектеріне және басқа да жағдайларына толыққанды мән бере бермейді. Сол себептен де қателеседі. Жоғарыда аталған екі зерттеуші діни-саяси экстремизмді саяси экстремизмнің бір түрі болып табылады, -деген ой-пікірін білдіреді [5, 84 б.]. Бұл ой-пікір қисынды емес. Өйткені саяси экстремизм мына эволюциялық тізбекте қалыптасып дамиды: саяси радикализм – саяси экстремизм – саяси лаңкестік. Ал, діни экстремизм мына тізбек бойынша қалыптасып дамиды: діни радикализм – діни экстремизм – діни лаңкестік. Бұл екі термин экстремизмнің ең негізгі түрлері болып табылады. Сондықтан екеуін біріктіріп экстремизмнің «жаңа» түрін шығаруы қисынсыз. Саяси экстремизмнің ең басты мақсаты саяси билікке қол жеткізу. Онда діни мемлекетті құру деген мақсат қойылмайды және діни экстремистік идеологиялық база мүлдем жоқ. Тек оны қосымша идеологиялық құрал ретінде пайдаланады. Сол сияқты діни экстремизмде саясатты тек қосымша идеологиялық құрал ретінде пайдаланады. Әр қайсысының өзіндік идеологиялық базалары болады. Сонымен бірге олардың идеологиялық мақсаттары да өзгеше болып келеді. Идеологиялық база мен идеологиялық құрал делінген ұғымдар бір-бірінен өзгеше ерекшеліктерімен болады. Сонымен бірге саясатты және діни экстремистік идеяларды этникалық негіздегі лаңкестік пен сепаратизмде де қосымша идеологиялық құрал ретінде пайдаланады. Демек, «діни экстремизм» ұғымына анықтаманы саяси боямамен беру ешқандай нәтиже бермейді.

М. Вершинин өзі жазған еңбегінде лаңкестік ұйымның қатарына кіргізу кезіндегі «арбаудың» психологиялық үрдісін қысқаша былайша түсіндіреді: «рухани жиһад» өз кезегінде «арбаудың» психологиялық үрдісінің бір бөлігі болып табылады және ол үш саты бойынша жүзеге асырылады: «еріту», «өзгерту» және «қатырып тастау» (К. Левиннің «өзгертулер теориясы» бойынша). «Арбау» үрдісі кезінде арбалған жеке тұлғаға манипулятивтік әдістердің жәрдемімен және де психикасына әсер ету арқылы оны өз басшысының бақылауына алынғанға дейін жалғасады. Бұл аталған техника «сананы бақылаудың техникасы» деп аталынады және әлеуметтік психологияда тыңғылықты зерттеледі [7]. Діни экстремистік ұйымдардың барлығы осындай психологиялық үрдістерімен өздерінің діни экстремистік идеологиясын адамдардың санасына қалыптастыруға іс-әрекеттер жасайды.

Н.В. Володинаның пікірінше «діни негіздегі экстремизм – бұл дінде ең шеткі көзқарастар мен іс-әрекеттерді жақтаушылық. Мұндай экстремизмнің негізін демагогиямен байланысқан зорлық, ең шеткі қатыгездік пен агресшілдік құрайды» [8]. Бұл зерттеушінің дін мен діни негіздегі экстремизмді бір тұтас қарауы дұрыс емес. Себебі мұндай негізсіз ой-пікірлермен әуелі өзін, содан кейін басқаларды сөзсіз шатастырады. Ол дін мен діни экстремизмді объективтік тұрғыдан ажыратпайды. Тек субъективтік көзқараспен қарайды. Біздің көзқарасымыз бойынша «діни негіздегі экстремизм» ұғымын қолдану қисынға келмейді. Өйткені дін атаулы «экстремизм» ұғымын негіздемейді. Ал «діни экстремизм» ұғымын қолдану дұрыс. Бұл құбылыс қылмыс құрамының субъективтік жағының міндетті белгісі болып табылатын «кінә» ұғымы және діни заң тұрғысынан қолданатылатын «күнә» ұғымы бойынша сараланады.

Н.В. Степановтың тұжырымдамасы бойынша «саяси және діни экстремизмнің қылмыскерлікпен байланысы көп жағдайда былайша көрінеді: себеп-салдарлық, шарттық, корреляциялық (статистикалық) байланыс, жағдаяттар байланысы және т.б.» [9, 3 б.]. Әлбетте оның криминологиялық талдауының негізінде «діни экстремизм» ұғымының қылмыскерлікпен байланысты аспектілерін көрсетуі негізінен дұрыс. Асылында бұл аспектілер көбінесе ішкі мемлекеттік жағдайда өрбиді. Алайда діни экстремизм трансұлттық немесе халықаралық сипатқа ұласқанда, аталған аспектілер халықаралық-құқықтық ерекшеліктерімен көрінеді.

Д. Назировтың көзқарасы бойынша «діни, исламистік экстремизм» - бұл мемлекеттік құрылымға қарсы тұруға, өкіметті зорлықпен басып алуға, исламдық тәртіптерді орнатуға бағытталған саяси құбылыс» [10, 13 б.].

Біздің көзқарасымыз бойынша «діни экстремизм» құбылысының таралуы мен дамуының себептік-факторлық кешенін тек дәстүрлі «сыртқы» мен «ішкі» детерминаттардан ғана емес, ең негізгі ықпал ететін діни экстремистік идеологияның «ашық» және «жасырын» детерминаттарынан болады. Негізгі «сыртқы» детерминаттарға мыналар жатады: әмбебаптық халықаралық шарттарда, аумақтық ұйымдар мен екіжақты мемлекетаралық халықаралық-құқықтық актілерде, сонымен бірге ұлттық заңнамаларда лаңкестік, әсіресе «діни лаңкестік» пен «діни экстремизм» ұғымдары туралы анықтамалардың толыққанды болмауы, миграция, еңбек миграциясы, трансұлттық қылмыстың көбейгені, наркобизнес, діни экспансия, көптеген мемлекеттердің лаңкестік және діни экстремизммен күресуге арналған халықаралық шарттарды ратификация жасамауы немесе өздерінің міндеттерін толыққанды орындамауы, лаңкестер мен діни экстремистерге қатысты экстрадициялау мәселелерінің шешілмеуі, кейбір мемлекеттердің діни экстремистік ұйымдарды тікелей немесе жанама негізде қолдауы, оларды пайдалануы, мемлекеттердің де халықаралық-құқықтық жауапкершілігі халықаралық-құқықтық тұрғыдан толыққанды жүзеге аспауы әрі реттелмеуі және тағы басқа жағдайлар сыртқы себептік негіздер болып табылады.

«Діни экстремизм» ұғымының туындауының «ішкі» детерминаттарына мыналар жатады: «мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға ұмтылуының самарқаулығы; діни экстремизммен күресудің құқықтық, идеологиялық, тактикалық және стратегиялық тұжырымдамалардың жоқтығы немесе төмендігі; кейбір мемлекеттердің діни экстремизммен күресуге арналған ұлттық заңнамаларын халықаралық шарттарға сәйкестендіру мәселелерінің реттелмеуі, мемлекет ішінде ұлтаралық және дінаралық татулық пен толеранттықты сақтауға бағытталған іс-шаралардың дұрыс жүзеге аспауы немесе мұндай тұжырымның мүлдем болмауы; мемлекеттің дінге және діни ұйымдарға нақты мемлекеттік саяси тұжырымдаманың болмауы; діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу үрдісі кезіндегі бірлескен теологиялық-құқықтық сараптаманың мүлдем немесе толыққанды жасалмауы; теология мен құқықтануды жақсы игерген арнаулы сарапшы мамандардың аздығы және т.б.»

«Діни экстремизм» ұғымының туындауына қосалқы демеу беретін «жасырын» детерминаттарға мыналар жатады: біріншіден, тактикалық және стратегиялық тұрғыдан тұжырымдалған латенттік іс-шараларға көшу; екіншіден, ресми түрде тіркеуге алынатын діни ұйымдар немесе діни бірлестіктерді құруды және де соған құпия түрде лайықты тұлғаларды дайындауды ұйымдастыру; үшіншіден, олармен тығыз байланыс пен ынтымақтастықта болу мақсатында басқа мемлекетте ресми тіркелген діни ұйым, діни бірлестік немесе діни-ағарту орны арқылы қаржыландырып отыру.

Қорыта келе, діни экстремизмнің алдын алу жүйесінің тиімділігін арттыру үшін мыналар ескерілуі қажет:

- діни экстремизм мен терроризмнің қоғамда таралу себептері мен шарттарын, ықтимал экстремист пен террористің әлеуметтік портретін зерделеу, аталған салада жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың осал жақтарын бағалау мен анықтау бойынша ғылыми, талдамалық және әлеуметтік зерттеулер жүргізу;

- ақпараттық-түсіндіру жұмысының тиімділігін сапалы арттыру;

- радикалдық діни идеологияның жат және қабылдауға тұрмайтындығы туралы діни негізде мақсатты топтардың (радикалдық идеологияға бейім, сондай-ақ оған ұшыраған адамдардың) арасында атаулы алдын алу жұмыстарын ұйымдастырып, жүргізу;

- орта білім беру ұйымдары, сондай-ақ колледждер, жоғары оқу ұйымдары оқушыларын қоршаған болмысқа саналы көзқараспен қарау және радикалдық діни идеологияны сыни көзқараспен қабылдау үшін дін туралы қажетті білім көлемін олардың игеруін қамтамасыз ету;

- отандық теологиялық білім беру жүйелерінің бәсекелестікке қабілеттілік пен тұрғындарға қолжетімділік деңгейін арттыру арқылы одан әрі дамыту;

- орта мектептердің жоғары сыныптарының, колледж, жоғары білім беру ұйымдарының бірінші курс оқушыларына жастарда теріс піғылды идеологияны тұрақты қажетсінеуді қалыптастыруға бағытталған тақырыптық роликтер (фильмдер) көрсету тәжірибесін енгізу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.«Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасы Президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан [Электронный ресурс]. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>

2.Гришко А.Я. Личность террориста. //Криминологический портрет. - 2006.- с. 70.

3.Рубан Л.С. Дилемма 21-го века: толерантность и конфликт. М.: - 2006. – с.178.

4.Добрынина В., Кухтевич Т. Экстремизм как проявление девиантности и деликвентности // Наука, культура, общество. - 2006. - №7. – с. 22.

5. Нуруллаев А.А., Нуруллаев Ал.А. Религиозно-политический экстремизм // Вестник Российского университета дружбы народов.- Сер.: Политология. – 2003. - № 4. – с.84.

6. Журавский А. Религиозный экстремизм: реальность или фикция? //Религия и СМИ. [Электронный ресурс]. URL: // <http://www.regilare.ru/article/2080.htm>

7. Вершинин М. Методы вербовки и идеологической работы террористических религиозных движений в Поволжье, на примере «Хизб-ут-Тахрир». [Электронный ресурс]. URL: //<http://psyfactor.org/lib/vershinin5.html>

8. Володина Н.В. Актуальные проблемы современного экстремизма и терроризма на религиозной основе. Российское Объединение Исследователей Религии. [Электронный ресурс]. URL: //<http://www.rusoir.ru/news/23-03-2005-3.html>

9. Степанов Н.В. Криминологические проблемы противодействия преступлениям, связанным с политическим и религиозным экстремизмом: автореф. ... канд. юрид. наук.: 2003. – М.: Научно-исследовательский институт проблем укрепления законности и правопорядка при Генеральной прокуратуре РФ, 2003. – с. 8.

10. Назиров Д. Проблемы терроризма, религиозного экстремизма и пути их преодоления: автореф. ... док. филос. наук.: – Душанбе.:Институт философии имени академика А.М. Богоутдинова Академии наук Республики Таджикистан, 2009. – с. 13.

ОӘЖ 343.2

Муқанов Даурен Асетович

заң факультетінің 2 курс студенті, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: Қаражанов М. Д. құқық бойынша философия докторы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНЫҢ КЕҢІСТІКТЕГІ КҮШІ

Мақала қылмыстық заңның уақытында қолданылу тұжырымдамасын ашып көрсетеді. Шекара түрлерінің анықтамалары берілген (су кеңістігі, ауа простазасы және т.б.). Қылмыстық заңның қолданылуы әрқашан белгілі бір аумақпен шектелетіндігі туралы қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: аймақ, қылмыс, мемлекет, қылмыс, жауапкершілік, заң, лимит, мақала.

В статье раскрывается понятие действие уголовного закона во времени. Даются определения разновидностей границ (водное пространство, воздушное пространство, и т. д.) Делается вывод, что действие уголовного закона всегда ограничено определенной территорией.

Ключевые слова: территория, преступление, государство, уголовный, ответственность, закон, предел, статья.

The article reveals the concept of the operation of criminal law in time. Definitions of the types of borders are given (water space, air prostanoznost, etc.) It is concluded that the operation of the criminal law is always limited to a certain territory.

Keywords: territory, crime, state, criminal, responsibility, law, limit, article.

Қылмыстық заңның күші белгілі бір аумақ бойынша шектелген. Осыған байланысты оның күші тарайтын белгілі бір кеңістіктің анықталуы қатаң мақсатты сипатқа ие. Бұның мәні біріншіден, Қылмыстық кодекстің қылмыстан қорғау және сақтандыру сияқты негізгі міндеттерінің орындалуымен байланысты; екіншіден, қылмыстық заңның кеңістіктегі күші мәселесінің заңдылық, азаматтардың, заң мен сот алдындағы теңдігі немесе қылмыстық жауаптылықпен жазадан құтылмайтындық сияқты қылмыстық құқық қағидаттарының іске асырылу міндеттерімен анықталатындығында; үшіншіден, бұл мәселелерді шешуге әсер ететін халықаралық құқық нормаларының және тиісті конвенциялардың болғандығында. Мұнда мемлекеттік шекара, сол сияқты азаматтықтың түсінігін беретін конституциялық құқықтың нормалары да елеулі роль атқарады. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші жөніндегі нормаларда жүйелі түрде мынадай екі қағидат: *аумақтық* және *азаматтық* қағидаттар жүзеге асырылады.

ҚК-тің 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған адам ҚР ҚК бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 13 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» заңының 1-бабына сәйкес, Республика аумағының шегін құрғақ құрлық, су, жер қойнауы және әуе кеңістігі шегін айқындайтын сызық және осы сызық бойынша өтетін беткі қабат құрайды. Мемлекеттік шекара Қазақстан Республикасының Парламентімен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерімен анықталады.

Мемлекеттік шекара былай белгіленеді:

құрғақ аумаққа — жер бедерінің сипатты нүктелері және сызықтары жатады;

су аумағына — Қазақстан Республикасының ішкі суларынан басқа, аумақтық теңіз жағалауындағы теңіз суларының кеңістігі жатады;

әуе кеңістігі аумағына — Қазақстан Республикасының құрлық және/немесе су аумағы үстіндегі аспан кеңістіктері жатады.

Каспий теңізіндегі ішкі су аумақтарына жататын акватория Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерімен анықталады.

Қылмыстық заң Республикамыздың құрлықтық шельфінде және ерекше экономикалық аймағында жасалған қылмыстарға да қолданылады (ҚК-тің 6-бабының *екінші бөлігі*)

Шельф — аумаққа тиесілі судың астыңғы (200 м және одан да терең) және үстіңгі кеңістігі болып табылады.

Қойнау (жер қойнауы) — шаруашылық және басқа да қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдаланылатын құрлық және су аумағындағы кеңістік — табиғи ортаның бір бөлігі (жер қойнауының астыңғы және үстіңгі қабатындағы пайдалы қазбалар, өнімдер).

ҚК-тің 6-бабының *үшінші бөлігіне* сәйкес Қазақстан Республикасының портына тіркелген, Қазақстан Республикасының шегінен тыс ашық су немесе әуе кеңістігінде жүрген кемеді қылмыс жасаған адам, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе ҚР ҚК бойынша қылмыстық жауапқа тартылады. Қазақстан Республикасының әскери кораблінде немесе әскери әуе кемесінде қылмыс жасаған адам да оның қай жерде болуына қарамастан ҚР ҚК бойынша қылмыстық жауапқа тартылады.

Дипломатиялық өкілдермен және иммунитетті пайдаланатын өзге де азаматтармен қатынасқа түскен сәттен бастап қылмыстық заң, аумақтық қағидаттарға сүйеніп және соған сәйкес іске асырыла бастайды.

ҚК-тің 6-бабының *төртінші бөлігінде* шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерінің және иммунитетті пайдаланатын өзге де азаматтардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе осы адамдар Қазақстан Республикасының аумағында қылмыс жасаған жағдайда халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі делінген.

Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдері мен қызметкерлеріне берілген құқықтар мен артықшылықтардың жиынтығы — дипломатиялық иммунитет деп аталады.

Дипломатиялық иммунитет мәселелерін реттейтін халықаралық құқықтың нормалары 1961 жылғы дипломатиялық қатынастар туралы Вена Конвенциясында кодификацияланып, бекітілген.

Шет мемлекет өкілдерінің иммунитеті — дипломатиялық өкілдердің тұрғын-жайларына қол сұғылмаушылықты белгілейді. Дипломатиялық өкілдердің келісімінсіз олардың тұрғын-жайларына мемлекет тарапынан кіруге болмайды. Шет мемлекеттің Қазақстан Республикасы аумағында дипломатиялық иммунитетке ие болған дипломатиялық өкілдері және басына қол сұғылмаушылықты қолдана алады, яғни өкілдіктің басшысын қамауға немесе ұстауға, оны сот тәртібімен қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

Дипломатиялық және консулдар өкілдіктері туралы ережеге сәйкес жеке басына қол сұғылмайтындығы иммунитетін елші, өкіл, сенімді өкіл және дипломатиялық өкілдіктің/басқа да мүшелері: кеңесшілер, сауда өкілі және оның орынбасары, әскери, әскери-теңіз, әскери-әуе атташелері және олардың көмекшілері; бірінші, екінші және үшінші хатшылар, архивариус-хатшылар пайдаланады. Жеке басына қол сұғылмаушылық және қылмыстық жауаптылық иммунитеті құқығын олардың өздерімен бірге тұратын Қазақстан Республикасының азаматы болып танылмайтын отбасы мүшелері де пайдаланады.

Осы негіздерге сәйкес, сондай-ақ еліміздің азаматы болып танылмайтын әкімшілік-техникалық қызметшілер және олармен бірге тұратын, отбасы мүшелері болып табылатын адамдар да осындай иммунитетті пайдалана алады. Бірақ мұндай құқықты тек қызмет барысындағы міндетті атқару кезінде қылмыс жасаған реттерде ғана пайдалана алады. Әрине, мұндай құқық, дипломатиялық өкілдіктердің қызметтерінде өз иммунитеттері пайдаланып, заңсыз әрекеттер жасасын дегенді білдірмейді. Заң осы аталған адамдардың қылмыстық жауаптылығы дипломатиялық жолмен шешілетіндігін белгілейді.

ҚР Президентінің 1995 ж. 19 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы шет ел азаматтарының құқықтық жағдайлары туралы» з. к. б. Жарлығының 28-бабына сәйкес мұндай адамдар белгілі бір уақыт ішінде Қазақстан Республикасы аумағынан кетіріледі.

ҚК-тің 6-бабының *екінші бөлігіне сәйкес*, Қазақстан Республикасының аумағында басталған немесе жалғастырылған не аяқталған әрекет Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыс деп танылады. Мысалы, шпионаждық әрекеттің жасалған орны ҚК-тің 166-бабында қарастырылған әрекеттердің біреуі болса да жасалған орын болып есептеледі; мемлекеттік құпияны құрайтын мәлімет Қазақстан аумағында ұрланып, басқа мемлекетке берілген болса да, кінәлі адам қылмыстық жауаптылыққа Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша тартылады.

Егер қылмыс істеуге даярланғандық немесе қылмыс істеуге оқталғандық шекарадан тысқары жерде жүзеге асырылып, біздің елімізде аяқталса, қылмыс Қазақстан Республикасының аумағында жасалған деп танылады. Осы секілді қылмысқа қатысу, қылмысты ұйымдастыру немесе қылмыс жасауға азғырушылық әрекеттері үшін де жауаптылық дәл осындай тәртіппен белгіленеді.

Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші аумақтық қағидаттармен ғана шектеліп қоймайды. Ол Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған ҚР азаматтарына қолданылатын азаматтық қағидаттармен де толықтырылады.

Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңы төмендегілерді орнықтырды:

осы Заң күшіне енгізілген күнге дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын:

Осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады». Осы заңның 6-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасы территориясындағы және оның азаматтары емес адамдар барлық құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдары мен мемлекетаралық шарттарында белгіленген барлық міндеттерді атқарады, бұған олардың Қазақстан Республикасының шарттары мен мемлекетаралық шарттарында белгіленіп алып тасталғандары қосылмайды».

Қылмыстық Заңның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған адамдарға қатысты қолданылуы ҚК-тің 7-бабымен анықталуы: «Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер олар жасаған әрекет ол аумағында жасалған мемлекетте қылмыс деп танылса, егер бұл адамдар басқа мемлекетте сотталмаған болса, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауапқа тартылады. Аталған адамдарды соттау

кезінде жазаны аумағында қылмыс жасаған мемлекеттің заңында көзделген санкцияның жоғары шегінен асыруға болмайды. Азаматтығы жоқ адамдар да осындай негіздерде жауапты болады.

Басқа мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған адамның соттылығының және өзге де қылмыстық-құқықтық зардаптарының, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе немесе басқа мемлекеттің аумағында жасалған қылмыс Қазақстан Республикасының мүдделеріне қатысты болмаса, бұл адамның Қазақстан Республикасы аумағында жасаған қылмысы үшін қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін қылмыстық-құқықтық мәні болмайды.

Қазақстан Республикасының одан тыс жерлерде орналасқан әскери бөлімдерінің әскери қызметшілері шет мемлекеттің аумағында жасаған қылмысы үшін, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауапқа тартылады.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған шетелдіктер қылмысы Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталған жағдайларда және Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген жағдайларда, егер олар басқа мемлекетте сотталмаған болса және Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық жауапқа тартылса, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кострикова, Е. Г. Действие уголовного закона в пространстве / Е. Г. Кострикова // URL: <http://ibrain.kz/ugolovnoe-pravo/deystvie-ugolovnogo-zakona-v-prostranstve> (дата обращения: 07.07.2013).

ОӘЖ 343.7

Нұрғалиева Динара Талғатбекқызы

2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

БӨТЕННІҢ МҮЛКІН КРИМИНАЛДЫ БАСЫП АЛУҒА (РЕЙДЕРЛІККЕ) ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ

Бұл мақалада бөтеннің мүлкін қриминалды басып алуға (рейдерлікке) қарсы іс-қимылдың тарихи аспектілері берілген.

Түйін сөздер: рейдерлік, рейдерлікке қарсы іс-қимыл, тарихи аспект.

В настоящей статье раскрыты исторические аспекты противодействия криминального захвата чужого имущества (рейдерства).

Ключевые слова: рейдерство, противодействие рейдерству, исторический аспект.

In this article, historical aspects of countering the criminal seizure of someone else's property (raiding) are disclosed.

Key words: raiding, counteraction to raiding, historical aspect.

Рейдерлік құбылысының мәнін анықтау үшін оған қарсы іс-қимылдың тарихын зерттеу керек.

Бұл үшін жеткілікті негіздер болғандықтан, әрбір құбылыс өмір сүреді. Біздің елімізде рейдерлік құбылысының пайда болу себептерін түсіну үшін, сондай-ақ біздің мемлекетіміздің тарихы өте ерекше екенін ескерсек, және Ресеймен тығыз байланыста болғанына байланысты ХХ ғасырдан бастау керек.

1917 жылдан 1991 жылға дейін мемлекеттің экономикасына ықпалы анықталғандықтан, заңды тұлғаларды заңсыз басып алу мүмкіншілігін шектей отырып, мемлекетіміз социалистік өндірісті құру жолында болғандықтан заңды тұлғаларды заңсыз басып алу құбылысынан сенімді түрде қорғалған.

1991 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі мемлекетіміздің жаңа тарихы қазіргі зерттеудің мақсаты үшін неғұрлым қызықты болып табылады. Рейдерліктің барынша белсенділігі 2000 жылдарда байқалса, бұл тек ертеректе болған жағдайлардың зардабы. Көп уақыт өтпесе де, біздің мемлекетіміздің өткен тарихында орын алған, бірақ бұл оқиғаларды түсінудің әрекеттері жүргізілуде.

Зерттеліп отырған сұрақ үшін негізгі ұсынылған мүдде, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (ары қарай КСРО) ыдырағаннан кейін орын алған құбылыстар, келесілер:

1) Мемлекет әлсіздігі; КСРО өзінің өмір сүруін тоқтатқан, енді ғана құрылып жатқан мемлекет сол уақытта келе жатқан рейдерліктің толқынына қарсыласуға өте әлсіз болатын.

2) Ұйымдасқан қылмыстылықтың белсенді дамуы;

Заңды тұлғаларды басып алудың дәл бандиттік әдістері рейдерліктің барынша айқын және қорқынышты үлгілері болады. Мемлекеттің әлсіздігінен оларға қажетті қарсы әрекет көрсетілмеді.

3) Азаматтардың көпшілігінің кеңестік менталитеті;

КСРО-ның ыдырауына қарамастан, сонда туып-өскен адамдар, өз көзқарастары бойынша қалып қойды. Социалистік мемлекетте ондаған жылдар бойы тұрған үлкен халық осы уақыт бойы адамда меншік иесі, иелік жоғалды. Себебі ауыстыру режимі туралы барлық уақытта және барлық елдерде болғандай, көрсетілген өзгерістерге адамдар дайын еместігі және кенеттен жаппай тиімді меншік иелерінің пайда болуы мүмкін емес екендігі халыққа ескертілмеді.

4) Болашақта рейдерлердің мақсаты болатын бағаланбаған мүліктің үлкен мөлшері;

КСРО кезінде ешкім нарықтық құны туралы, мысалы, зауыт, немесе ең болмағанда оның негізгі қорларының құны туралы ойланбаған. Нарықтық қоғамда барлығының өз бағасы бар. Өйткені, тиімді меншік иесі жоқ, ал кешегі директорлар, зауыт қожайынына айналған, ол қандай да бір мәселелер туындағанда мемлекет оны қорғайтынына сенген, өйткені заң жаңа қоғамда әрқашанда меншік иесі жағында болған. Ол рейдерліктің болашақта бүкіл елді басып алатынын елестете алмаған. Мұндай жеңілтектікке көптеген адамдар аяусыз есеп айырды. Өйткені кез-келген өндіріс негізі мүлік болғандықтан, бұл мүлік оның объектісі, онда барлық меншік иелері рейдерлердің көз алдында жүрген.

Ғалымдардың айтуынша, мүліктің жоғарғы құны бар жерде, көптеген рейдерлік басып алулар орын алады [1].

5) Қоғамда бөтеннің меншігіне елемейтін қатынас;

Біздің елде жекешелендіру адал және әділ өтті деп айтуға келмейді. Неғұрлым тартымды өндіріс және мүлік объектілері бірден ауқаттылар құрылымымен басып алынған, өйткені қарапайым халыққа қарағанда қайта құруға дайын болғандар, ал ірі кәсіпорындар және объектілер олардың кешегі директорларына өткен. Азаматтар алданғандығын бірден сезбейді, өйткені оның маңызды салдары - бөтеннің мүлкін елемейтін қатынас, себебі қылмыстық жолмен алынған болып саналады. Меншікке қол сұғылмауын сезінудің болмауы, іргелі маңызы бар бұл институттың жаңа өмірге әкелген жағдайлары оның заңсыз иелік фактісі келісімге келмейтін қатынасы қоғамда қалыптаспады. Ғасырлар бойы қалыптасқан іскерлік айналымының әдет-ғұрыптарын айтуға келмейді.

Ғалымдар атап өткендей, ұзақ уақыт бойы мемлекет субъектілердің шаруашылық жүргізу дауының салдары рейдерлікпен күрес мәселесінің асқынуы болып табылады [2].

6) Заңнаманың жағдайы; Қылмыстық сияқты, өзге де заңнаманың салаларында, тиісінше деңгейдегі нормативтік-құқықтық база рейдерлікке қарсы әрекет ретінде қолданылады. Сонау 1960 жылы қабылданған ҚазССР Қылмыстық кодексі 1997 жылға дейін жұмыс істеді, тиісінше капиталистік өмірдің жаңа болмысына ол бейімделген жоқ, сондай-ақ жаңа жағдайларда қылмыстық сот ісін практикада жүргізу және Жоғарғы сотының тиісті түсініктемесі болған жоқ. ҚР Азаматтық кодексі сияқты, заңды тұлғалар қызметі саласындағы бірқатар заңдар КСРО ыдырағаннан кейін бірден пайда болмады. Өмір бір орында тұрмайды және заңдарды қабылдауды күтпейді, онда рейдерлердің қолдары байлаулы болған, осылайша құқықтық вакуум орын алды.

7) Сыбайлас жемқорлықтың масштабты дамуы үшін елеулі алғышарттар; Рейдерлік және сыбайлас жемқорлық ажырағысыз болғандықтан, бұл фактор бүгінгі күнде басты назарда. Қайта құрудан кейін болашақта сыбайлас жемқорлықты дамытудың алғышарттары көп болды. Капиталистік мемлекеттің пайда болуы, мемлекеттің әл-ауқатының өсу мүмкіндігі, шенеуніктер үшін заң бұзушылыққа ынталандыру, бақылаусыз мемлекетке айналдырды.

Жаңа мемлекет өз идеологиясын қалыптастыра қойған жоқ, ал ол батыстық өмір салтындағы жаңа мемлекеттің азаматтарының санасына байыту идеясы, оның ішінде кез келген құн бойынша байыту өз әсерін тигізді.

8) Масштабты коммерциялық операцияларды жүргізуде шектеудің болмауы;

КСРО-ға қарағанда, нарықтық қарым-қатынастар барынша азайтылған, жаңа жағдайларда кез келген мөлшерде ақша қаражатының қозғалысы және коммерциялық операцияларды жүргізу, оның ішінде отандық және шетелдік қосылған жеке және заңды тұлғаларды иесізденген нысанында пайдалануға шектеу болмады, сондай-ақ, заманауи телекоммуникация жүйелерін пайдалану, бүкіл әлем бойынша, соның ішінде оффшорлы аймақтарда да ақша аударымдарын жүргізуге мүмкіндік берді.

Осылайша, коммерциялық операцияларды астыртын жүргізу, ақша қаражатын жылдам шығару, қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған, оның ішінде, шетелге оларды қолма-қол ақшаға айналдыру немесе жылыстатуды жүзеге асыруға мүмкіндіктер ашылды.

Бұған, сондай-ақ, коммерциялық банктердің пайда болуы, сыйақы алу үшін күмәнді операцияларды жүргізу және мемлекеттік қаржы бақылауының жүйесінің болмауы ықпалын тигізді.

Сауалнама өткізу нәтижелері бойынша, көршілес Ресейдегі рейдерліктің негізгі себептері ретінде респонденттердің басым көпшілігі атап өтті: заңнаманың жетілмегендігі (азаматтық және қылмыстық) - 66,5% сұралғандар; сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі - 53,7%, құқық қорғау органдар жүйесінің әлсіздігі -40,4%. Ғалымдар атап өткендей, Ресейдің әлеуметтік-экономикалық және институционалдық ортасының ерекшелігі, Ресейдің рейдерлік акциялары басқа елдермен салыстырғанда, тым агрессивті және одан кем өркениетті сипатын анықтады. Осыған байланысты Ресейдегі рейдерлік, экономикалық активтер үшін тиімді бөлуге қол жеткізуге ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық проблеманың шиеленісуіне алып келді [3].

Егер сол уақыттағы бұл елдегі жағдайды ойлап қарайтын болсақ, рейдерліктің тек пайда болуы ғана уақытты талап етті және рейдерлер өздерін көп күттірмеді. Сондықтан Ресейде рейдерлік осыншама кең таралды. Шет елдерде мұндай ауқымды үлкен құбылыс кездеспейді [4]. Мұндай еш жерде және ешқашан болған емес, сондықтан сенімділікпен айтуға болады, бұл рейдерлік - ол тек ресейлік құбылыс, қазіргі заман тарихының туындауы.

Сонымен, біздің елде рейдерлік қалай дамыды және оған қарсы әрекет қандай?

Біздің пікірше, рейдерлік жекешелендірумен негізделген пікірі лайықты қолдау тапқан. Өткен ғасырдың 90-ж. жекешелендіру барысында осы ұйымның кішкентай қатысу үлесін алған кәсіпорын қызметкерлерінен көптеген акционерлер пайда болды. Олар бұл заңды тұлғаны басқаруға қатысты елеулі әсерін тигізбеді және акциялар да аса құндылық болмады.

Бұл жағдай рейдерлердің осы акцияларды сатып алуына, көрсетілген ұйымдарды басып алу жоспарын шығаруға, оның үстіне уақытында еңбекақыны төлемеу немесе кешіктіру салдарынан қарапайым адамдар өз акцияларын сату туралы мәселені қарауына ықпал етті.

Рейдерлер жете бағаланбаған әлеуеті аз акциялар пакетін, корпоративтік заңнама саласындағы базалық білім және заңды тұлға басшылығының рейдерлік шабуылға дайын еместігін пайдаланудан бастау алған. Біздегі «рейдерлік» жемқорлықсыз ешқашан тіршілік ете алмайды және дамымайды да. Егер жемқорлық туралы сөз қозғамағанның өзінде, онда погонды және мантия кигендердің арасында өз биліктерін асыра пайдаланатындары жөнінде атап айтуға болады. Ал оларсыз рейдер тым әлсіздік танытатыны сөзсіз, – дейді В.Воронов.

«Қарағанды-нан» ЖШС төңірегіндегі шулы оқиға әлі күнге дейін басылар емес. Сірә, кәсіпорын рейдерліктің барлық сатысын басынан өткергенге ұқсайды. Кәсіпкер Н.Усатовтың ұлы Дмитрийдің айтуынша, «Қарағанды-нанға» рейдерлік шабуыл жасауға тапсырыс беруші – ресейлік кәсіпкер Борис Шафрай. «Б.Шафрай қазақстандық билік жүйесінің кейбір өкілдерімен «тығыз» қатынасқа түскен», деп хабарлайды» [5].

Заңды тұлғаны күшпен басып алу рейдерлердің соңғы мақсаты болып табылмайды. Заңды тұлға алып отырған үй-жайларды нақты басып алғанмен, оның жеке меншік иесі бола алмайды. Бұл жағдайда заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына қол жеткізу мақсаты болып табылады, сондай-ақ оларға тиесілі құнды мүліктерге, құқық белгілейтін құжаттар. Бұдан басқа, фирманың алдыңғы басшысына фирманың жаңа басшысы бар екендігін түсіндіру, сондай-ақ жылжымалы материалды активтерге қол жеткізу үшін дереу іске асыру мақсатындағы қосалқы мақсаттар орындалады. Заңды тұлғаны басып алуды жүзеге асырудың қаншалықты шектен тыс, дөрекі және қауіпті тәсілдермен орындалатынын көрсетеді, мөлшеріне қарамастан мемлекет және қала сипатындағы нақты аймақ үшін мүмкін болатын стратегиялық түсінікті көрсетеді.

Арнайы антирейдерлік норма болмаған кезде рейдерлік басып алуға қарсы әрекеттердің қылмыстық-құқықтық тетігі функциясын ҚР ҚК арнайы құрылмаған басқа нормалар орындаған. Болып жатқан құбылыстарға қылмыстық-құқықтық жағынан қате баға берілді.

Біздің елімізде саудалық қарым-қатынас орнағаннан кейін 20 жылдан соң және қазіргі ҚР ҚК шығарылғаннан кейін он жылдан соң, сондай-ақ заңды тұлғаларды рейдерлік басып алу туралы алғашқы фактілер ескертілгеннен бастап ҚР ҚК-не рейдерлікпен күреске бағытталған арнайы қылмыстық-құқықтық нормалар енгізілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Введенский А.Ю. Рейдерские криминальные схемы - угроза экономической безопасности России // Пробелы в законодательстве и пути их преодоления. Сборник материалов Международной научно-практической конференции. Н. Новгород. 2007. С.55-59.
2. Дубровских Е.А. Черный PR как способ рейдерского захвата // Информационное право. 2011. - № 4. – С. 88-95.
3. Киреев А.Ю. Рейдерство в российской экономике: сущность, тенденции и возможности противодействия. Автореф. дисс. ... канд. экон. наук. М., 2008. – 30 с.

4. Соколов И.А. Рейдерство как уголовно-правовое явление в России и за рубежом // Бизнес в законе. 2014. - № 5.- С.77-85.

5. Балғарина Б. Рейдерлік — тосын шабуылдар... жемқорлар көмегімен «шебер» көмкерілуде //Егемен Қазақстан. №90-93. 12 наурыз 2010. – Қол жеткізу режимі: <https://egemen.kz/old/?act=readarticle&id=5496>

ОӘЖ 343.9

Нургожин Айбек Нурланович

2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕ СЕКТОРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУДІҢ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

Осы мақалада квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстылығына қарсы әрекет етудің шетел тәжірибесіне талдау жасалды. Германияда, Грецияда, Данияда, Норвегияда, АҚШ-та, Франция және т.б. елдердің тәжірибесі талданды.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлық, квазимемлекеттік сектор, жеке сектор, қарсы әрекет ету, шетел тәжірибесі.

В настоящей статье проанализирована зарубежная практика противодействия коррупционной преступности в квазигосударственном и частном секторе. Проанализирована практика таких стран как Германия, Греция, Норвегия, США, Франция и др.

Ключевые слова: коррупция, квазигосударственный сектор, частный сектор, противодействие, зарубежная практика.

In this article, foreign practice of counteracting corruption crime in the quasi-public and private sectors has been terminated. The practice of such countries as Germany, Greece, Norway, the United States, France, etc. has been put into practice.

Keywords: corruption, quasi-public sector, private sector, counteraction, affirmative practice.

Шетел тәжірибесінің талдауы көрсеткендей, көптеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың негізі жеке саладағы жемқорлыққа қатысты қылмыстық заңнаманы жетілдіруде екендігін көрсетті. Мұндай қылмыстық-құқықтық шаралар Германияда, Грецияда, Данияда, Норвегияда, АҚШ-та, Франция және т.б. елдерде жасалды.

Әсіресе, ГФР Қылмыстық Кодексі жеке бизнесте материалдық игілік үшін заңсыз артықшылықтар беру үшін жаза қарастырылған.

Сонымен бірге, әлемдік қауымдастық сыбайлас жемқорлыққа тек, құқықтық, экономикалық, ұйымдастыру және басқа да шараларды кешенді қолдану арқылы ғана қарсы тұруға болатынын түсінді.

Мысал ретінде АҚШ және Ұлыбританияның Сарбанс-Оксли (2002) және Парақорлық туралы (2010) заңын қабылдаудан кейін кешенді күресін алуға болады. Соңғы заңда, мысалы, ұйымдардың өз жұмысын тиісінше ұйымдастырмай, жемқорлыққа жағдай туындатқаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Ағылшын заңнамасының новелласы ретінде заңды тұлғалардың өз қызметкерлерінің (менеджерлер, агенттер, делдалдар, кеңесшілер мен өзге тұлғалармен) жемқорлық жасауына тосқауыл болмағаны үшін жауапкершілікке тартылатыны жайлы норманы айтуға болады. Компанияларға: бизнес-әріптестерінің сыбайлас жемқорлыққа қатысы барын тексеруге; сыбайлас жемқорлықтың жолын кесудің ішкі корпоративтік тәртібін енгізу; шенеуніктер мен бәсекелестер тарапынан қорқыту немесе қорытушылық көрсетілген жағдайда міндетті түрде шаралар қолдануға кеңес беріледі.

Мұндай шараларды енгізу жеке компаниялар өз қаржысын сақтап қалуға, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзғаны үшін салынатын санкциялардан сақтануына мүмкіндік береді.

Жалпы әлемде сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою мақсатында мемлекеттің жеке секторға араласуының біртіндеп күшеюі байқалады. Бұл бағыт күшейе түсуімен бірге жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесін шешудің жаңа шешімдері пайда болады деп күтілуде.

Н.К. Мамытовтың пікірі бойынша, коммерциялық және басқа да ұйымдардағы қызмет мүддесіне қайшы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жемқорлық қатарына жатқызу жеке сектордағы жемқорлықпен күресу үшін жеткіліксіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды квазимемлекеттік сектордың басқа да қызметкерлеріне тарату мүмкіншіліктерін зерттеу керек. Әсіресе, шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік

кәсіпорындар қызметкерлеріне қатысты. Бұл мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 10-бабының 1-тармағына сәйкес коммерциялық қызмет атқарады [1].

Н.К. Мамытовтың және басқа да Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің өкілдерімен «сыбайлас жемқорлықпен күрес тек ұлттық-құқықтық және халықаралық-құқықтық тетіктер үйлесім тапқанда ғана сәтті болады», - деген пікірмен келіскен дұрыс. Жеке және жария секторларға әсер ететін кешенді сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктер кешенін және нормативтік актілер мен тиімді құқыққолдану тәжірибе жүзінде құру қажет. Және де, сыбайлас жемқорлықпен күрес міндеттерін шешуде билік органдарының азаматтық қоғам және ғылыми қоғамдастық институттарымен тығыз байланыста болуы өте маңызды.

Қазақстанда қоғамның белсенді қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізудің алғышарттары жасалған. Мысалы, қазіргі кезде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық қозғалыс Меморандумы әрекет етуде, оған «Нұр Отан» партиясы және жүз мыңдаған қатысушылары бар көптеген қоғамдық ұйымдар қол қойды.

Бұл құбылысқа қарсы алдын алу бағытындағы жұмыстар тұрғысынан көзқарастар өзгертіліп жатыр. Осыған байланысты заң шығарушы жақын арада екі нормативтік-құқықтық акт қабылданады: «Қоғамдық бақылау туралы» және «Жария ақпаратқа қол жеткізу туралы» актілер қабылданады. Бұл заңдар азаматтық қоғамға мемлекеттік қызметкерлердің ғана емес, сонымен бірге квазимемлекеттік сектор азаматтық қызметкерлерінің бастамаларының айқындығын бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында маңызды рөл өсіп келе жатқан ұрпақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға берілген. Оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа деген көзқарас қалыптасады, олардың көпшілігі жеке меншік оқу орындары.

Т.О. Балықбаевтың пікірі бойынша, «ҰБТ және кешенді тестілеуді енгізе отырып, біз жоғарғы оқу орындарына қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлықты азайттық, алайда мәселелер әлі де бар. Жоғарғы оқу орындарын басқарудың жоғары орталықтандырылу деңгейі ашық емес және есепке алынбаған. Бұл сыбайлас жемқорлық үшін жағдай жасайды. Келесі процедуралар ең көп сыбайлас жемқорлыққа ұшырайды: жоғарғы оқу орындарына қабылдау, жоғарғы оқу орындары мен бағдарламаларды аккредитациялау, студенттердің аралық аттестациясы, мемлекеттік сатып алулар мен ғылыми дәрежелер мен атақтарды беру процедурасы» [2].

Мысал ретінде жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіндегі белсенді позициясын айтуға болады.

Бұл тұрғыда республикада сыбайлас жемқорлық деңгейі бойынша жоғарғы оқу орындарының рейтингін жасау ұсынылып отыр. Осылайша, «STOP-Қылмыс» партиялық жобасы аясында «Таза сессия» акциясы жүргізілуде, ол еліміздегі жоғарғы оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға арналған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігіне нақты ұсыныстар жолданды.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» республикалық семинар-кеңесінде бұл әлеуметтік кеселмен күресті ынталандыру бойынша ұсыныстар қабылданды.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде жоғарғы білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық дүниетанымды дамыту тұжырымдамасы жасалды, ол оқу орындарының бюджетінің тазалығын, профессорлық-оқытушылық құрамдағы жемқорлықты жою, технологиялық процедураларды дамыту, студенттермен жұмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қарастырады. Жағымды мысал ретінде ҚазМЗА сыбайлас жемқорлықпен және оның жағымсыз жақтарымен нөлдік шыдамсыздық жұмысын да айтуға болады.

2014 жылғы 10 желтоқсанында «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жанындағы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңесті құру туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 518 бұйрығына қол қойылды.

Қоғамдық кеңестің мақсаты азаматтық қоғам институттарымен және халықпен тұрақты байланыс орнату, білім беру ұйымдарына деген халық сенімін арттыру, мемлекеттік емес органдармен және халықпен ара қатынасты дамыту, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын қорғау және сақтау болып табылады.

Қоғамдық кеңестің негізгі міндеттері:

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қоғамдық, құқық қорғау, ғылыми, шығармашылық, діни және басқа да ұйымдарды тарту;

2) халықтың білім беру ұйымдарына және білім және ғылым саласындағы басқару ұйымдарына сенімін арттыру, үкіметтік емес ұйымдардың құқықтық мемлекетті дамытуға әрі қарай қатысуын арттыру;

3) қызметкерлердің және зейнеткерлердің әлеуметтік қолдауы мәселелерін шешу;

4) Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік органдардың жасап жатқан жұмысы жайлы және саладағы өзекті мәселелер жайлы халықты хабарландыруға БАҚ тарту;

5) министрлік жұмысын жетілдіруге байланысты болжамдық бағалар мен қорытындыларды дайындау, үкіметтік емес ұйымдар ұсыныстарын ескеру [3].

Сонымен, министрлік деңгейінде тек білім беру саласында ғана емес жас ұрпақ санасынан сыбайлас жемқорлыққа алып келетін себептердің түп-тамырымен жою бойынша жүйелі жұмыстар басталып кетті.

Біздің ойымызша, Қазақстандағы жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған құқықтық шаралар инвестициялық сенімді арттыруға мүмкіндік береді және Қазақстанның дамыған елу ел қатарына енгуге мүмкіндік беретін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ. Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>

2. Қосыбаев Ж.З. Қазақстан жоғарғы оқу орындарындағы жемқорлыққа қарсы күрес // Құқық және мемлекет-2014-№2(63)-12-14 бб.

3. 2014 жылғы 10 желтоқсанында «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жанындағы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңесті құру туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 518 бұйрығы <http://edu.gov.kz/ru/anti-corruption/zakonodatelstvo>.

ОӘЖ 34

Нурекешов Талап Кайратович

докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Аманғазина Мадина Аманғазықызы

магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ АТА – АНАЛАРДЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАР ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ

Мемлекеттік отбасылық саясат, егер ол барлық әлеуметтік саясаттың органикалық элементі болса, оның барлық бағыттарымен өзара әрекеттесу, даму сатысында, шешімдерді қабылдау және орындау кезінде тиімді болуы мүмкін.

Түйін сөздер: *неке, отбасы, ата-ана, бала құқығы, заңнама.*

Государственная семейная политика может быть эффективной лишь в том случае, когда она является органичным элементом всей социальной политики, взаимосвязанным со всеми ее направлениями на стадиях выработки, принятия и реализации решений.

Ключевые слова: *брак, семья, родитель, права ребенка, законодательство.*

The state family policy can be effective only if it is an organic element of all social policy, interconnected with all its directions at the stages of development, adoption and implementation of decisions.

Keywords: *marriage, family, parent, child rights, legislation.*

ҚР отбасы заңнамаларының дамуы туралы көзқарастар эволюциясының әрбір кезеңі ғасырлар бойы жинақталған ата - аналық қатынастарды мемлекеттік – құқықтық реттеу тәжірибесін көрсетеді және отбасы мен оның мүшелеріне құқықтық ықпал етудің қалай және қай бағыттарда өзгергенінің көрнекі мысалы болып табылады.

Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті [1].

Баланың мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын және басқа да жақын туыстарын білуге құқығы, олардың қамқорлығы мен тәрбиесін алуға құқығы бар. Өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-аналарын білуге құқығы, олардың қамқорлығында болуға құқығы, олармен бірге тұруға құқығы бар. Баланың өз ата-анасының тәрбиесіне, өз мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, жан-жақты өсіп-жетілуіне, өзінің адами қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы ие болып табылады.

Баланың ата-анасының екеуімен де, аталарымен, әжелерімен, аға-інілерімен, апа-сіңлілерімен (қарындастарымен) және басқа да туыстарымен араласуға құқығы бар. Ата-аналары некесінің (ерлі-зайыптылығының) бұзылуы, оның жарамсыз деп танылуы немесе ата-аналарының бөлек тұруы баланың құқығына әсер етпеуге тиіс. Ата-аналары бөлек тұрған жағдайда баланың олардың әрқайсысымен араласуға құқығы бар. Сондай-ақ, ата-аналары әртүрлі мемлекеттерде тұрған жағдайда, баланың олармен араласуға құқығы бар.

Бала отбасында өз мүдделерін қозғайтын кез келген мәселені шешу кезінде өзінің пікірін білдіруге, сондай-ақ кез келген сот немесе әкімшілік ісін қарау барысында тыңдалуға құқылы. Бұл өз мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, он жасқа толған баланың пікірі міндетті түрде ескерілуге тиіс. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар немесе сот он жасқа толған баланың және заңды өкілдердің қатысуымен өзі берген келісімімен ғана шешім қабылдай алады.

Баланың пікірі ата-аналарының немесе баланың тұратын жері бойынша басқа да заңды өкілдердің қатысуымен қабылданған, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның шешімімен ресімделеді [2].

Қазақ халқының өмірінде сақталып келген көптеген салт-дәстүрлер қазақ отбасы мен некесінің бүкіл дүние жүзі халықтарының отбасы тарихына тән көне кезеңдерді басынан өткізгендігін дәлелдейді.

Жеті жарғыға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Жеті жарғы қазақтың ұлттық шешендік өнеріне сай, мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден құралған. Бұл жүйені мазмұндық-кезеңдік жағынан «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолына» негізделген және Тәуке ханның өз дәуіріне, саясатына сай енгізілген өзгерістер деп көрсетуге болады. Онда отбасы және неке заңы, жер дауы, жесір дауы, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қарлық, тонаушылыққа және куәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдеп-ғұрып заңдары көрініс тапқан.

Ата – аналардың өздерінің кәмелеттік жасқа толмаған балаларын тәрбиелеу бойынша құқықтары мен міндеттері көптеген өзге мемлекеттерде бұрыннан қалыптасқан ата – аналардың билігі институтына сәйкес реттеледі. Қоғамдық пікірдегі өзгерістер, атап айтқанда әлемдік қауымдастықтың көмегіне деген көзқарастар соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде кәмелеттік жасқа толмағандарды қорғау туралы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге алып келді.

Кәмелеттік жасқа толмағандарды қорғау мәселесінде өзге де шарттар үлкен рөл атқарды, олардың ішінде БҰҰ 1989 жылғы бала құқығы туралы Конвенциясын атап өтуге болады, ол қазіргі кездің өзінде көптеген Европа елдерінде күшіне енді,

1980-ші жылдары Европалық прецеденттік құқықта адамның жалпыға ортақ құқығы тең дәрежеде ересектерге де, балаларға да қатысты деп көрсететін айқын ереже пайда болды.

Қоғам назары бала құқығы мен мүддесін қорғауға барынша көп дәрежеде аударыла бастағаннан кейін прецеденттік құқық (ал одан кейін заңнамалар да) бала құқығын қорғау мәселелерін барынша мұқият реттей бастайды.

Мысалы, Англияда бала құқығын қорғау саласындағы негізгі көз 1989 жылғы «Балалар туралы» Заң болып табылады, онда баланы тәрбиелеу мен оған қамқорлық жасаудың түрлері мен әдістері, сондай – ақ ата – аналар мен өзге де тұлғалардың бала тәрбиесі бойынша міндеттері барынша толық сипатталады [3,29 б.]. Онда сонымен қатар баланы әлеуметтік қамтамасыз етудің мазмұны, бала күндіз болатын мекемелердің түрлері, жастарға үй – тұрмыстық қызмет көрсету, бала тәрбиелеу мен оны күтудің өзге де түрлері бойынша көмек көрсетуге бағытталған балалық отбасыларға арналған қызметтердің өзге де түрлері, жергілікті атқарушы билік органдарының осы қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелері, сондай – ақ соттың және өзге де мемлекеттік органдардың шешім қабылдау процесі көрсетіледі.

Германияда елдің отбасы заңнамаларының негізгі көзі германияның Конституциясы (Негізгі заңы) болып табылады. Германия Конституциясының (Негізгі Заңының) 6 бабының 1 тармағында неке мен отбасы мемлекеттің ерекше қорғауында болады деп көрсетілген. «Отбасы» ұғымы ата – аналар мен олардың балалары арасындағы қарым – қатынастарды қамтиды [4,37 б.].

Мұны ең алдымен осы институтқа Конституциялық кепілдік және жария және дербес құқықта бекітілген негіз құраушы құндылықтардың көрінісі деп қарастыру қажет. Сонымен қатар оны мемлекеттің неке мен отбасының игілігіне бағытталған шаралар қабылдау құқығы деп қарастыру қажет.

Германия Конституциясының 6 бабының 2 тармағына сәйкес бала тәрбиелеу және оған қамқорлық көрсету ата – аналардың табиғи құқығы және ең бірінші міндеті болып табылады. Бұл бала мүддесі басты болып табылатын принциптердің конституциялық негізі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің отбасындағы тәрбие саласына қол сұғушылығына кедергі болып табылады деп есептелінеді.

Әр елдің ата – аналардың бала тәрбиесі бойынша ата – аналар құқықтары мен міндеттерінде көптеген ортақ белгілері бар, бірақ сонымен қатар айырмашылықтары да бар. Мысалы Францияда, Швейцарияда, Испанияда және бірнеше т.б. елдерде ата – аналар құқығын жұбайлар бірлесіп атқарады.

Канадада, Францияда және Австрияда ата – аналардың бала тәрбиесі бойынша міндеттерінің шеңберіне баланың дене және зияткерлік дамуына қамқорлық жасау кіреді.

Көптеген шет елдердің ата – аналардың бала тәрбиесі бойынша құқықтық қатынастарын реттейтін заң актілерінде «қорғау» термині кездеседі. Оның негізгі мазмұны ата – анаға өз баласын қорғау бойынша табиғи құқық тиесілі болады, ал мемлекеттің осы құқықты жүзеге асыруға араласуы тек ерекше жағдайларда ғана қолданылуы тиіс болып табылады. Мысалы, Англияда «қорғау» ұғымы баланың уақытын өткізетін орыны мен уақытын анықтау ұғымына енеді және оның атынан құқықтық сипаттағы және құқықтық маңызы бар әрекеттерді жүзеге асыруды білдіреді.

АҚШ – та кейбір штаттардың заңнамалары бала тәрбиесі бойынша ата – аналардың құқықтық қатынастарын реттеу барысы екі принципке негізделеді:

1) баланың үстінен билік беру (барлық штаттарда бірдей қолданылмайды);

2) кәмелеттік жасқа толмаған баланы «қорғауға» алу [5,65 б.]. Осы екі принцип өз жиынтығында автордың пікірінше ата – ана мен бала арасындағы қарым – қатынастардың авторитарлық сипатын бекітеді.

Қазіргі таңда шет елдерде ата – анаға бағыныштылыққа, ең алдымен және бірінші кезекте әке билігіне негізделген қатаң реттеу тәртібінен оны «жұмсарту», немесе анаға бағытталған билікке көшу байқалады.

Бұл өзгерістер қазіргі заманғы принциптің негізінің көрінісі болып табылады, оған сәйкес ең басты маңызға баланың тәрбие алуға құқығы мен мүддесі болып табылады, сондай – ақ баланың дербес әрекет етуге деген өсіп келе жатқан сұраныстарын қанағаттандыру болып табылады.

Англиядағы «Балалар туралы» заңда ата – ананың өз баласын тәрбиелеу бойынша құқықтары, өкілеттілігі, билігі және міндеттері «ата – ана міндеттерінің» мазмұнын құрайды. Балаға қамқорлық жасау және оны моральдық, психикалық және дене бітімі жағынан дені сау қылып өсіруге қамқорлық жасау баланың тағдыры мен тәрбиесіне жауапты әке мен шешенің басты міндеті болып табылады.

Англияның отбасы заңнамалары бойынша ата – анада ата – аналық міндеттердің болуы олардың бала өміріне қатысты көптеген шешімдер қабылдау мүмкіндігін қарастырады.

Швецияда егер де ата – аналар некеде тұрған болса, онда бала туған кезден бастап екі ата – анасының да қамқорлығында болады, егер де олай болмаса, онда тек анасының қамқорлығында болады [6,64 б.]. Егер де кейінірек ата – анасы заңды некеге тұрған болса, онда бала егер де оған дейін сот оны арнайы тағайындалған бір немесе екі қамқоршыға беріп қоймаған болса олардың екеуінің де қамқорлығында болады.

Бала ата – анасы ажырасқан жағдайда да егер де ата – аналардың бірінің (немесе екі ата – ананың) талап арызы бойынша сот бірлесіп қамқорлық жасаудың күшін жоймаған болса, немесе әлеуметтік қамсыздандыру бойынша комиссияның талап арызы бойынша сот шешім қабылдамаған болса, олардың екеуінің қамқорлығында болады.

Ағылшын отбасы заңнамасында ата – аналық міндеттерді орындаудан бас тартуға тиым салу туралы тезистердің болуы және ата – аналық міндеттемелері бар тұлға осы міндеттерді осы тұлға атынан өзге тұлғаның орындауына бергеннен өзге барлық жағдайларда ата – аналық міндеттерді үшінші тұлғаға беруге тиым салынатыны туралы тезистердің болуы үлкен қызығушылық тудырады. Мұндай жағдай бала тәрбиесі бойынша ата – аналық міндеттемелері бар ата – ана оны орындауға қабілетсіз болса, мысалы, ауруханада немесе шет елде болуына байланысты осы ереже пайдалы болуы мүмкін.

Италияда егер де ата – анасы бірге тұрмайтын болса, онда ата – аналық құқықты баламен бірге тұратын ата – анасы жүзеге асырады, ал екінші ата – анасы «бақылаушы қызметті» өзінде сақтап қалады – ол баланы тәрбиелеу мен білім беруге тікелей көмек көрсетуге міндетті және осы кезеңдерді әсіресе бала өмір сүріп жатқан жағдайды бақылап отырады [7,33 б.].

Германияда күйеуге шықпаған анасының қалауы бойынша жастар істері бойынша мемлекеттік орган баланың заңды қамқоршысы бола алады. Оның міндеті ең алдымен баланың әкесін анықтауға, оны ұстау мен мұра алуына құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады. Егер де баланың жеке жағдайы мен мүліктік мүдделеріне қатер төнген болса, онда қамқорлық бойынша сот оны қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс болады. Ең шекті жағдайда ата – аналары толықтай немесе жартылай ата – аналық қамқорлық құқығынан айырылуы мүмкін.

Шет елдік заң шығарушылардың ата – аналардың бала тәрбиесі бойынша құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруына қатысты субъективтік көзқарастары мемлекеттердің құқықтық жүйесінің тарихи тәжірибесінің жеке ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Мысалы, шет елдік отбасы заңнамаларында ата – аналардың бала тәрбиесі бойынша құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруы проблемаларына бірыңғай көзқарастың жоқ екенін атап өтуге болады.

Шет елдердің, атап айтқанда Канаданың, Францияның және Австрияның ата – ананың бала тәрбиесі бойынша құқықтары мен міндеттері саласындағы отбасылық заңнамалары тәжірибесін зерттей келе, қолданыстағы ҚР неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы Кодексіне ата – ананың баланың зияткерлік дамуы туралы қамқорлықты жүзеге асыруы бойынша міндеттілігін қосуды ұсынамыз,

ҚР отбасылық заңнамаларының дамуының тарихи кезеңдерін қарастыра келе, өткен ғасырлар ішінде заң шығарушы ата – ананың бала үстінен билік жүргізуі мен мемлекеттің тәрбиелеу процессіне араласуы қажеттігін жоққа шығарудан, ата – аналарға баланы тиісінше тәрбиелемегені және оның құқықтарын бұзғаны үшін мемлекет тарапынан санкциялар қолдану арқылы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың басымдығына дейінгі үлкен жолдан өтті деген қорытындыға келдік. Сондай – ақ отбасылық заңнамаларды дамытуға адамгершілік тәртіп нормаларының үлкен еңбек сіңіргенін де ұмытпауымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Қазақстан Республикасы неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы Кодексі.
3. Шибанова Н.И. Халқаралық дербес құқықтағы отбасылық қатынастар.- М., 1995. 29 б.
4. Ата – аналар мен балалар арасындағы қатынастар туралы шет елдік заңнамалар.- М., 1990 37 б.
5. Махмудов М.А. АҚШ – тағы отбасы соты - Душанбе: Сино, 1996. 65 б.
6. Шет елдердің ата – ана мен бала арасындағы қарым – қатынастарға қатысты заңнамалары М., 1990 64 б.
7. Шет елдердің ата – аналар мен балалар арасындағы қарым- қатынастар туралы заңнамалары М., 1990.

33 б.

ОӘЖ 34

Нурекешов Талап Кайратович

докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Әбілқайдар Алтынай Әбілқайдарқызы

магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ МҮЛІКТІК ЕМЕС ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кәмелеттік жасқа толмаған баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы осы ереженің адамгершілік жағын да, құқықтық жағын да қамтитын оның ең маңызды құқықтарының бірі болып табылады. Тәрбиелеу процессі бала туған кезден басталады. Бала отбасынан әлеуметтік қарым – қатынастардың алғашқы дағдыларына ие болады, оның болашақтағы тәрбиесіне ықпал ететін мінез – құлық қалыптасады.

Құқықтық әдебиеттерде аталған норма қабылданбай тұрып балалардың отбасында тәрбие алу құқығы талқыланды.

Түйін сөздер: ата-ана құқықтары мен міндеттері, бала тәрбиесі, мінез-құлық, идеологиялық ілім.

Право несовершеннолетнего ребенка жить и воспитываться в семье является одним из его наиболее значимых прав, затрагивающих как нравственный, так и правовой аспект данного положения. Процесс воспитания начинается с момента рождения ребенка. В семье ребенок приобретает начальные навыки социального общения, закладываются основы его характера, во многом определяющие его последующее воспитание.

В юридической литературе еще до принятия указанной нормы обсуждался вопрос о праве детей на семейное воспитание.

Ключевые слова: родительские права и обязанности, воспитание детей, поведение, идеологическая доктрина.

The right of an underage child to live and be brought up in the family is one of his most significant rights affecting both the moral and legal aspects of this provision. The process of education begins with the birth of the child. In the family, the child acquires the initial skills of social communication, the foundations of his character are laid, which largely determine his subsequent upbringing.

In the legal literature, even before the adoption of this rule, the question of the right of children to family education was discussed.

Keywords: *parental rights and obligations, child upbringing, behavior, ideological doctrine.*

Кәмелеттік жасқа толмаған баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы осы ереженің адамгершілік жағын да, құқықтық жағын да қамтитын оның ең маңызды құқықтарының бірі болып табылады. Тәрбиелеу процессі бала туған кезден басталады. Бала отбасынан әлеуметтік қарым – қатынастардың алғашқы дағдыларына ие болады, оның болашақтағы тәрбиесіне ықпал ететін мінез – құлқы қалыптасады [1,58 б.].

Құқықтық әдебиеттерде аталған норма қабылданбай тұрып балалардың отбасында тәрбие алу құқығы талқыланды.

Отбасындағы тәрбие – тұтас алғандағы бала тәрбиесінің құрамдас бөлігі. Қазақстан Республикасы неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы Кодексінің 60 бабына сәйкес әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-аналарын білуге құқығы, олардың қамқорлығында болуға құқығы, олармен бірге тұруға құқығы бар.

А.М. Нечаева атап көрсеткендей, отбасы – баланың өмір сүруінің табиғи ортасы. Дәл осында адамның рухани және дене дамуының алғышарттары қалыптасады, Тек отбасында ғана баланың құқықтық, рухани, дене және психикалық сапалары қалыптасады [2,115 б.].

Өкінішке орай қазіргі қоғамда соңғы жылдары агрессияшыл тенденциялардың артуына бағытталған өзгерістер орын алуда, ол көбінесе өзінің жақын ортасымен қарым – қатынаста және ең алдымен кәмелеттік жасқа толмаған өз балаларына қатысты қолданылады. Қазіргі таңда елімізде балаларының болашағы, ұлт болашағы, оның адамгершілік- құқықтық мәртебесі мәселелері өткір қойылып келеді

Бұл жайдан жай емес, іс мынада, негізгі адамгершілік құндылықтар бірінші кезекте жоғарыда атап өткеніміздей бала санасына ерте бала кезінен, демек тікелей отбасында сіңіріледі. Тиісінше, ата – анасы «адамгершілік» ұғымын қалай түсіндірсе және олар өздері үшін заң шығарушы айқын белгілеген өздерінің кәмелеттік жасқа толмаған балаларын тәрбиелеу бойынша міндеттерін қатаң сақтауларына баланың мемлекеттің әлеуметінің жеке тұлғасы ретінде қорғалатын заңды мүдделері мен құқықтарын қорғаудың бүкіл құқықтық мәселелерінің шешілуі тәуелді болады.

Баланың отбасында тәрбие алу құқығының негізгі мәні осы құқықты иеленушінің мемлекет тарапынан берілетін көмек пен қолдауға сүйене отырып ешбір кедергісіз белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіншіліктерінің берілуінде болып отыр.

ҚР Конституциясының 27 бабының 2 тармағында келесі ереже бекітілген, ол бойынша балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті болып табылады [3]. Демек, бұл жерде тек әрбір ата – ананың адамгершілік – құқықтық борышы туралы ғана емес, сонымен қатар оның мемлекет алдындағы Конституциялық құқықтары мен міндеттері туралы болып отыр. Мемлекет тарапынан ата – аналарға өздерінің кәмелеттік жасқа толмаған балаларына қатысты құқықтардың берілуі олардың мемлекет қажет ететін және құптайтын кәмелеттік жасқа толмаған баланың игілігіне бағытталған әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігінің берілетінін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы Кодексі ата – аналардың құқықтары мен міндеттерінің мазмұнын іс жүзінде толық ашып көрсетеді және сол арқылы оның негізін ашып көрсетеді. «Ата – аналардың құқықтары мен міндеттері» деп аталатын 11 тарау толық дерлік олардың жеке құқықтары мен міндеттеріне арналған, ал ата – аналардың өздерінің кәмелеттік жасқа толмаған балаларын асырауы бойынша міндеттері, алименттік міндеттемелерді құқықтық реттеуге арналған тарауда дербес көрсетілген. Ата- аналардың өз балаларына қатысты жеке құқықтары мен міндеттері ішінде ең күрделі және маңыздысы ата – аналардың өз балаларын тәрбиелеу бойынша құқықтары мен міндеттері болып табылады, міне осының өзі осы мақаланың зерттеуіне негізделеді.

Бұрын әрекет еткен РСФСР неке және отбасы Кодексінде де оның 1 бабында бекітілген ата – ананың өз балаларын тәрбиелеуі туралы ережелер болды, және оған отбасы заңнамасының барлық міндеттерінің ішінде ең басты міндет мәртебесі берілді [4,56 б.].

Бірақ сол кездегі идеологиялық ілімді есепке ала отырып ата – ананың өз баласына тәрбие беруі Отанға берілгендік, еңбекке коммунистік көзқарас және балаларды коммунистік қоғам құрылысына қатысуға белсенді түрде даярлау сияқты қоғамдық тәрбие берумен үйлестірілген идеологиялық мазмұны басым болды.

Әрине, қолданыстағы Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы Кодексінде әсіресе балаға коммунистік идеология рухында тәрбие беру сияқты мұндай қондырмалар жоқ, бірақ одан мемлекет ата – ананың өз баласын қалай тәрбиелейтініне бей- жай қарайды деген ұғым туындамауы тиіс.

БҰҰ «Бала құқығы туралы» Конвенциясы ата – ананың тәрбие беруі саласындағы негізгі халқаралық тенденцияларды белгілейді.

Конвенцияның 29 бабы тәрбиелеудің келесі міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс екендігін көрсетеді:

а) жеке тұлға ретінде дамуына, баланың бойындағы дарынын және ақыл-есін, дене бітімдік қабілеттерін барынша толық дамытуға тәрбиелеу;

ә) адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жария етілген қағидаттарды құрметтеуге тәрбиелеу;

б) ата-анасын, төл мәдениетінің құндылықтарын, тілін және құндылықтарын, өзі тұрып жатқан мемлекеттің және өзі туған елінің ұлттық құндылықтарын, сондай-ақ басқа өркениеттерді құрмет тұтуға тәрбиелеу;

в) баланы еркін қоғамдағы саналы өмірге түсіністік, бейбітшілік, шыдамдылық, әйел мен ер-азаматтардың құқықтық теңдігі және барлық халықтар, этникалық, ұлттық және діни топтар арасындағы достастық, сондай-ақ жергілікті халықтың өкілдерімен достықта болу рухында дайындауға тәрбиелеу;

г) қоршаған табиғатты аялауға бағыт беруге тәрбиелеуге негізделген [5].

ҚР отбасы заңнамалары ата – аналар мен балалар арасындағы құқықтық қатынастарда олардың тәрбиелеу құқығын жүзеге асыру мәселелері бойынша белгіленген халқаралық бағдарды ұстанады.

Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы Кодексінің 72 бабына сәйкес ата – анаға өзінің кәмелеттік жасқа толмаған баласын қалай тәрбиелеуге болмайтынығын көрсететін анықтама берілген, олар ата-ана құқықтары баланың мүдделеріне қайшы жүзеге асырылмауға тиіс және ата-ана құқықтарын жүзеге асыру кезінде ата-аналар баланың дене бітімі мен психикалық денсаулығына, оның адамгершілік жағынан дамуына зиян келтіруге құқылы емес [6]. Баланы тәрбиелеу тәсілдері адамның қадір-қасиетін кемсітетін немқұрайлылықты, қатыгездікті, дөрекілікті, баланы қорлауды немесе қанауды болғызбауға тиіс.

Егер де ата – аналар өздерінің кәмелеттік жасқа толмаған балаларын тәрбиелеу бойынша өз құқықтары мен міндеттерін бұзған жағдайда оларға ата – аналық құқығын шектеу немесе одан айыру түріндегі отбасылық – құқықтық жауапкершілік қолданылады.

Біздің пікірімізше ҚР отбасы заңнамаларында ата – аналардың өздерінің кәмелеттік жасқа толмаған балаларын тәрбиелеу процессіне қатысты белгілі бір педагогикалық және психологиялық ұсыныстар берілмеген.

Демек, бала тәрбиесі бұл ата – ананың әрқайсысы өзінің педагогикалық қабілеттері мен дағдыларын, өзінің адамгершілік – құқықтық санасының ерекшеліктерін көрсететін процесс болып табылады.

Тиісінше, Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы Кодексінің 70 бабының 2 тармағынан туындайтындай ата – аналар өз балаларын тәрбиелеу үшін жауап береді. Бір қарағанда бұл нормадан тиісінше тәрбиелемеген жағдайда, мысалы ата – анасы баласына қоршаған ортаға құрметпен қарау дағдысын сіңірмеген болса (БҰҰ «Бала құқығы туралы» Конвенциясының 29 бабы) ата – анаға қатысты отбасылық – құқықтық жауапкершілік қолданылатындай болып көрінеді.

Бұл қате пікір, себебі Қазақстан Республикасының неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы Кодексі ата – аналардың «тәрбиелеу нәтижесі» үшін жауапкершілігін қарастырмаған, жауапкершілік шарасы тек «тәрбиелеу процессі» үшін анықталған кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеудің дұрыс емес, заңсыз, психология мен педагогикаға жат әдістерін қолдану. Сонымен қазіргі отбасы заңнамаларына сәйкес баланың оны тәрбиелеу барысының салдарынан қандай болып шыққаны үшін ата-анасын отбасылық-құқықтық жауапкершілікке тартуға болмайды.

Қолданыстағы отбасы заңнамасында кәмелеттік жасқа толмаған баланың құқығын ең сенімді қорғаудың әдісі ретінде ата-ана құқығынан айыру қабылданған, кейбір жағдайларда ата-аналық

құқықтан айыру баланың толыққанды тәрбие алу құқығын қорғаудың бірден - бір жалғыз әдісі болады.

Ата – ана құқығы бала мүддесіне қарама – қайшылықта жүзеге асырылуы мүмкін емес. Ата – аналар тәрбиелеу құқығын жүзеге асыру кезінде баланың психикалық, дене дамуына, адамгершілік тәрбие алуына зиян келтіруге құқылы емес.

Ата – ана құқығынан айыру институтының әрекеті кәмелеттік жасқа толмаған баланың құқықтарын қорғаумен қоса оның адамгершілік жағына да бағытталған.

Бірінші жағдайда қорғау кәмелеттік жасқа толмаған баланы ата – ана тарапынан болуы мүмкін барлық теріс салдардан қорғау болып табылады, олар баланың денсаулығына орыны толмас зиян келтіруі мүмкін, ал екінші жағдайда адамгершілік саулығына зиян келтіріледі, демек ол тұлға ретінде қалыптасу деңгейі мүлдем төмендейді.

Сондықтан, ата – аналық құқықтан айыру әрине ата – ананың отбасы заңнамасында қарастырылған өз борышын кінәлы түрдегі орындамағаны үшін ең жоғары жауапкершілік шарасы болып табылатынына және баланың құқықтары мен мүдделерін басқа әдіспен қорғау мүмкін емес болған жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін екендігіне ерекше назар аударамыз. Оған тек сот қана және отбасы заңнамасында қарастырылған және белгіленген тәртіппен ғана жол бере алады.

Сонымен қатар, ата – аналық құқықтан айыру тек нақтылы балаға (балаларға) қатысты ғана қолданылуы мүмкін екенін есепке алу қажет. Әлі жоқ балаға қатысты ата – аналық құқықтан айыруға болмайды. Бұл мысалы, егер де өзінің бір немесе бірнеше балаларына қатысты ата – аналық құқығынан айырылған еркек пен әйелде тағы да бір бала туған болса, оған бұрын шығарылған соттың ата – аналық құқықтан айыру туралы шешімі таралмайды және осы балаға қатысты ата – аналар барлық құқықтарға ие болады және өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді атқарады.

Аталған ереже заң шығарушының ата – ананың өз ісінің салдарын сезінетіні және олардың түзетілуі мен іс – әрекеттеріне жауап бере бастауы олардың жаңа туған немесе әлі дүниеге келмеген балаларына қатысты бұрын қабылданған соттың ата – аналық құқықтан айыру туралы шешімінен кейін дүниеге келген балаларына қатысты барлық құқықтары мен міндеттерін сақтап қалу мүмкіндігін береді. Бұл заң шығарушының ата – анаға қатысты ізгілікті және басымдық беретін көзқарастарын дәлелдей түседі, бірақ, сонымен қатар әлі дүниеге келмеген немесе сот шешімі шыққаннан кейін дүниеге келген баланың өмірін белгілі бір деңгейде қатерге тігеді, себебі бұл жағдайда кәмелеттік жасқа толмаған баланың құқықтары толық дәрежеде қорғалмайды.

Қоғамында отбасылық құқықтық қатынастардың осы саласында үлкен мәселелер тудырған елімізде болған әлеуметтік және экономикалық реформалар салдарынан отбасы институты мен бала тәрбиесіне отбасының ықпалының өзінің әлсіреуі үлкен алаңдаушылық тудырады.

Біздің пікірімізше, қалыптасқан жағдайдан шығар жол бар және ол пәрменді құқықтық база құрумен тікелей байланысты, оны құрудың мақсаты қызметін кәмелеттік жасқа толмаған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Ата – ананың бала тәрбиесі бойынша құқығы ата – аналардың өздерінің педагогико – психологиялық әрекеттерімен тығыз байланысты болуы керек, бірақ аталған құқықтың құрамына материалдық қамтамасыз еткізілуді енгізудің қажеті жоқ. Баланы материалдық қамтамасыз ету ата – ананың жеке мүліктік міндеттері болып табылады және тәрбиелеу бойынша жеке мүліктік емес қатынастардың құрамына енгізілмеуі тиіс, сонымен қатар ата – ананың өз баласын тиісінше асырауы тәрбиелеу процессін пәрменді жүзеге асырудың маңызды алғышарттарының бірі болып табылатынын жоққа шығаруға болмайды. Сондай – ақ, ата – аналардың өз балаларын тәрбиелеу бойынша құқықтарының мазмұнының құрамына енетін өкілеттіктердің ата – ананың баласына дене, психикалық, рухани, адамгершілік дамуына, баланы оқытуға, баланың көзқарастарын қалыптастыруға, баланы еңбекке баулуға, өзге балалармен қарым – қатынас жасауға тәрбиелеу, тәрбиелеу барысында балаларға мәжүрлеу шараларын қолдану құқықтары да енгізілуі тиіс екендігін ұмытпауымыз қажет.

Ата – ананың баланы материалдық қамтамасыз етуін ата – ананың өз баласын тәрбиелеу құқығының құрамына енгізу мүмкіндігі жоққа шығарылады, себебі баланы материалдық жағынан қамтамасыз ету ата – ананың жеке мүліктік міндеттілігі болып табылады, алайда біздің пікірімізше, ата – ананың өз баласын тиісінше ұстауы тәрбиелеу процессін нәтижелі жүзеге асырудың маңызды алғышарттарының бірі болып табылады.

Ата – ананың кәмелеттік жасқа толмаған баласын тәрбиелеу құқығының негізі ұғымының құрамына ата – ананың өздерінің адамгершілік – құқықтық әрекеттері арқылы баланың психикасына, оның санасына ықпал ету, баладан қоғамның лайықты азаматы болып өсіп шығуы үшін тиісінше

әрекет етуді талап ету әлеуметтік – құқықтық мүмкіншіліктерді құқықтық жүзеге асыру деп ұғынуды ұсынамыз.

Ата – аналардың құқықтары мен міндеттерін біріктіру мүмкін емес деп есептеуге болады, себебі белгілі бір дәрежеде әрекет ету міндеттілігі құқыққа айналуы мүмкін емес және сол сияқты белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыру құқығы міндеттілік ретінде қарастырыла алмайды. Мұндай жағдайда құқықты міндеттілік жұтып қояды. Ата – аналық құқықтар мен міндеттер біртұтас болып көрінгенімен олар бір бірінен бөлек әрекет етеді және дербес құқықтық санаттарды құрайды, сол себепті олардың табиғи үйлесімділігіне қарамастан ата – аналардың құқықтары мен міндеттері бір бірінен бөлек қарастырылуы тиіс.

Ата – аналық құқықтан айыру деп ата – аналық құқықтық қатынастардың аяқталуын емес, оны өзгерту үшін негізді ұғыну қажет және тағы да бір қоса айтып кеткіміз келетіні ата – аналар өздеріне заң шығарушы жүктеген өз балаларын тәрбиелеу міндеттілігін ұмытпайы тиіс екендігі, себебі адамгершілік жағынан алып қарағанда ол – ата – ананың борышы деп аталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Казанцева А.Е. Ата – аналардың (олардың орынындағы тұлғалардың) бала тәрбиесі бойынша құқықтары мен міндеттері және оны бұзғаны үшін жауапкершілік. - Томск.: Томск университетінің баспасы, 1983. 58 б.
- 2 Нечаева А.М. Отбасы құқығы. Дәріс курсы. 2-ші басылым. - М., 2001. С. 155.
- 3 Қазақстан Республикасының Конституциясы
- 4 Мальцев Г.В. Әлеуметтік әділеттілік және құқық. — М., 1977. С. 56.
- 5 Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы
- 6 Қазақстан Республикасы неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы Кодексі.

УДК 347.61

Разиева Динара Багдатовна

Докторант PhD 2 курса, Казахского гуманитарно- юридического инновационного университета, г.Семей

ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ ПРАВОВОЙ ГРАМОТНОСТИ МОЛОДЕЖИ В ВОПРОСАХ ДОГОВОРНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИМУЩЕСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ В СЕМЬЕ

Мақалада ҚР-ғы неке шартын бекіту мүмкіндігіне жастардың құқықтық санасының құрылу мәселесі қарыстырылған.

Түйін сөздер: неке, отбасы, неке шарты, ерлі-зайыптылар, меншік.

В статье рассмотрена проблема формирования правосознания молодежи в вопросах заключения брачного договора в РК.

Ключевые слова: брак, семья, брачный договор, супруги, имущество.

The article considers the problem of formation of legal consciousness of youth in matters of marriage contract in Kazakhstan.

Keywords: marriage, the family, the marriage contract, the spouses, the property.

Актуальность. На протяжении всего существования и развития человеческого общества, отношение к семье и браку выражает своеобразную духовную трепетность. Семья как особый социальный институт, основанный на сущности человеческой природы, выполняет целый комплекс, необходимых для успешного развития человека, функций: репродуктивных, коммуникативных, воспитательных, хозяйственных, экономических, рекреативных и др.

В то же время, усугубившийся характер условий современного бытия, поставил семью в эпицентр общественных катаклизмов. Переход к рыночной экономике и связанные с ним переоценка традиционных ценностей, негативно отразились на состоянии семьи, её стабильности и потенциале.

За последние годы лидирующей страной по количеству разводов является Португалия, затем Чехия, Венгрия и Испания. Достаточно высокий уровень распада семей в США, Австралии и Канаде. Среди стран постсоветского пространства на первом месте Российская Федерация, за ней следует Украина и Казахстан [1].

В качестве первостепенных причин расторжения брака выступают финансовые противоречия в семье, бытовая неустроенность, неравномерность доходов супругов. Особенно тяжело приходится молодым семьям, где сложности экономического характера накладывают острый отпечаток на

духовную составляющую. Современная молодежь в отличие от предшествующего поколения выставляет на первые позиции вопросы имущественного характера, что свидетельствует о трансформации традиционных установок на брак. В связи с чем, одной из первостепенных задач является не попытка вернуть былые установки, а сгенерировать новую культуру семейных отношений.

Целью исследования выступает разработка рекомендаций по урегулированию имущественных отношений в семье путем заключения договоров и соглашений, что, несомненно, послужит мотивацией создания гармоничных брачных отношений, повышению ответственности супругов друг перед другом, позволит задуматься о вопросах содержания членов семьи, раздела имущества, распоряжения имущественными правами, участие в доходах и т.д.

Методологической основой исследования использованы общие методы эмпирического, теоретического и исторического исследования.

В рамках проводимого исследования был проведен опрос среди студентов Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, прочитаны лекции и проведены семинары - тренинги.

В ходе обозначенных мероприятий обучающиеся были ознакомлены с возможностями договорного регулирования имущественных отношений в семье, видами заключаемых договоров и соглашений, их процедурами. Немаловажное значение имеют результаты опроса молодых людей, что явилось основанием для формулировки соответствующих взглядов на актуальные проблемы современных семейных отношений.

Результаты исследования. Социально-экономическое развитие Казахстана благоприятным образом отразилось на всех институтах государства. Семейное законодательство все больше усиливает диспозитивные нормы, регулирующие отношения между супругами и другими членами семьи, позволяя решать большинство вопросов путем согласования общих интересов.

Сложность правового регулирования семейных отношений заключается в том, что большая их часть, имеющая неимущественную основу, в меньшей мере подвергается правовому воздействию и в большей степени регламентируется нормами морали, нравственности, обычаев и религиозных установок. Вопросы любви и уважения, этики супружеской жизни остаются за пределами права. С помощью законодательства возможно лишь повлиять на имущественную сторону брака, обозначить механизмы допустимого поведения субъектов в нем. В этом аспекте правовое регулирование направлено на укрепление семьи, построение отношений на чувствах взаимопомощи, взаимной ответственности, на создание необходимых для нормального функционирования семьи условий, обеспечение интересов несовершеннолетних, нетрудоспособных и нуждающихся членов семьи.

Ч.2 ст.2 Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье» от 26 декабря 2011 года (*далее – Кодекс*) в числе приоритетных принципов указывает разрешение внутрисемейных вопросов по взаимному согласию [2]. Одним из институтов семейного права, призванного разрешить имущественные споры во время брака и после его расторжения, выступает брачный договор.

Брачным договором признается соглашение лиц, вступающих в брак (супружество), или соглашение супругов, определяющее имущественные права и обязанности супругов в браке (супружестве) и (или) в случае его расторжения (ч.1 ст.39) [2].

В отличие от гражданского права, в семейном праве договоры не выступают юридическим фактом, с которыми закон связывает возникновение семейно-правовых отношений. Чаще они изменяют либо прекращают их. Так, заключая брачный договор, супруги лишь изменяют режим общего имущества, с законного на договорной [3, с.11].

Так, ст.41 Кодекса предусматривает, что супруги вправе изменить установленный режим общей совместной собственности, установить режим совместной, долевой или раздельной собственности на все имущество супругов, на его отдельные виды или на имущество каждого из супругов. В брачном договоре супруги вправе определить свои права и обязанности по взаимному содержанию, способы участия в доходах друг друга, порядок несения каждым из них семейных расходов; определить имущество, которое будет передано каждому из супругов в случае расторжения брака (супружества), а также включить в брачный договор любые иные положения, касающиеся имущественных отношений супругов, а также имущественное положение детей, рожденных или усыновленных в этом браке (супружестве) [2].

В законодательстве Казахстана свобода брачного договора является достаточно относительной, так как пределы его действия имеют границы в виде имущественных интересов субъектов семейного права.

Ч.3 ст.41 регламентирует: брачный договор не может ограничивать правоспособность или дееспособность супругов, их право на обращение в суд за защитой своих прав; регулировать личные неимущественные отношения между супругами, права и обязанности супругов в отношении детей; предусматривать положения, ограничивающие право нетрудоспособного нуждающегося супруга на получение содержания, и другие условия, противоречащие основным началам брачно-семейного законодательства Республики Казахстан [2].

Заключение брачного договора предполагает письменную его форму с обязательным нотариальным удостоверением. Данная норма призвана защитить имущественные права и интересы супругов в современном обществе, так как именно нотариат на сегодняшний день является основным правоохранительным органом, обеспечивающим законность в сфере заключаемых в семье соглашений (брачный договор, соглашение о разделе имущества, соглашение об уплате алиментов и др.). Следовательно, достижение должного уровня соблюдения и защиты семейных прав немыслимо без четко налаженной системы нотариального удостоверения. Нотариус должен разъяснить сторонам смысл и значение представленного им проекта сделки, а также проверить, соответствует ли его содержание действительным намерениям сторон и не противоречит ли требованиям законодательства, обозначить последствия заключения договора, в целях предотвращения признания его недействительным либо причинения сторонам имущественного вреда [4].

Гражданско- правовой принцип свободы договора действует и в отношении брачного договора, позволяя супругам либо лицам вступающим в брак изменить или расторгнуть его по взаимному соглашению в любой момент. Из этого вытекает правила о невозможности отказа от исполнения условий брачного договора в одностороннем порядке, за исключением случаев, предусмотренных Гражданским кодексом Республики Казахстан.

Ст. 42 Кодекса предусматривает, что соглашение об изменении или о расторжении брачного договора заключается в той же форме, что и сам брачный договор [2].

Прекращение брачного договора напрямую зависит от брачного союза, что выступает его спецификой. Прекращение брака влечет за собой прекращение брачного договора. В случае включения в содержание договора обязательств, предусмотренных после прекращения брака, супруги связаны их выполнением на указанные периоды, допустим при предоставлении материального содержания бывшему супругу.

В соответствии со ст. 43 Кодекса брачный договор может быть признан судом недействительным полностью или частично по основаниям недействительности сделок, предусмотренным Гражданским кодексом Республики Казахстан [2]. Имеется в виду общие основания, регламентированные ст.159 ГК РК, такие как несоблюдение предусмотренной формы, недееспособность стороны договора либо нахождение ее под влиянием обмана, насилия, угрозы и др. Недействительными признаются и брачные договоры признанные ничтожными или оспоримыми сделками (ст. 160 ГК РК) [5].

Положительным выступает норма предусмотренная Кодексом, что брачный договор должен быть во всех отношениях разумным и справедливым. То есть, если условия договора ставят одного из супругов в крайне неблагоприятное положение или нарушают имущественные права детей, рожденных или усыновленных в этом браке, суд может признать брачный договор недействительным полностью или частично [2]. Таким образом, положения казахстанского законодательства выполняют и защитную функцию, что выступает гарантией обеспечения прав и интересов несовершеннолетних, нетрудоспособных и нуждающихся членов семьи.

В Казахстане институт брачного договора как альтернатива законному режиму имущества супругов, появился не так давно. Анализ опросных данных дает основание предполагать о низкой правовой грамотности и правосознания молодых людей, обучающихся на неюридических специальностях.

Так, например, среди опрошенных студентов юридического факультета о брачном договоре затрудняются говорить лишь 5%. Остальные студенты владеют достаточной информацией, хотя имеют своеобразный взгляд на возможность его заключения.

«...я слышала про брачный договор из лекций по семейному праву. Думаю, что в Казахстане их не заключают, в отличие от Европейских стран. Там все-таки более благополучное население с высокими доходами...»

«...когда придет пора жениться, я поставлю вопрос перед невестой о брачном договоре. У моего отца семейный бизнес - крестьянское хозяйство, которое кормит наше поколение уже 20 лет. Так вот, я не хочу, чтобы моя супруга потом на него претендовала...»

«...я в брачный договор включу условия про семейные доходы и расходы. Я считаю, что зарплата супругов должна быть индивидуальной собственностью. Кто заработал, тот и тратит. А расходы должны делиться пополам. И покупки осуществляться только с согласия друг друга...».

Студенты неюридических специальностей затрудняются рассуждать о необходимости заключения брачного договора, по таким причинам как отсутствие элементарных знаний, специфика ментальности, неприятия его смысла в нравственном понимании и т.д.

«...я буду заключать брачный договор. Потому что после свадьбы все обязанности по дому перекладываются на женщину - стирка, уборка, готовка и т.д. А мужчины живут в свое удовольствие, и еще ограничивают своих жен во всем. А так, впишу условия в договор, по которому поделю права и обязанности между нами и никаких проблем...»

«...ну какой может быть брачный договор в семье! Семья должна строиться на основе любви и страсти, а не на экономических интересах...»

«...если мой молодой человек предложит заключить брачный договор, я с ним расстанусь. Значит, он не доверяет мне полностью, не хочет обо мне заботиться. Мои родители вместе живут уже около 40 лет, и никаких договоров они не заключали...»

«...я мало что знаю про брачный договор. Наверное, он при разводе составляется?..»

Исходя из этого можно сделать вывод, что в настоящее время существует масса вопросов, требующих оперативного решения в процессе формирования правового сознания. Наряду со многими проблемами выступает такая как правовая безграмотность населения, отрицание правовых принципов, провозглашенных в государстве. Поэтому система образования должна в качестве основной цели выдвинуть воспитание гражданина с твердым правосознанием ориентированным на правовые убеждения и ценностные ориентации современного общества.

В связи с этим предлагается уделить большое внимание таким сферам деятельности как:

1) Просветительской работы по вопросам семейно- брачных отношений, начиная со школьной скамьи, в виде внедрения в старших классах дисциплин связанных с исследуемой проблемой;

2) Обязательным внедрением прохождения специальных тренингов по вопросам заключения брачного договора для лиц, подавших заявление для регистрации брака в соответствующие органы;

4) Разработка адаптированной версии законодательных актов для безграмотных лиц, либо лиц, проживающих в сельских местностях, с бесплатной раздачей брошюр и листовок.

Во всех цивилизованных странах позитивный настрой в отношении брачного договора перестал быть трендовым явлением, и выступает показателем правовой культуры в обществе. В нашей стране остается масса вопросов, требующих оперативного решения в процессе формирования правосознания. Причем акцент нужно делать на молодежь, так как сознание этой социальной группы максимально подвержено влиянию. Это позволит воспитать положительный взгляд на право в среде молодежи, что является залогом формирования свободного гражданского общества, основанного на рыночных условиях.

Список использованной литературы

1. <https://informburo.kz>
2. Кодекс Республики Казахстан О браке (супружестве) и семье от 26 декабря 2011 года № 518-IV //http://adilet.zan.kz
3. Брачный договор (контракт) по семейному праву России: Автореф. Дис.... к.ю.н: 12.00.01 /С. Н. Бондов ; Юридический институт МВД России. -М.,1999. -26 с
4. Закон Республики Казахстан от 14 июля 1997 года № 155-І «О нотариате» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 13.01.2014 г.) //http://adilet.zan.kz
5. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть), принят Верховным Советом Республики Казахстан 27 декабря 1994 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2018 г.) //http://adilet.zan.kz

ОӘЖ 341

Рақымбаева Меруерт Қайратқызы

заң ғылымдарының магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: Абдрахманов Медет Каучерханович

аға оқытушы, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДА БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Халықаралық аренада бала құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге байланысты туындаған теориялық және тәжірибелік мәселелерді кешенді ғылыми зерттеу, оның негізінде туындаған кемшіліктерді жою, ұлттық заңнамаларды халықаралық құқыққа сәйкестендіру бойынша пікірлер білдіріп, жүйелі ұсыныстар беру.

Түйін сөздер: концепция, гуманитарлық, норма, аспект, потенциал.

Всестороннее научное исследование теоретических и практических вопросов, связанных с защитой прав и свобод ребенка на международной арене, на основе которых необходимо разработать и представить систематические рекомендации по устранению недостатков, гармонизации национального законодательства с международным правом.

Ключевые слова: концепция, гуманитарная, норма, аспект, потенциал.

A comprehensive scientific study of theoretical and practical issues related to the protection of the rights and freedoms of the child in the international arena, on the basis of which it is necessary to develop and submit systematic recommendations for the elimination of deficiencies, the harmonization of national legislation with international law.

Keywords: concept, humanitarian, norm, aspect, potential.

Бала құқығы туралы концепцияны жан-жақты талдауға кіріспес бұрын адам құқығы концепциясының жалпы теориялық-құқықтық аспектілеріне біршама толығырақ тоқталып, бала құқығы туралы концепцияны талдау ісіне тұтастай адам құқығы концепциясын талдау арқылы қисынды түрде көшкен қажет деген ойдамыз.

Белгілі болғандай, адам, оның құқығы мен бостандықтары жоғары құндылықтар болып табылады [1, 264 б.].

Балалар құқықтарын қорғау халықаралық қауымдастықты өз маңыздылығымен, көп қырлылығымен XX ғасырдан бүгінгі таңға дейін үнемі алаңдатып отырған мәселе. Балалар қарулы қақтығыстар зардаптарының ең қорғансыз әрі жазықсыз құрбандары болғандықтан, өз жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеше құрмет пен көмекті және қорғанысты талап еткендіктен, халықаралық гуманитарлық құқықтың бірқатар нормалары қарулы қақтығыс кезіндегі балаларды қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Бүгінде халықаралық гуманитарлық құқықтың рөлі мен мағынасы ерекше өзектілікке ие болуда, оның нормалары мен қағидалары соғысушы тараптардың рұқсат етілген және тыйым салынған әрекет ету ережелерін белгілеу және сондай қақтығыстардың құрбандарына, ең алдымен балаларға, мықты қорғанысты ұсыну арқылы қарулы қақтығыстарды тікелей реттеп отырады. Адамның құқығы ажырағысыз. Адамды ешкім оның туа біткен құқықтары – өмір сүру, жеке өміріне қол сұғылмаушылығы, өз тіршілік әрекетінің әдістерін еркін түрде таңдау, ар-намыс бостандығы, пікірі, нанымдары, жеке өміріндегі өзін өзі билеу мен өзге құқықтарынан айыра алмайды. Қазіргі әлемде бостандық, теңдік, әділеттік қағидаларына негізделген адам құқығынсыз елестету мүмкін емес [2, 573 б.].

Бұл ретте адам құқығы концепциясының дамуы бала құқығының ерекше санат ретінде бөлініп шығуына себеп болғандығын ерекше атап өткен жөн. XX ғасырдың басында балалардың құқығы, әдетте, балалар еңбегін пайдалану, балаларды саудаға салу және кәмелетке толмағандардың жезөкшелігі тәрізді орын алған проблемалар шегінде қарастырылған.

Адам құқықтарының кез келген жіктемесі белгілі дәрежеде шартты болып келеді, себебі шамамен алғанда тең болып келетін негіздемелерге ие кейбір құқықтар әртүрлі түрлерге жатқызылып және тіпті бір-бірін қамтып отыруы мүмкін. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары базалық (шеттетілмейтін), негізгі (конституциялық) және көпшілік мойындаған (халықаралық-құқықтық актілерде бекітілген) деп бөлінуі мүмкін [3, 496 б.].

Заңнамалық нормалар негізінде балалар құқығын қорғау шаралары мен әдістері бекітілетін құжаттардың іс жүзінде толыққанды жүзеге асырылмауы қарулы қақтығыс кезіндегі балалар құқықтарын қорғаудың ғылыми зерттелуін, халықаралық тәжірибелерді жүйелеп пайдалануды және сол саладағы мемлекеттік-құқықтық реттеудің қағидалары мен әдістерін арттыруды талап етеді.

Халықаралық қатынастарда бала құқықтары мен бостандықтарын халықаралық-құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге байланысты туындаған теориялық және тәжірибелік мәселелерді кешенді ғылыми зерттеу, оның негізінде туындаған кемшіліктерін жетілдіру, ұлттық заңнамаларды халықаралық құқыққа сәйкестендіру бойынша пікірлер білдіріп, жүйелі ұсыныстар беру.

Адам құқығы мен бостандықтарын қорғау мәселесінің кейбір халықаралық-құқықтық аспектілерін бөлек көрсетіп өткен жөн. Бұл тұрғыда қазақстандық заңгер-ғалым М.А. Сәрсембаев әділ түрде айтып кеткендей, «адам құқығын қорғау мәселесі қазіргі кезде өзекті болып табылуда»

және «БҰҰ өзінің құрылған сәтінен бастап мемлекеттердің адам құқығын қорғау бойынша ынтымақтастық орталығы болып табылуда» [4, 284 б.].

Теория тұрғысынан алып қарағанда, мақалада отандық халықаралық-құқықтық ғылымды дамытуға қосылған елеулі үлес болып табылады, себебі мұнда бейбіт өмірдегі, сондай-ақ соғыс кезіндегі адам құқығы мен бала құқығы концепциясына қатысты доктриналық ережелерді дамытуға ұмтылыс жасалған. Халықаралық қатынастарда балаларды қорғаудың халықаралық-құқықтық аспектілерін зерттеу барысында төмендегідей тұжырым-қорытындыларға келдік:

1. Қазақстан Республикасына Қазақстандағы бала құқығының қорғалуын қамтамасыз етуге ықпал ететін ережелері бар төмендегідей халықаралық келісімшарттарды міндетті түрде бекіту қажет: Барлық қоныс аударушы-еңбекшілер мен солардың отбасы мүшелерінің құқығын қорғау туралы конвенция (1990 жылдың 18 желтоқсаны) және Мемлекетаралық бала асырап алу саласындағы балаларды қорғау мен ынтымақтастық жөніндегі конвенция (Гаага, 1993 жылдың 29 мамыры)

2. Халықаралық гуманитарлық құқық қағидаларының жүйесінде қарулы қақтығыстар кезіндегі бала құқығын қорғаудың жеке, дербес қағидасы ерекше сала ретінде бөлек көрсетілмеген. Осыған орай халықаралық гуманитарлық құқықтың қолданыстағы және мойындалған арнайы жүйесіне «қарулы қақтығыстар кезіндегі баланың құқығы мен бостандықтарын қорғау» қағидасын енгізу туралы ұсыныс жасау қажет деп санаймыз.

3. Қарастырылған ТМД-ның 1993 жылғы «Қарулы қақтығыстардың құрбандарын қорғаудың алғашқы кезектегі шаралары туралы» келісімдерінде «қарулы қақтығыстар құрбаны» ұғымына кімдердің жатқызылғаны нақтылап көрсетілмеген. Осы орайда аталмыш Келісімді «қарулы қақтығыстар құрбаны» ұғымымен толықтырып және қарулы қақтығыстардың потенциалды құрбандары ретінде балалардың құқығын қорғау кепілдігіне арналған жекелеген ережелерді бөліп атап кету қажет деп ойлаймыз.

4. ХҚС-ның Статутын тікелей балаларға қатысты болатын жаңадан үш қағидамен толықтыру: 15 жасқа толмаған балаларды әскери қызметке шақырту және есепке алу немесе әскери әрекеттерде пайдалану; ауруханалар мен мектептерге қасақана шабуыл жасау; және балаларға қатысты елеулі жыныстық күш көрсету актілері Статутқа сәйкес әскери қылмыстарға жатқызылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Международные конвенции и декларации о правах женщин и детей: Сборник универсальных и региональных международных документов / Сост.: Корбут Л.В., Поленина С.В. - М., 1998. - 264 с.

2. Права человека: Учебник для вузов /Е.А. Лукашева. – М.: Издательство НОРМА (Издательская группа НОРМА-ИНФРА-М), 2002. – 573 с.

3. Экштайн К. Основные права и свободы по российской Конституции и Европейской Конвенции: учебное пособие для вузов. — М.: Nota Bene, 2004. - 496 с.

4. Сарсембаев М.А. Международное право. Особенная часть: Учебное пособие. - Алматы: Ғылым, 1999. - 284 с.

УДК 343.9:343.102 (574)

Таир А.

магистрант 1 курса специальности «Юриспруденция», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Научный руководитель: Утебаев Э. К.

кандидат юридических наук, профессор кафедры УПД ЮФ, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

КОРРУПЦИЯ – СОСТАВЛЯЮЩИЙ ЭЛЕМЕНТ СОСТАВОВ ПРЕСТУПЛЕНИЙ ВЗЯТОЧНИЧЕСТВА

Мақалада ҚР ҚК 366, 367 және 368 баптарында көзделген жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың құраушы элементтер құрамы ретінде қысқаша сипаттама берілген.

Түйін сөздер: Қылмыстық кодекс, қылмыстық құқық, сыбайлас жемқорлық, парақорлық, мемлекеттік қызметтегі билік.

В статье предпринимается обобщенный анализ определения юридических признаков составов уголовных коррупционных правонарушений, посягающие на авторитет государственной власти и порядка прохождения государственной службы. В виде примера анализируются составы 366, 367 и 368 УК РК.

Ключевые слова: Уголовный кодекс, уголовный закон, коррупция, взяточничество, авторитет государственной службы

представляет собой механизм госконтроля за соблюдением правил и норм валютного законодательства резидентами и нерезидентами. Как административная мера, предпринимаемая государством для защиты финансовой самостоятельности, обеспечения стабильности денежной системы, укрепления курса национальной валюты и мобилизации валютных ресурсов. А также, как форма нетарифного регулирования внешней торговли, аналогом которой может служить квотирование экспорта.

Выбор форм и методов валютного контроля зависит от особенностей экономического развития различных стран. Валютный контроль активно использовался абсолютным большинством государств в условиях экономических кризисов либо в целях восстановления народного хозяйства (особенно в послевоенный период). Механизм валютного контроля в промышленно развитых странах исторически складывался с учетом специфических условий развития каждой из этих стран [1].

Валютный контроль призван обеспечивать эффективное выявление, пресечение и соответственно предотвращение нарушений валютного законодательства участниками внешнеэкономической деятельности. Однако при проведении валютного контроля следует избегать крайностей в отношении фактического ограничения деятельности добросовестных участников внешнеэкономической деятельности. Налаженная организация валютного контроля представляет собой необходимое условие обеспечения государственных интересов в процессе интеграции Республики Казахстан в международную систему хозяйственных связей.

Список использованной литературы

1. Под ред. Крашениникова В.М. Валютное регулирование и валютный контроль. М: Экономистъ, 2005
2. «О валютном регулировании и валютном контроле» от 13 июня 2005 года № 57
3. Игнатъева О.В. О валютном регулировании и контроле в Республике Казахстан
4. Маргацкая Г.С., Маргацкий Р.В., Маргацкий В.П. Валютные операции. Алматы: Университет «Туран», 2014.

УДК 338.24

Нугербекова А.А.

студентка гр. Э-322, 3 курс, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

Научный руководитель: Аубакиров Ф.М.

магистр экономики, старший преподаватель, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ УСЛУГИ: КАЧЕСТВО ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ НА МЕСТНОМ И ГОСУДАРСТВЕННОМ УРОВНЯХ

Осы мақалада азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсетуді талдау көрсетілген. Алынған статистикалық мәліметтерге сүйенсек, мемлекеттің қызмет көрсету сапасына тұрғындар тарапынан ырзылықты байқауға болады. Сонымен қатар мақалада мемлекет тарапынан қызмет көрсетуді жетілдіру жолдары айтылады. Мемлекеттік аппаратты реформалау және азаматтық қоғамды дамыту контекстінде мемлекеттік қызметтердің сапасына қатысты мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтердің сапасын көтеру бойынша қабылданған шаралар қаралды.

Түйін сөздер: мемлекеттік қызмет көрсету, қызмет сапасы, азаматтар, азаматтарға қызмет көрсету орталығы, мониторинг.

В статье изложен аналитический обзор на предоставление государственных услуг в городе Семей. Приведены принципы на основе которых оказываются государственные услуги. Представлены статистические данные, оценка удовлетворенности граждан государственными услугами. Рассмотрены проблемы эффективности деятельности государственных органов, связанные с качеством оказания государственных услуг в контексте реформирования государственного аппарата и развития гражданского общества, а также меры, предпринятые для улучшения качества оказания государственных услуг.

Ключевые слова: государственные услуги, качество, граждане, удовлетворенность, мониторинг, центр обслуживания населения.

The article provides an analytical overview of the provision of public services in the city of Semey. The principles on the basis of which public services are provided are given. Statistical data are presented, an assessment of citizens' satisfaction with public services. The problems of the effectiveness of the activities of state bodies related to the quality of public services in the context of reforming the state apparatus and the development of civil society, as well as the measures taken to improve the quality of public services are considered.

Keywords: public services, quality, citizens, satisfaction, monitoring, community service centers.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 954 «О системе ежегодной оценки эффективности деятельности центральных государственных и местных исполнительных органов областей, города республиканского значения, столицы» уполномоченный орган по делам государственной службы наделен полномочиями по оценке оказания государственных услуг [1].

Государственные услуги оказываются на основе следующих основных принципов:

равного доступа услугополучателям без какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам;

недопустимости проявлений бюрократизма и волокиты при оказании государственных услуг; подотчетности и прозрачности в сфере оказания государственных услуг; качества и доступности государственных услуг [2].

Для повышения качества государственных услуг и управления процессом их оказания необходимо внедрение эффективного внешнего контроля, что потребует внесения соответствующих изменений в законодательство и определения уполномоченного государственного органа [3]. В настоящее время в городе Семей особую актуальность и социальную значимость приобретают проблемы эффективности деятельности государственных органов, связанные с качеством оказания государственных услуг в контексте реформирования государственного аппарата и развития гражданского общества. На сегодняшний день для экономики Семей имеет большую важность развитие малого и среднего бизнеса. Наиважнейшая задача в этой сфере - повышение качества оказания государственных услуг населению и бизнесу, повышение прозрачности и подотчетности государственных органов в своей деятельности. Данные вопросы являются важнейшими приоритетами и в деятельности органов государственных доходов. В настоящее время достигнуты определенные успехи в реформировании государственной службы, создана законодательная база, определены статус, права и обязанности государственных служащих, регламентированы полномочия государственных органов. Внедрение "электронного Правительства", стандартов предоставления государственных услуг позволит ускорить процесс вступления в мировое сообщество, создаст благоприятные условия для эффективного развития экономических отношений с ведущими странами. Использование опыта зарубежных стран в сфере государственного регулирования создаст предпосылки для повышения конкурентоспособности отечественных предпринимателей, как на внутреннем, так и на внешних рынках [4].

Государственные услуги оказываются через государственные органы, через Центры обслуживания населения и через Портал электронного правительства. Акимом города Семей оказывается 85 видов государственных услуг, при этом заявления на оказание 74 услуг могут быть поданы в государственные органы, 40 услуг можно получить через Госкорпорацию «Правительство для граждан», 50 - через Портал электронного правительства [5].

Всего за 2016 год акимом города оказано 182 356 государственных услуг. За 2015 год оказано 195 764 услуги. На 1 января 2017 года через центры обслуживания населения оказано 50 460 услуг, что составляет 27,6% от общего количества оказанных услуг. Доля электронных услуг, т. е. оказанных через портал электронного правительства – 5% (9 143 услуг). Непосредственно через государственные органы оказано 122 753 услуги, т. е. 67,3% всех оказанных услуг, тогда как 98 271 услуга из них относятся к услугам, оказываемым на альтернативной основе и могли быть получены через центры обслуживания населения и портал электронного правительства.

Наиболее востребованы услуги сфер земельных отношений, ветеринарии, регистрации актов гражданского состояния и занятости. С начала года за услугой «Предоставление земельного участка для строительства объекта в черте населенного пункта» обратились 17 097 человек. На сегодняшний день в очереди на предоставление земельного участка для индивидуального жилищного строительства состоит 23 614 человек. 16 февраля 2016 года приказом Министра по делам государственной службы Республики Казахстан утверждены Правила государственного контроля за качеством оказания государственных услуг, согласно которым проводятся мероприятия по мониторингу качества оказания государственных услуг как внутренней службой контроля аппарата акима города, так и уполномоченным органом по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг. За 2016 год службой внутреннего контроля аппарата акима проведены проверки в 9 учреждениях, оказывающих государственные услуги (в том числе 1 государственное коммунальное предприятие), по итогам которых выработана 21 рекомендация.

С 2011 года в акимате работает Call-центр: позвонив по телефонному номеру граждане имеют возможность задать вопрос и получить разъяснения о развитии электронного правительства и электронных услугах. На сайте акима города имеется информация о состоянии очереди в детский сад, на жилье из государственного жилищного фонда и земельный участок для ИЖС. Периодичность обновления списков – ежемесячно. При этом для получения контента не требуется авторизация или аутентификация, что позволяет обеспечить свободный доступ к спискам всех посетителей сайта. Принимаются меры по созданию комфортных условий для людей с ограниченными возможностями. Все здания госорганов оборудованы пандусами, имеются санитарно-гигиеническое помещения для доступа инвалидов опорно - двигательного аппарата, тактильные средства информации для лиц с нарушением зрения (тактильные таблички с дублированием шрифта по системе Брайля). Установлены визуальные средства информации о предоставлении услуг, стенды с образцами заявлений, перечнем необходимых документов и т.д. Комфортные условия для обслуживания людей с ограниченными возможностями созданы и в отделах филиала РГП «ЦОН» в г. Семей. Акиматом города на постоянной основе проводятся мероприятия по повышению профессионализма специалистов, непосредственно вовлеченных в процесс оказания государственных услуг. По вопросам оказания госуслуг проводятся разъяснительные мероприятия для граждан. Важно отметить снижение количества нарушений сроков оказания государственных услуг. В 2015 году зарегистрировано 30 нарушений сроков оказания государственных услуг, в 2016 году - 8. В настоящее время сфера оказания государственных услуг переживает период интенсивного реформирования, направленного на изменение как количественных, так и качественных характеристик. Так, впервые на законодательном уровне было определено понятие «государственная услуга», утверждены и расширяются реестры государственных услуг, стандарты и регламенты их оказания, начато оказание государственных услуг через ЦОНЫ и портал электронного правительства, разработана Методика оценки качества государственных услуг по формальным показателям [6]. Часть государственных услуг можно получить и с помощью мобильного приложения. С бурным развитием интернета в Казахстане данная услуга будет востребована среди населения. Важным аспектом повышения качества услуг является регулярный общественный мониторинг, обращение к мнению потребителей, с целью выяснения уровня удовлетворенности населения качеством оказания государственных услуг, определения проблем и поиска путей оптимизации данной сферы.

Удовлетворенность государственными услугами измерялась по традиционной методике, включающей шесть показателей: доступность услуги, качество обслуживания, процедура (при получении бумажных документов), информация, результат услуги, оценка электронного формата (оценивались услуги, которые можно получить в электронном виде). Оценка производилась по 10-балльной шкале: 1 – низкий уровень удовлетворенности, 10 – высокий. Общая удовлетворенность государственными услугами по всем параметрам составила 7,9 балла. Самый высокий балл получил показатель «оценка электронной формы» (8,3), самый низкий – «доступность услуги» (7,6).

Для улучшения качества оказания государственных услуг были приняты следующие меры:

1. Разработан план мероприятий по улучшению качества государственных услуг, оказываемых в самостоятельных отделах города;

2. На основании плана мероприятий акимата Восточно-Казахстанской области по итогам оценки эффективности оказания государственных услуг разработан план мероприятий по улучшению показателей результатов оценки качества оказания государственных услуг по акимату города Семей.

3. На сайте акима города размещена информация по государственным услугам: Закон РК «О государственных услугах», Постановление Правительства РК «Об утверждении реестра государственных услуг», стандарты и регламенты государственных услуг оказываемых местными исполнительными органами, публичное обсуждение стандартов государственных услуг, общественный мониторинг качества оказания государственных услуг в ВКО, видеоролик «Как получить электронную государственную услугу», баннеры по оказанию государственных услуг в электронном виде через egov.kz, в отделах оформлены стенды по оказываемым государственным услугам. Жители города через сайт акима города могут посмотреть очередь в детский сад, на жилье и земельный участок.

4. Проводится ежемесячный и ежеквартальный мониторинг качества оказания государственных услуг.

Список использованной литературы

1. Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 954 «О системе ежегодной оценки эффективности деятельности центральных государственных и местных исполнительных органов областей, города республиканского значения, столицы».

2. Закон Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года № 88-V «О государственных услугах».

3. Курс лекций по местному и государственному управлению. Учебное пособие./ Дюсембинова Ж. С., Жомартова Г. С., Семей, 2011.

4. Зарубежный опыт государственного и муниципального управления: Учебное пособие / Б. Т. Закимов, Р. Е. Сагындыкова: Семей: ИД «Интеллект», 2016

5. Официальный сайт акима города Семей, <http://akimsemev.gov.kz>.

6. Курс лекций по муниципальному менеджменту. Учебное пособие./ Курманбаев С. К., Дюсембинова Ж. С., Жомартова Г. С., Курманбаев Т. С., Паницкий А. В., Паницкая Д. С. Семей, 2012.

ОӘЖ 640.432

Оралбеков Асхат Нұржанұлы

Алматы технологиялық университеті, Экономика және Бизнес фак., Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі 14-11 тобының студенті, Алматы қ.

Ғылыми жетекшісі: **Абдилдаева Н.Д.**

аға оқытушы, Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.

ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМХАНАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасының шағын және орта бизнесімен туризм саласын дамыту мақсатындағы басты бағыттардың бірі - ұлттық мейрамханалар. Ұлттың рухани саулығын сақтау үшін ана тіліміз қалай қажет болса, ұлтымыздың тән сұлулығын сақтау үшін ұлттық тағамдарды тұтыну соншалықты қажет. Етек-жеңімізді жинаған 26 жылдық тарихымызда ұлттық асымыз бен сусынымызды кез келген мейраханалардың ас мәзірінде ойып орын алатын уақыт жетті. Осыған байланысты мақалада ұлттық мейрамханалардың маңызы мен қазіргі жай күйіне талдау жасалған. Жекеленген ұлттық мейрамханаларға жекелей тоқталып, ерекшеліктері мен кемшіліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: туризм, мейрамхана, ұлттық тағам, бизнес, Қуырдақтың көкесі, бәсеке, қызмет көрсету.

Национальные рестораны-один из главных приоритетов в развитии сферы туризма через малый и средний бизнес в Республике Казахстан. Примечания национальных блюд важны для сохранения внутренней и внешней красоты, как и родной язык для духовного развития нации. За всю двадцати шести летнюю историю нашей страны пришло время занять особое место казахским национальным блюдам и напиткам в меню наших ресторанов. В связи с этим в статье сделан анализ на нынешнее состояние и важность национальных ресторанов, рассматривая особенности и недостатки некоторых казахских национальных ресторанов в нашей стране.

Ключевые слова: туризм, рестораны, национальное блюдо, бизнес, Қуырдақтың көкесі, сервис.

National restaurants are one of the main priorities in the development of tourism through small and medium business in the Republic of Kazakhstan. Notes of national dishes are important for preserving the inner and outer beauty, as well as the native language for the spiritual development of the nation. For the entire twenty-six years of our country's history, it's time to take a special place in Kazakh national dishes and drinks in the menu of our restaurants. In this regard, the article analyzes the current state and importance of national restaurants, considering the peculiarities and shortcomings of some Kazakh national restaurants in our country.

Keywords: turism, restourant, national foods, business, Kuyrdaktyн kokesi, service.

«Шетелдіктер әдетте еліміздің ерекшелігі туралы көп білгісі келеді. Қалғанының барлығын олар көрді. Олар, Қазақстанға келгенде, мұнда қандай ерекшеліктер бар, соны білгісі келеді. Қараңыздар, бізде қандай мейрамханалар жоқ, алайда ұлттық асхана ақсап тұр. Қазақ мейрамханалары іс жүзінде жоқ».

Н.Ә.Назарбаев


Бүгінгі таңда мейрамханалық кәсіптің дамуы өзекті мәселеге айналды. Себебі мемлекетімізде қызмет көрсету саласы, оның ішінде қоғамдық тамақтандыру саласы өте жоғары қарқынмен дамып келеді. Ал бұл өз кезегінде қоғамдық тамақтану саласына сұраныстың барлығын дәлелдейді. Сұранысқа әсер ететін факторлар – ол халықтың табыс деңгейінің жоғарылауы, халықаралық интеграцияның дамуына байланысты елімізге шетел азаматтарының сапар шегіп келуі және де үй атмосферасы сыртында дем алуға деген қажеттіліктің болуы.

Мемлекеттік стандарттар мейрамхананың көрсетілген жіктемесімен қатар мейрамханалардың келесі типтерін көрсетіге болады:

1. **Ұлттық немесе фольклерлық** – қандайда болмасын ұлттық ерекшелігін, оның мәдениетін, тұрмысын және ұлттық асхана ерекшелігін ескереді. Бұлардың барлығы келесілерден көрініс табады: персоналдың киімі, музыкалық безендіру және шоу бағдарламасы.

2. **Интерьерлік және ландшафтық** – келесі айрықша ерекшеліктері көрінеді: орналасу жері және интерьері.

3. **Музыкалық мейрамхана** – қандайда болмасын музыка түріне мамандырылған.



1- кесте. ҚР облыстар бойынша мейрамханалар саны


Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Ел жұрт жадында мәңгі жатталып қалған «Ас-адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның қалтықсыз түсінігі болып қалыптасқан. Халқымыз адам өмірінде тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Әсіресе, қазақты қазақ қылған ұлттық тағамдарымыздың алар орны ерекше. Демек, ұлт мәдениетіндегі дәм татыру, ұлттық тағам түсінігі – экономикалық, дипломатикалық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған.

Ұлттың ұлт екенін анықтайтын бірнеше белгісі болатын болса, соның бірі де бірегейі ұлттық тағамдар. Қазіргі уақытта осы ұлттық тағамдарымызды көпшілікке ұсынып, дәстүрлі мәдениетімізді жалғастырып отырған ұлттық мейрамханаларымыздың алар орны ерекше. Қазақстанның қай өңірін алсақ та ондағы кәсіпкерліктің көзі болған мейрамханалар саны мен сапасы қарқынды дамып келеді. Соның ішінде ұлттық мейрамханаларымыздың қазіргі жағдайы баршамызды толғандыратыны сөзсіз. Мысалы, ғаламтор беттерінде жарияланған деректерге сүйенсек, Петропавл қаласында «Хан ауылы», «Жеті ырыс» деп аталатын екі қазақша атаулы мейрамхана бар. Павлодар қаласында алпыстан аса мейрамхананың төртеуі ғана («Тамаша», «Ауыл», «Дастархан», «Түркістан») қазақ тілінде аталады. Шығыс Қазақстан орталағы Өскемен қаласында да қазақы атаулы, ұлттық мейрамханасы жоқтың қасы.

Өзге қалаларды айтпағанда, қазақ ұлты мен өзге ұлттардың шоғыры кең түсетін Алматы қаласында төрт жүзге жуық мейрамхананың тек отызы ғана қазақ тілінде аталады. Осы мейрамханалар қазақ тілінде аталғанымен қазақы дәстүрде қызмет көрсетіп, ұлттық тағамдарымызды ұлықтап жүргені шамалы. Бірақ көпке топырақ шашуға тағы болмайды. Осы ретте, Алматының бірнеше ұлттық мейрамханаларына тоқтала кеткім келеді.

2000 жылы ашылған «Жерұйық» мейрамхана – мұражайы еліміздегі дәстүрлі мейрамханалардың бірі. Тұрмыс бөлшектері, қызметкерлер костюмдері, ыдыстар – ерте заманның заттары. Яғни, интерьерінде фольклорлық және қазіргі күйлер үйлесімді ұштасқан. Бірақ бұл жерден тек қазақтың ғана тағамын емес, дүниежүзі халықтарының тағамын табуға болады. «Жерұйыққа» бәсекелес ретінде ашылған «Жеті қазына» мейрамханасы да қазақтың тағамынан бөлек бірнеше елдің ас мәзірін көпшілікке ұсынады. Осыдан кейін баршамыздың санамызда «ұлттық мейрамханаларымыздың өзге ұлттың тағамдарын ұлықтап жатқаны ма?» - деген сауал туындайтыны анық.

Алматы бойынша тек ұлттық ас-дәм ұсынатын бір ғана жерді ауыз толытырып айтуға болады екен. Ол «Кәусар бұлақ» құрамына 5-6 киіз үй кіретін дәстүрлі дәмхана. Шетелден келген қонақтардың көбін осы жерден кездестіруге болады. Өйткені, қазақтың болмысы мен салт-дәстүрі қызықтырып келген өзге ел өкілдеріне бұл нағыз экзотика. Қымыз бен шұбатты ағаш кесемен ұсынып, ұлттық ыстық астан бөлек қазақтың таба наны мен бауырсағын, майы мен қаймағын, құрты мен ірімшігін жер үстелде, буы бұрқыраған самаурынмен әкелген шайын, қазақтың құрақ-көрпесінің үстінде отырып ішсең, байырғы қазақ өміріне сапар шеккендей болады екенсіз. Шіркін –ай, осындай жерлер елімізде көптеп болса ғой!



2- кесте. Алматы қаласында қандай мейрамханалар жетіспейді? атты сауалнамасына респонденттер жауабы

Ал енді Елордамызға келетін болсақ, ұлттық тағамдарымызды дайындап, ағарған сусындарымызды ұсынатын мейрамханалар бұл жерде де санаулы-ақ. Елбасымыздың пайымдауынша да, Астанада ұлттық қазақ тағамдарын ұсынатын мейрамханалар жеткіліксіз. Елбасымыздың өзі үлкен проблемаға айналдырып отырған бұл жағдай барша қазақ еліне ой салар деген сенімдемін. Осы жай мені де қатты толғандырып, ғаламторды ашып Астана қаласындағы ұлттық мейрамханаларды іздей бастадым.

Қазіргі уақытта, көптеген мейрамханалардың ас мәзірінде қуырдақ, бешбармақ, бауырсақ бар. Бірақ, ешқайсысы, комплексті түрде тек ұлттық тағам түрлерін ұсынбайды. Ал «Қуырдақтың көкесі» - ұлттық тағамдарды ғана ұсынатын ұлттық мейрамхана емеспе? Аты айтып тұрғандай ас мәзірінде көпшілік біле бермейтін, көнеден келе жатқан қуырдақтың оннан аса түрі бар. Қуырдақтан бөлек, бидай көже, сары май, бал қаймақ, таба нан, шалап сияқты дәмді әрі құнарлы ұлттық өнімдерді ұсынады.

Иә, елдегі ұлттық мейрамханаларымыздың жай-жапсары осы. Қазақстан қалаларында әлі де болса ашылмай жатқан ұлттық мейрамханаларымызға Лондандағы «Дастархан» мейрамханасын үлгі етуге болады. Қазақтың ұлттық тағамдарын шет елге танытып отырған Ұлыбритания астанасындағы тұңғыш мейрамхана. Өзімізде шет елге барсақ сол елдің ұлттық асханасы мен тағамдарын іздейтінміз шындық. Бірақ, біздің ұлттың тұтынатын құнарлы, дәруменге бай тағамдарын басқа жерден кездестіру қиын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. С.Кенжеахметұлы «Қазақтың дархан дастарханы»
2. Stutan.ru мейрамханаға келушілерге қызмет көрсетуді ұйымдастыру.
3. Культура ресторанного сервиса: Оқу-әдістемелік құрал / Федцов В.Г. - М.: «Дашков и К», 2010 жыл.
4. restoran.kz

ОӘЖ 81.38

Айтқазина Б.Е.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті 2 курс магистранты, Семей қ.

**ӘНГІМЕЛЕУ МӘТІНІН СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЖАҚТАН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІГІ**

Мақалада әңгімелеу мәтінін стилистикалық тұрғыдан ұйымдастырудың жолдары талқыланады.

Түйін сөздер: Мәтін, стиль, композициялық-сөйлеу формалары, тілдік жүйе, синтаксистік құрылым, лингвистика, көркем мәтін.

В статье рассматриваются способы организации текстов рассказа

Ключевые слова: текст, стиль, композиционно-разговорные формы, языковая система, синтаксическая структура, лингвистика, художественный текст.

The article deals with ways of organization of text of story from the stylistic point of view

Keywords: Text, style, compositional speech forms, language system, syntaxes structure, linguistics, literary text.

Жалпы мәтін – адамзаттың тілдік қарым-қатынасындағы алғышарттар мен оның ұйымдастырылу ұстанымдары туралы ғылым. Мәселе төңірегіндегі қарқынды да жемісті ізденістер дәстүрлі тілдік лингвистикадағы стилистика, соның ішінде көркем әдебиет, ғылыми стильдер саласында жүйелі сипат алып келеді. Мұны сан алуан көзқарастар мен ұстанымдарды, қағидалар мен тұжырымдамаларды тірек ететін ғалым-мамандардың тақырып төңірегіндегі өзекті мәселелерге арналған ғылыми еңбектерінен, монографиялар мен ғылыми-танымдық мақалалардан, оқу құралдарының жарық көруімен, сондай-ақ мәселенің даму бағдарына арналған конференциялар мен симпозиумдардың өткізіліп жатқанынан бағалауға болады. Тіл зерттеушілерінің мәтін мәселесіне деген бетбұрысы олардың жалпы тілдік сана мәселесіне деген ықыласын аңдатады. Мұның астарында тілдік тұлға мен адамзаттың әлемдік образын ашу, таңу ниеті жатқаны жасырын емес. Себебі, әрбір мәтінде тілдік жүйеден хабары бар тілдік тұлғаның әрекеті орын алады.

Композициялық-сөйлеу формаларының әрқайсысы тұтас шығарманың көркемдігін жасауға қатысатыны анық, алайда осылардың қайсысы қаншалықты және қалай автордың көркемдік дара стилін жасауға үлес қосатындығы зерттеуді әлі де қажет ететін үлкен маңызды мәселе болып табылады [1, 8 б.].

Әңгімелеу мәтіндері синтаксистік құрылымы жағынан басқа мәтін түрлеріне ұқсамайды. Оның лексика-грамматикалық құрылымдарының өзгешелігі әр автордың сөз баяндаудағы стиліне өзінше реңк береді.

Көркем шығарма негізінен көркемдікті суреттеуге құрылатындықтан онда суреттеу мәтіндері басым болып жататындығы заңды құбылыс. Тіпті қазақ әдебиетінде тек суреттеу мәтіндерінен ғана тұратын көркем туындылар бары белгілі. Мәселен, М. Әуезовтің «Қырдағы сурет» әңгімесі осының жарқын үлгісі бола алады. Осы сияқты тек әңгімелеу мәтіндерінен ғана тұратын көркем шығармаларды атауға болады. Көркем туындылардың ішінде ертегі, мысал жанрындағы шығармаларда әңгімелеу мәтіндері басым болып жатады. Себебі кішкентай оқырмандарға арналған бұл шағын жанр шығармаларында оқиғаның, ойдың бірізділігі қатаң сақталады да, оқушыны өзіне оңай ілестіріп отырады. Мысалы:

«1) Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. 2) Олардың үш баласы, бес ешкісі бар екен. 3) Бір күні үлкен баласы басқа жерден пайда кәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген енші ешкісін сойып алып, етінен кемпір мен шалға бір түйір де берместен арқалап кетіпті. 4) Келе жатса бір өнерші байдікіне келеді. 5) Бұл байға өнер үйренуге ол жігіт жалданыпты» (Ы. Алтынсарин. «Тазша бала» ертегісінен).

Мұндағы етістік сөздердің -ып/-іп/-п көсемшелі тұлғасы тек қана оқиғаның өткен шақта болғанын білдіріп қана тұрған жоқ, оқиғаның бірізділігін, бірінен кейін бірі болғанын білдіріп тұрған ертегі жанрына тән ерекше стильдік элемент. Бірінші сөйлемнің аяқталуы мен екінші сөйлемнің басталу сипатына да ерекше жанрлық-стильдік ерекшелік тән:

арқалап кетіпті → келе жатса – лексикалық қайталау;

бір шал мен кемпір болыпты → олардың – жіктеу есімдігі;

өнерші байдікіне келеді → бұл байға – сілтеу есімдігі;

Мұндағы бір сөйлем мен екінші сөйлемді мағыналық және құрылымдық жағынан байланыстырушы тәсілдер жалпы әңгімелеу мәтінде ерекше белсенділікпен қолданылады. Осындай тәсілдердің арқасында әңгімелеу мәтіндері ауызша әңгімелеу стиліне жақын тартып тұрады. Осы сияқты ерекшелікті мына мысалдан да байқауға болады:

Сонан соң бұлар бір үлкен көп ағаш көріп, соған келіп кіріпті де, өзі аралап ағаштың ішіне жүре беріпті. Сөйтіп жүріп бір ақ отау көріпті де, оған келіп кіріпті. Кіріп біраз отырған соң, екі пері қызы ұшып келіп, сол үйдің төбесіне қонып отырып, екеуі бір-біріне айтыпты (Ы. Алтынсарин. «Алтын-Айдар» ертегісінен).

Жоғарыда келтірілген ертегі шығармалардағы әңгімелеу мәтіндерінде автор бейнесінің III жағы айрықша стильдік қызметте келеді. III жақ әрдайым бақылаушы, соның арқасында тыңдаушы оқушы да сырт бақылаушы рөлінде көрінеді. Шығарма бойынша шығатын ой қорытындысы мен тұжырымдар сол бақылаулардың нәтижесінде синтетикалық сипатта жасалады.

«Автор образы – тіл жағынан алғанда көркем шығарманың мағыналық стильдік дiңгегі... «Автор образын» анықтау дегеніміз – сол шығарманы стилистика тұрғысынан талдау деген сөз. «Автор образын» шығарманың баяндау стилінен, диалогтар мен монологтерді беру үлгісінен, экспрессивтік-стильдік элементтерінен көріп, тануға болады» [2, 124 б.].

Автор бейнесі арқылы баяншының тілдік тұлғасы көрінеді дейтін болсақ, ертегі жанрындағы шығармаларда әңгімелеуші-халықтың тілі шынайы көрініс табады.

Демек, кез келген мәтіннің өзіне тән баяндалу ырғағы мен интонациясы болады және ол өз кезегінде көркем мәтіннің эмоционалды-экспрессивтік ұйымдасуына ықпал етеді. Осылайша мәтін интонациясы мен ырғағы оның эмоционалды-экспрессивтік қасиет-сапасын жасауға қатысады. Олардың көркем мәтінде түрліше қолданысы оның жанрлық ерекшелігіне де байланысты болады екен.

Әңгімелеу мәтіндерінде суреттеуге қарағанда эпикалық баяндау тәсілі басым болса, суреттеу мәтіндерінде драмалық және лирикалық баяндау тәсілі басымырақ болып келеді. Осының барлығы мәтіннің стилистикалық тонына айрықша ықпал етеді. Шығарманың стилистикалық тоны дегенде туындының жалпы эмоционалды ауаны, шығарманың көңіл-күйі айтылады. Адамның көңіл-күйі сияқты шығарманың да адамға сыйлайтын көңіл-күйі болатыны белгілі. Шығарманың стилистикалық тоны оның интонациясынан, сол арқылы танылатын ырғақтан анық көрінеді. «Интонация - сөйлемге тән белгілердің бірі. Интонация - сөйлемнің органикалық элементі. Сөйлем жеке сөзден де, сөз тіркесінен де құрылымдық үлгісі жағынан ажыратылады. Жеке сөздер немесе сөз тіркестері кейде сөйлем түрінде жұмсалуды үшін міндетті түрде сөйлемге тән интонациямен айтылуы шарт. Сонда ғана олар сөйлем ретінде ұғынылады. Мысалы: Түн. Вокзал. Қаптаған жүргіншілер» [3, 216 б.].

Көркем прозаға тән ырғақ өлеңге ұқсамайды, бірақ ол да мәтіннің көркемдік тұтастығын жасауға, эмоционалды-экспрессивті бояуын жеткізуге үлес қосады. Әрбір композициялық-сөйлеу формасының өзіне тән стильдік интонациясы, ырғағы бар. Суреттеуде ырғақ кеңістікті бейнелесе, әңгімелеу уақыт ырғағын, ал ойталқы логикалық құрылымдардың ырғағын бейнелейді. Ырғақ мәтіннің мазмұнына, ондағы автордың ойына қарай тез немесе баяу, орташа болады. Жоғарыда келтірілген үзінді-мәтіндердің ырғағы орташа. Бұл мәтіннің ырғағына қарама-қарсы Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдатты» романының алғашқы бастамасының ырғағы айқын мысал бола алады. «Сөйлеушінің эмоциясын білдіру және сөзге белгілі бір тон үстеу сияқты қызметтердің» мәтін мазмұнына тән құбылыс болып табылғандығын И.Р. Гальпериннің зерттеулерінде айтылған болатын. [4, 147 б.].

Сол сияқты көркем мәтін мазмұны оның эмоционалды-экспрессивтік сипатына қарай «салтанатты», «байсалдылық», «риторикалық көтеріңкілік», «метафоралық бояулы», «қатаңдық», «көтеріңкілік» т.б. ырғақты, интонациялық болып келеді. Жалпы шығарма мазмұнының интонациясы мен ырғағы осындай түрлі көңіл-күй тудыратын ырғақ пен интонациялардың жиынтығынан тұрады.

Көркем шығармада жұмсалатын әңгімелеу мәтіндерінің ұйымдасу ерекшелігіне қатысты мынадай тұжырымдар жасауға болады:

-әңгімелеу мәтіндері бірыңғай құрылым, композиция бойынша жасалғанмен, көркем шығармада ол стилистикалық жағынан әр түрлі болып ұйымдасады да көркем шығарманы құраушы әрі тілдік, әрі стилистикалық мүше ретінде қызмет атқарады;

-әңгімелеу мәтіндерінің ұйымдасу ерекшелігі тұтас шығарманың стилистикалық композициясына әсер етеді, шығарманың өзіне тән «мінезін», «көңіл-күйін», интонациясы мен ырғағын қалыптастыруға қатысады;

-көркем шығармадағы әңгімелеу мәтіндері кейіпкердің бейнесін сомдауға, ішкі сезім-күйлерін суреттеудің тәсілі ретінде де жұмсалады;

-осылардың барлығы жиналып келіп, әңгімелеу мәтінінің эмоционалды-экспрессивтік ерекшелігін жасайды.

Көркем шығармадағы әңгімелеу мәтіндері басқа да мәтін түрлерімен араласып жұмсалынады. Шығармадағы әрбір композициялық сөйлеу формасы оған өзіне тән көңіл-күй қосады дейтін болсақ, көркем шығарма мәтінінің қаншалықты эмоционалды-экспрессивтік, стилистикалық құрылым екенін түсінеміз.

Осылайша көркем шығарма түрлі ырғақтан туындайтын ерекше көңіл-күйлер мен сезімдердің жиынтығы деген ой айтады. Бұл көркем шығарманың түрге, сезімге бай өзіне тән қасиетін танытады.

Жоғарыдағы ойды жалғастырар болсақ, ертегі мәтіндеріндегі әңгімелеудің шолақ қайырылып отыруы және сөздерінің қайталанып берілуі оған тән көтеріңкі көңіл-күй беріп, оқырманның қызығушылығын оятап отырады. Әңгімелеу мәтіндерінің ертегіде молынан қолданылуы ондағы оқиғаның тыңдарман үшін жасырын түрінде берілу мақсатына қолайлылығында болса керек. Бірінен кейін бірі туындап отыратын оқиғаның ақыры не болатындығы жұмбақ түрінде беріледі. Ертегі мәтініндегі әңгімелеудің лексика-грамматикалық ерекшелігі ертегідегі «әженің тоқитын жібі сияқты бірізді» болып келеді. Бұл оның баяндау тіліне тән эпикалық тәсілдің стилистикалық күш-қуатын көрсетеді. Эпикалық баяндау тәсілі мен драмалық баяндау тәсілін салыстыратын болсақ мынадай айырмашылықтарды байқауға болады:

<i>Эпикалық баяндау</i>	<i>Драмалық баяндау</i>
1) Оқиға туралы әңгімелейді	1) Оқиғаны жай әңгімелемейді, тыңдарманды баурайды
2) Оқырман бақылаушының ролінде болады	2) Оқырманды баяндаушы болуына ықпал етеді
3) Шығарма бойынша тұжырым шығарады	3) Шығарма арқылы сезімді оятады
4) Нақты бір білім, ақпарат береді	4) Түрлі көңіл-күй туралы хабарлайды
5) Тыңдарман оқиғаға өзінің бағасын береді	5) Тыңдарман оқиғаға қатысушы ролінде болады
6) Өзіндік ойқорытындыларға түрткі береді	6) Өзін сендіруге түрткі береді
7) Сезім арқылы нақты тұжырым жасалады	7) Эмоция эмоция түрінде қалады
8) Тыңдарман оқиғаның өтуін қызыға бақылайды	8) Тыңдарман оқиғаның соңын қызыға күтеді
9) Қоршаған дүниенің қандай болатынын көрсетеді	9) Қоршаған дүниенің қандай екенін тура көрсетеді
10) Оқиғаның себебі мен салдарын көрсетеді	10) Адамның сезім, көңіл-күйлерін көрсетеді

Мұндай баяндау тәсілінде берілген әңгімелеу мәтіндеріндегі оқиға тыңдарманның көріп-білу сезіміне негізделген. Сондықтан берілген мәтіндердегі қайталанатын сөздер тек оқиғаның бірізділігі үшін ғана емес, ондағы нақты қимыл-суретті, бейнені қиялда үлкейтіп елестетіп көру үшін де қолданылады.

Ертегі жанрындағы әңгімелеу мәтіндерінің тәлім-тәрбиелік мәні онда баяндалған оқиға бойынша жасалатын салмақты, өмірлік тұжырымдардан көрінеді, сондықтан оның лирикалық эмоционалдылығынан эпикалық салқынқандылығы басым деп айтуға болады. Лирикалық және драмалық баяндау тәсілінде баяншының өзі оқиғаға толық немесе жартылай араласуы мүмкін. Ертегі жанрындағы мәтіндерде баяншы-халықтың тілі де, психологиялық, танымдық мазмұны объективтендірілген, типтендірілген.

Әңгімелеу мәтіндерінің ертегі шығармаларындағы ерекшеліктері оның жанрлық-стильдік қолданысына байланысты қалыптасқан. Әңгімелеу мәтінінің кең көлемді эпикалық шығармалардағы қолданысы бұдан күрделірек болатыны анық, себебі онда автордың дара стилінің объективті және субъективті қырлары тоғысып жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мәретбаева.М.А. Әңгімелеу мәтінінің тілдік-стилистикалық сипаты/ Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. 2008, 24 б.
2. Шалабай Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 124-б.
3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. А:Мектеп, 1972. 216 б.
4. Гальперин И.Р. Сменность контекстно-вариативных форм членения текста // Русский язык: Текст как целое и компоненты текста. М, 1982. Стр 147

Джанабиллова А.Р.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің 2 курс студенті, Семей қ.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада қазақ балалар әдебиетінің кейбір мәселелері мен қазақ балалар әңгімелерінің жанрлық сипаты талданады.

Түйін сөздер: жанр, сюжет, новелла, очерк, проза, шеберлік, портрет.

В статье анализируются некоторые проблемы казахской детской литературы и жанровое описание казахских детских рассказов

Ключевые слова: жанр, сюжет, новелла, очерк, проза, мастерство, портрет.

The article deals with some problems of Kazakh children literature and genre description of Kazakh children stories

Keywords: genre, plot, novel, essay, prose, art, portret.

Қазақ балалар әдебиеті осы кезеңге дейін сан тараптан кеңінен талданып келгенімен, оның ішінде шеберлікті қажет ететін шағын прозалық түр ретінде әңгіме жанрының қыр-сыры жүйелі, тереңнен талданып, жаңа ғасырдың тезінен өтіп, арнайы зерттеу нысаны болған кезі өте аз деп есептелінеді. Сондықтан да, алдымен балалар әдебиетінің зерттелу деңгейіне шолу жасасақ, бұл саладағы алғашқы ізденістер ХХ ғасырдың 30 жылдарынан басталады. Ал ғылыми зерттеу ХХ ғасырдың елуінші жылдарынан бастау алады.

Қазіргі таңда балалар әдебиетінің кейбір мәселелері диссертация көлемінде зерттеліп жүр. Өткен ғасырда академик С. Қирабаев, сыншылар Ө. Бөпежанова мен З. Серікқалиев мақалалары, балалар әдебиетін зерттеген Ш. Ахметовтың монография, монографиялық очерк кітаптары, С. Өскенбаевтың қазақ балалар прозасының даму жолдары туралы (1970), К. Нұғыбаеваның 70-80 жылдардағы балалар әдебиетінің кейбір мәселелері, тілі туралы (1984), Ө. Өтегенованың қазақ балалар әңгімесінің көркемдік ерекшеліктеріне арналған диссертациялары (1992), ақын Қ. Мырза Әлінің «Сөз сиқыры», К. Матыжанның «Балалар фольклорының этнографиялық бастаулары» (1995), Б. Ыбырайымның «Ой мен сөз», «Сырлы әлем» еңбектері, Қ. Ергөбектің «Мейір гүлденген жүрек» мақаласы, балаларға арналған туындылардың ерекшеліктері, көкейкесті мәселелері туралы «Сөзстан», «Мейір шуағы», «Қазақ совет балалар әдебиеті», «Арыстар мен ағыстар» еңбектері, қазақ балалар прозасындағы өрлеу, өсу туралы «Ақ кеме алыстап барады» мақаласы, Б. Кенжебаевтың ауыз әдебиеті мен балалар әдебиетінің байланыстарына арналған «Көне дәуірдің көркем мұрасы» атты сұхбаты, бүгінгі балалар прозасындағы рухани, эстетикалық даму мен ұлттылық мәселесін байланыстыра зерттеген Б. Ыбырайымның «Қазіргі қазақ прозасы және рухани эстетикалық даму мәселелері» атты докторлық диссертациясы, А. С. Ахтанованың «Қазіргі қазақ балалар драматургиясы» (2003) атты кандидаттық диссертациясы, Ж. А. Рүстемованың «Қазақ балалар прозалық әдеби ертегісі» атты диссертациясы, Б. Қ. Қапасованың «Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы» (1960-90) атты кандидаттық диссертациясы, Г. К. Қажыбаеваның «Қазіргі қазақ балалар поэмасы» атты кандидаттық диссертациясы, Б. Ө. Ақышеваның «Балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесінің жасалуы» атты кандидаттық диссертациясы балалар әдебиетінің зерттелу барысын көрсетеді. Көріп отырғанымыздай, балалар әдебиетіндегі проза жанрының зерттелмеген мәселелері баршылық, әлі де болса әңгіме жанрының жүйелі сараланбағаны көрініп тұр. Сонымен қатар, Ж. А. Рүстемованың «40-50 жылдардағы қазақ балалар әдебиетінің зерттелуі» атты мақаласы аталған кезеңдегі балалар әдебиетінің зерделену деңгейін талдауға арналған. Мақалада С. Қирабаевтың «Қазақ совет балалар әдебиетінің кейбір мәселелері», З. Серікқалиевтың «Балалар поэзиясы туралы», Ө. Тәжібаевтың «Жас ұрпаққа жақсы әдебиет жасайық», С. Ордалиевтің «Балалар драматургиясының жайы» (1964), А. Нұрқатовтың «Балалар прозасы» (1965) мақалалары негізінде балалар әдебиетінің өсіп-өркендеу жолы мен жалпы даму бағдары қарастырылған.

Балаларға арналған газет-журналдар, «Қазақ балалар кітапханасы» шығармалар жинағы, 1965 жылы шыққан «Қазақ-совет балалар әдебиеті» (библиографиялық анықтама), 1977 жылы тұңғыш рет шыққан «Қазақ балалар поэзиясының антологиясы», балалар әдебиеті қаламгерлерінің шығармаларына арналған 1980 жылғы «Сөзстанның» 4-кітабы, 1986 жылы шыққан «Сылдырап өңкей келісім» өлеңдер жинағы, т.б. еңбектер балалар әдебиетінің 60 жылдардан бері қарай даму бағдарын көрсетеді.

Қазақ балалар әдебиетінің тұңғыш үлгілері, балалар әдебиеті ғылымының алғашқы қалыптасуы педагог, жазушы, аудармашы, «балалар әдебиетінің атасы» атанған – Ы. Алтынсарин есімімен

тікелей байланысты. Оның өнер-білімге тәрбиелейтін, этикалық-эстетикалық тәрбие беретін өлеңдері мен әңгімелері ауыз әдебиетінен, фольклордан балалардың тіліне, ұғымына лайық шығармаларды іріктеп, орыс балалар әдебиетінен қысқа да қызықты әңгімелер аударып, құрастырып шығарған оқулығы балалар әдебиетін және оның ғылымын қалыптатырудың негізі болмақ. Ы. Алтынсариннің «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы» (1879) – қазақ балалар әдебиетінің тұңғыш классикалық жинағы.

1912 жылы орыс ақын-жазушыларының мысалдарын қазақ тіліне аударып, С. Көбеев «Үлгілі тәржімә», «Үлгілі бала» оқулығын шығарып, балалар әдебиетінің қалыптасуына үлес қосты.

Әңгіме ұғымының жанрлық сипатын айқындайтын болсақ, «Әңгіме – бұл қысқа новелладан гөрі сюжет арқауы қиындау құрылатын, өмір құбылыстарын ықшамдап түйгенімен, оған терең мағыналы идея сыйғызып, болмысты сатылатып, дамытатын өте елгезек, икемді форма. Негізгі мақсат – бір ғана мәселенің, бірер ғана кейіпкердің төңірегіне бағыныңқы болу. Әңгіме жанрының өзіне тән басты қиыншылығы сол, ол қашанда қиыннан қиыстырып, қысқа жазылады» [1, 214 б.]. Жанр – тек типологиялық қана ұғым емес, ол – әрі тарихи ұғым, құбылыс, категория. Сондықтан жанрды зерттеу үшін оның қашан, қай дәуірде пайда болғанын анықтау аса маңызды. Өйтпеген жағдайда зерттеп отырған жанрдың басқа жанрлар арасындағы ролі мен орнын, маңызын ашу, сондай-ақ оның өзіндік қасиеттерін анықтау оңай емес.

«Әңгіме жанрына ықшамдылық жарасады. Соның өзінде етек жеңнің қысқалығы емес, бойға шақ қонымды болуы керек» [2, 240 б.].

«Әңгіме жанры бір ғана көңіл-күйдің, эмоцияның, бір мұраттың жемісі» [3, 12 б.].

Жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келе, әңгіменің өзіндік ерекшелігін З. Қабдоловтың Паустовскийдің мына сөздеріне сыйғызған тұжырымын негізге алуға болатын сияқты: «Әңгіменің ең елеулі ерекшелігі – жинақылығы, ал «нағыз күшті, нағыз құдіретті проза – жинақы проза», одан басы артық айтпауға болмайтын шындық қана қалған... Жинақылық – мұқият мықтының ісі» [4, 360 б.].

Сонымен, әңгіме – көркемдік мүмкіндігі бай жанр. Проза жанрының өз тарихы, даму жолдары бар және оның өмірге келуі, қалыптасуы әр ел әдебиетінде әрқилы. Жалпы әлем әдебиеті қисынында (оған дейін «новелла» деп келген, кейінгілер бірде әңгіме, бірде новелла деп алмастыра айтып кету себебінің бір ұшығы осыдан болса керек), «әңгіме» термині өз құқығын 1830 жылдан бастап алған болатын. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқышында» ұсақ әңгіме деп бөліп атаған.

Т. Нұртазин әңгіме – жауынгер, барлаушы, жалынды жанар дей келе, күнделікті өмір тынысын көркем баяндайтынына тоқталған. Бұған қоса, әңгімені оқу үшін көп уақыт керек емес (Эдгар По пікіріндегідей) [5, 372 б.]. Қазақ әңгімелері қалай дамуда? Шағын жанрдың әдебиеттегі орны қай деңгейде? Бұл сұрақтарға жауап ретінде әңгіме жанрының кішілігі, шағындығына қарамай, өмірдің үлкен мәселелерін көтеретіндігі айтылады. Сондықтан әңгіме прозаның ең қажетті, бөлінбес бөлігі екендігі дау тудырмайды.

Әңгіме жанрының біртіндеп толысып, толығыуы – заңдылық. Бұл жерде З. Қабдоловтың «әңгіменің жанрлық табиғаты құбылмалы» деген пікірінің зерделі айтылғанын атап өту керек. Себебі, әңгіме жанрының табиғаты – шығармашылық ойдың, сергек сезімнің, ұшқыр қиялдың ұштасуына тәуелді болады. Ал, сіңісті қағидаларды өзгеріске әкелетін жайт – жазушы шеберлігі екендігі әдебиетшілерге аян. Бұдан келіп шығатын түйін: әңгіменің табиғатын тап басып айтқан анықтамалар мен оның жанрлық ерекшеліктерін айқындайтын қисындар осындай әдеби ілгерілеудің нәтижесінде үнемі жаңаланып отыруы тиіс.

Жалпы әңгіменің түрлерін шартты түрде сипатына, тақырыбына, жанрлық ерекшелігіне қарай үш топқа бөлуге болады. Сипатына қарай: әзіл, романтикалық, реалистік, қызықты оқиғалы. Тақырыбына қарай: философиялық, тарихи, автобиографиялық, сатиралық, психологиялық, символдық, көңіл-күй (лирикалық), фантастикалық. Жанрлық: әңгіме-очерк, әңгіме-монолог, қысқа әңгіме (этиюд), аңыз әңгіме т.б.

С. Қасқабасов: «Сөз жоқ, әр жанрдың қалыптасқан, тұрақталған белгілері болады. Ол көп жағдайда шығарманың композициясында, сюжеттік құрылымында, баяндау «пішіні» мен көркемдеу құралдарында сақталады» [6, 293 б.], – деуі, Чеховша айтқанда, әңгіме құрылысында сюжет желісі, баяндау айрықшалығы, кейіпкерлерді даралауда тепе-теңдік ырғағы сақталуы және өте таныс көркем мәтіннің өзін оқи келе жаңа қырларын тануға мүмкіндік, Қабдоловша түйіп ескерсек, әңгіме – әсем жанр екендігі мен жазушы-әңгімешіге берілген талап биігінен шығу сыны тұрады.

«Әңгіме – көркемдік қиюы оңайшылықпен табылмайтын қиын жанр», – деген сыншы С. Әшімбаев пікірімен толық келісуге болады.

Әңгіме шындық пен өмір құбылыстарының концептуалдық көріністері мен түсінігін анықтайды. Шағын жанрға жүгіну – кейіпкердің қоршаған орта мен ондағы өзінің орны жайлы

көзқарастарын қалыптастыратын тәсілдер мен жағдайларды анықтап, кейіпкердің өзіндік дамуының динамикасын, ересек адамдармен қарым-қатынасын бақылауға мүмкіндік береді.

«Әңгіме – шеберлік мектебі», сондықтан балалар әдебиетінде әңгіме жанры әрі қиын, әрі қызықты жанр болып саналады. В.Г. Белинскийдің «должно родиться, а не сделаться детским писателем» деген сөзіне сүйенсек, жазушы болу оңай емес, ал балалар жазушысы болу үшін тіпті, табиғи талант керектігін айтамыз.

Кенес дәуірінде еңбек тақырыбы басты тақырыптардың бірі болғаны белгілі. Жеткіншектің жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы еңбектің ролін, жас кейіпкер мен еңбектің арақатынасын тиісті дәрежесінде суреттеп жазу – қаламгер үшін жауапты міндет болған. Б.Ө. Ақыш осы талапқа сай жазылған балалар шығармалары, ең алдымен, интернационализмді, патриотизмді, қоғамдық еңбекті, мемлекеттік билікті мақтауға тиісті болғандығын айтады [7, 279 б.].

Балалар жазушысы болу оңай еместігін ескерсек, қаламгерлердің балалар әдебиетіне неліктен бет бұрмайтыны белгілі болады. Әңгіме – шағын жанр, ал шағын жанр қиын болуы себепті балалар әңгімесіндегі кейіпкердің атқарар ролі де салмақты. Өмірдегі бір сәттік оқиғаны немесе бір жағдайға байланысты болған ситуацияны алып, сол арқылы характер жасау, характерді әрекет, үстінде ашу шеберлікті қажет етеді. Себебі «Характер дегеніміз геройдың әдеби портреті деген сөз емес, оны портрет жасағандай жасауға болмайды. Ол басқа кейіпкерлермен қарым-қатынас үстінде көрінеді» [8, 109 б.]. Яғни кейіпкер характері жалғыз тұрғанда ашылмайды, характерді ашатын нәрсе ол – қарым-қатынас, әрекет. Сондықтан жалаң баяндауға салынып кетпей, кейіпкерді іс-әрекет арқылы ашып, оқырманға әсер ете білу, осының бәрін бір әңгіменің бойына сыйғызу оңай іс емес дейміз.

Балалар жазушысы алдымен балаларды сүйіп, баланың жас ерекшеліктеріне қарай қажеттерін, өзгешеліктерін терең білуі қажет, психолог бола білуі қажет. «Кез-келген жазушы психолог бола білуі керек. Ол кейіпкердің типтік қарекеттерін суреттеп қана қоймай, сол қарекеттердің бұлтартпай сендіретін психологиялық мотивировкасын көрсете білген жөн» [9, 79 б.].

Балаларға арналған көркем туындының кез-келген элементі жеткіншек талғамын қалыптастырып, қызығушылығын қанағаттандыратын әсерлі болуы тиіс, балаларға арналған шығарманың әр бөлшегі баланың түсінігіне сай, тартымды болуы қажет. Әңгімедегі тартысты талдау арқылы кейіпкер характерін ашуға негіз салып, жазушының кейіпкерлерге артқан негізгі міндетін, қаламгердің ой ағынын бағдарлауға болады.

Қазақ балалар әдебиеті жылдан жылға сан жағынан да, идеялық сапасы жағынан да өсіп келеді. Мұның қоғамдық ірі мәні бар. Өйткені балалар әдебиеті – жас ұрпақтарға ұлттық тәрбие берудің қуатты құралы. Ол жастарды ұлттық патриоттық рухта тәрбиелейді, озық ойларымен қаруландырады. Қандай қиыншылықтарды болса да, оларды жеңуге ұмтылдырып, жігер-қайратын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Жанр сыры / З. Қабдолов. – Алматы: Жалын, 1964. – 214 б.
2. М. Әуезов. Әдебиет тарихы / М. Әуезов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Кемелбаева А. Оралхан Бөкей әңгіме жанрында // Қазақ әдебиеті. – 2003. – №33 (28/9). Б. 6-12.
4. Қабдолов З. Сөз өнері / З. Қабдолов. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
5. Нұртазин Т. Жазушы және өмір / Т. Нұртазин. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 372 б.
6. Әдебиет теориясы: Нұсқалық / Құрастырған: Р. Н. Нұрғали. – Астана: Фолиант, 2002. – 293 б.
7. Ақыш Б. Ө. Балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесінің жасалуы: Филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация / Б. Ө. Ақыш. – Алматы, 2006. – 279 б.
8. Ордалиев С. Конфликт және характер / С. Ордалиев. – Алматы: Жазушы, 1970. – 109 б.
9. Хасенов М. Ұнамды образ және типтендіру: Филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация / М. Хасенов. – Алматы, 1966. – 79 б.

УДК 811.81-13

Иванова Лариса Николаевна

магистрант, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ДИХОТОМИИ ДОБРО–ЗЛО В ДРЕВНЕРУССКИХ ПАМЯТНИКАХ ПИСЬМЕННОСТИ

Мақалада ежелгі орыс тіліндегі жазбаша ескерткіштердегі авторлық санадағы проекциясының жақсылық пен зұлымдықтың бағалау сипаты мен оның тілдік тұрғыдан іске асырылу ерекшеліктерінің қарама-қайшылығы талқыланады.

Түйін сөздер: тілдік бейне, антропоцентризм, авторлық сана.

В статье рассматриваются оппозиция оценочного характера добро и зло и особенности ее языковой реализации в проекции на авторское сознание в древнерусских памятниках письменности.

Ключевые слова: русская языковая картина, антропоцентризм, авторское сознание.

The article discusses the opposition of the evaluative nature of good and evil and the peculiarities of its linguistic realization in the projection on the author's consciousness in Old Russian written language monuments.

Keywords: Russian Linguistic Picture, anthropocentrism, author's consciousness.

Как известно, антропоцентризм современной лингвистики обуславливается неослабевающим интересом к изучению языка как социального феномена. В центре лингвистических исследований стоит человек как носитель языка, как языковая личность с присущими ему особенностями.

Язык весьма определённо ориентируется на его носителя. Формирование антропоцентрической парадигмы привело к кардинальному изменению лингвистической проблематики в сторону человека и его места в культуре, так как ядро культуры занимает именно человек. В конечном итоге человеческий фактор становится доминирующим в лингвистических исследованиях (Е.С. Кубрякова, Ю.Н. Караулов, Н.Д. Арутюнова, Ю.Д. Апресян, Ю.С. Степанов, В.И. Постовалова). Появляются науки и направления комплексного характера: когнитивная лингвистика, теория языковой личности, учение о языковой картине мира, лингвокультурология и др.

Язык ограничивает субъективность описания мира, но с помощью языка мы стремимся приблизиться к объективности. Язык субъективен в отражении, например, диалектически противоречивых сущностей оценочного характера (день – ночь, война – мир, чёрный – белый), в остальном же он ориентируется на реалии окружающей нас действительности.

В центре нашего рассмотрения дихотомия добро – зло и её репрезентация в русской языковой картине мира (памятниках древнерусской письменности). При этом прослеживается связь с «человеческим фактором», реализующимся в ментальности, в культурных и психических особенностях автора произведения.

Исследователи выделяют самые разные оппозиции, которые находят свою реализацию в языке. Они строятся на антонимичности наиболее общего и частных содержательных признаков и средств их выражения: свой – чужой; жизнь – смерть; свет – тьма; правда – ложь и т.д. В число основных объединений морально-нравственного и этического характера относится и концептуальная оппозиция добро – зло, обладающая спецификой содержания и структуры. Данная дихотомия добро–зло, рассматривается как ментальная единица, показывающая понимание слов человеком в условиях речевой деятельности. Под оппозицией понимают объединение двух различных компонентов, связанных так, что мысль не может представить один из компонентов без второго.

Следует отметить, что универсальная концепция мира мифологического мышления русского человека воплощается в бинарных семантических оппозициях, сущность которых сводится к «логике бриколажа». По утверждению Л.Т. Килевой, «логика бриколажа» – система бинарных признаков, с помощью которых можно описать модели мира: левое – правое, белое – черное, свой – чужой и др. [1, с.45]. В связи с этим в сознании древнего человека прослеживалась чёткая дифференциация богов на белых и чёрных, причем белые связывались с благими делами, а черные – с плохими. Поэтому человек надеялся либо на помощь, либо на препятствия в осуществлении чего-либо. В данных оппозициях отводится место дихотомии положительный – отрицательный как оппозиции, состоящей из параметров, носящих оценочный характер. Выработка в сознании человека системы бинарных оппозиций, по мнению В.Н. Топорова, неслучайна, так как данная система является универсальным средством описания семантики мира [2, с.24].

Согласно Ли Исинь, центральное место в сознании русского народа занимают категории, связанные с морально-нравственными оценками человека (истина, ложь, добро, зло, Бог, судьба и др.). Концепты добро и зло, широко представленные в устном народном творчестве, в древних письменных памятниках, художественной литературе, функционируют в единстве, представляя собой бинарную оппозицию. Источниками добра и зла служат жизненный опыт и разум человека. При этом оговорим, что добро и зло диалектически связаны: **зла** не видя, **добра** не постигнешь [3, с.147].

Согласно словарю В.И. Даля, добро – весьма широкое понятие: добротный, хороший, видный (о вещи); дельный, умеющий, исправный, творящий добро, жалостливый (о человеке); благо, что честно и полезно, все чего требует от нас долг человека, гражданина, семьянина (духовное значение); Бог (высший смысл) [4, с.443-444]. Добро противопоставляется злу: худо, лихо, это дух тьмы [4,

с.683]. Как видим, компоненты оппозиции имеют оценочный характер и характеризуются разнообразными значениями.

Последовательную реализацию дихотомия получает в сказках, в древнерусских памятниках письменности, в частности «Поучении Владимира Мономаха» (XII век), «Домострое» (XVI век), «Житии протопопа Аввакума» (XVII век). «Поучение» великого князя Владимира, составленный в православном духе, представляет собой русский духовно-нравственный кодекс.

В письменных памятниках прошлого прослеживается реализация авторского сознания. О психологическом факторе – конкретном контексте слова, включении его в конкретную действенную ситуацию – в порождении высказывания говорит и А.Р. Лурия [5, с.40]. При этом слово может иметь различные смыслы и в зависимости от общего контекста, в котором дается это слово [5, с.222]. Как показал анализ письменных памятников, добро и зло наполняется различным содержанием в зависимости от контекста (письменного памятника).

Нельзя не отметить тот факт, что Владимир Мономах выстраивает свою систему на мир, опираясь на диалектическое взаимодействие добра и зла в христианской проекции. Религиозность сознания, являющаяся доминирующей, подчёркивается во многих высказываниях Мономаха: Разум человеческий не может постигнуть чудеса твои. Велик ты, и чудны дела твои и благословенно и славно имя твое во веки по всей земле. Или: Мы, люди, грешны и смертны, и если кто нам сотворит зло, то мы хотим его поглотить и поскорее пролить его кровь. А **Господь наш, владея и жизнью и смертью, согрешения наши превыше голов наших терпит всю нашу жизнь**. Как отец, чадо свое любя, бьет его и опять привлекает к себе, так же и Господь наш показал нам победу над врагами, как тремя делами **добрыми** избавляться от них и побеждать их: покаянием, слезами и милостынею [6, с.50]. Как видим, всемантическое поле зло включает грех, но зло можно преодолеть добрыми делами (покаянием, слезами, милостыней).

По мысли Мономаха, если человек совершил зло (тяжкий грех – убийство), то необходимо покаяться. Так, убийцу сына князь призывает к искреннему покаянию (добро): Богу бы тебе **покаяться**, а ко мне написать грамоту утешительную [6]. На собственном примере Аввакум («Житие протопопа Аввакума») показывает важность своевременного покаяния, осознания своего греха и последующего пребывания в усердной молитве: ... припадая, молю тис я и еже от тебя помощи прося: управи ум мой и утверди сердце мое приготовитися на творение добрых дел, да добрыми делы просвещен, на судищесудныи страны причастник буду со всеми избранными твоими [7, с.218].

Мономах призывает к совершению только добрых дел: Прочитав эту грамотку, постарайтесь на всякие **добрые** дела. Мужество, доблесть, благородство – те мужские качества, которые необходимы мужчине: Смерти ведь, дети, не боясь, ни войны, ни зверя, дело исполняйте мужское, как вам Бог пошлет. Но при этом усиливается доминантная роль Божьей воли (и на жизнь и на смерть): Ибо, если я от войны, и от зверя, и от воды, и от падения с коня уберегся, то никто из вас не может повредить себя или быть убитым, **пока не будет от Бога повелено**. А если случится от Бога смерть, то ни отец, ни мать, ни братья не могут вас отнять от нее, но если и **хорошее** дело - остерегаться самому, то Божие обережение лучше человеческого [6].

Автора поучения волнует проблема этической ответственности человека, сохранение таких чувств и качеств, как сострадание, справедливость, честь, трудолюбие: Бога ради, **не ленитесь**, молю вас, не забывайте трех дел тех, не тяжки ведь они. В дому своем **не ленитесь**, но за всем сами наблюдайте; не полагайтесь на тиуна или на отрока. По убеждению Владимира Мономаха всегда нужно говорить добрые слова, приветствуя человека: Не пропустите человека, не поприветствовав его, и **доброе слово** ему молвите.

Категория добра находит различную языковую репрезентацию. Так, в «Домострое», памятнике старорусской письменности XVI века, неоднократно встречается словосочетание добрая жена: Если жена **добрая**, то она всегда хорошую жизнь устроит своему мужу; жена делает мужа своего добродетельным; жена **добрая** и трудолюбивая и молчаливая – венец своему мужу. При этом прилагательное добрая выступает синонимичным определению хорошая: **хорошая** жена радуется мужа своего и наполнит миром лета его; за **хорошую** жену похвала мужу и честь (гл. 23) [8].

Анализ письменного памятника показал, что семантическое пространство прилагательного добрая довольно объёмное: хозяйственная, трудолюбивая, заботливая, любящая, верная. Но при этом жена выступает доминирующим компонентом пары муж – жена (жена делает мужа своего добродетельней). Согласно излагаемой философии домоустройства, от жены зависит семейное благополучие. А Владимир Мономах в своем произведении также подчёркивает: Жену свою любите, но не давайте им власти над собой.

Добрая жена – залог благополучной жизни: Если подарит кому-то Бог жену **хорошую** - дороже это камня многоценного. Такой жены и при пушей выгоде грех лишиться: наладит мужу своему **благополучную** жизнь. **Доброй** женою блажен и муж, и число дней его жизни удвоится - **добрая** жена радуется мужа своего и наполнит миром лета его: **хорошая** жена - благая награда тем, кто боится Бога, ибо жена делает мужа своего **добродетельней**: во-первых, исполнив Божию заповедь, благословлена Богом, а во-вторых, хвалят ее и люди(гл. 23). Однако хорошая жена у тех, кто отличается богобоязненностью.

По мысли Мономаха, гордыня – грех, поэтому входит в семантическое поле зла. В связи с этим автор произведения предостерегает детей от этого греха: Паче же всего **гордостинеимейте** в сердце и в уме, но скажем: смертны мы, сегодня живы, а завтра в гробу; всё это, что Ты нам дал, не наше, но Твоё, поручил нам это на немного дней (63). Автор использует императив отрицанием не (неимей) этого качества, поскольку оно неугодно Богу.

Также Мономах призывает остерегаться лжи: **Лжиостерегайтесь, и пьянства, и блуда**, от того ведь душа погибает и тело... Ложь, пьянство и блуд – человеческие грехи, поэтому это зло, от которого погибает душа и тело. В данном высказывании автор использует императив остерегайтесь.

«Домострой» также представляет стороны несправедливой жизни и очерчивает людские пороки (насилие, распутство, сквернословие, грабёж и др.): чинит **неправды** всякие и **насилие**; и насилем заберет или **ограбит** и **выкрадет**, и **побьет**, и **опозорит**, **опустошит** луга и пашню **вытопчет**; или кого **оболжет** в чем и что-то подкинет, **оклеветает**, или насильно **в рабство продаст**; или многие **непотребные дела совершит**: блуд и распутство, и сквернословие, и срамные речи, клятвопреступление, гнев и ярость и злопамятство, с женщиной живет не в законе, ест и пьет безудержно, до обжорства и опьянения, праздников и поста не соблюдает (гл. 28 «О несправедливой жизни»)[8].

Как видим, акцент осуществляется на конкретных поступках человека, ведущего несправедливую жизнь (грабит, крадет, клеветает, сквернословит и др.). Значит, данные деяния подлежат несприятию и осуждению: Во всех тех запретных делах не помилует Бог, люди же проклянут, а обиженные вопиют к Богу: и своей душе гибель, и дому разорение». В современной жизни довольно часто встречаются порочные проявления человеческой природы, вследствие этого воспитание становится исчезающим понятием. Воспитанный человек умеет быть вежливым, сдержанным, великодушным, правдивым, нелицемерным, несуетливым, смиренным и др. Данный комплекс качеств человека переходит в разряд «чужих» и ненужных, поскольку жизненные и ценностные приоритеты совсем другие.

Анализ письменных памятников прошлого показывает, что добро обозначает нравственно-положительное, хорошее, полезное, нужное, прежде всего Богу, а потом – человеку. В понятие добра входят прежде всего конкретные поступки и действия человека (искренне покаяться, пролить слезы, подать милостыню, трудиться, заботиться о ближнем, любить, быть верным).

Категория зла характеризуется нравственно-отрицательной и предосудительной маркировкой, злодеяниями, влекущими за собой гнев Божий. Сюда относятся человеческие пороки, рассматриваемые как грехи (лжет, крадет, клеветает, сквернословит, имеет гордыню и др.). Авторы памятников объединяются общей мыслью: зло можно преодолеть, если вовремя осознать грех и покаяться.

Список использованной литературы

1. Килевая Л.Т. Картина мира древних славян. Категория наклонения. – Алматы: АГУ им. Абая, 2002. – 176с.
2. Топоров В.В. Первобытные представления о мире//Очерк истории естественнонаучных знаний в древности. – М.: Наука, 1982. – С.8-40.
3. Ли Исинь Концепты «добро» и «зло» в русском языковом сознании (на материале русских народных сказок и сказок А.С. Пушкина) // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов, 2017. – №2(68). – Ч.2. – С.146-151.
4. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. – Т.1. – М., 1978. – 699с.
5. Лурия А.Р. Язык и сознание. – М., 1979. – 320с.
6. Поучение Владимира Мономаха //Русская литература XI-XVIII вв. – М., 1988. – С.49-63.
7. Житие протопопа Аввакума//Русская литература XI-XVIII вв. – М., 1988. – С.217-240.
8. Домострой [Электронный ресурс]/Режим доступа :<http://www.krotov.info/acts/16/2/1560domo.html>

ҚАЛҚАМАНДА ҚАТАР ЖЫРЛАНҒАН ТУҒАН ЖЕР МЕН АНА ТАҚЫРЫПТАРЫ

Ғылыми мақалада Қалқаман Сариннің туған жер мен ана тақырыбындағы өлеңдерін салыстыра, ондағы елге деген махаббатпен, анаға деген махаббаты қатар жырлаған ақынның тілімен айтар ой идеясы көркемдігі зерттеп зерделенді.

Түйін сөздер: көркемдік әдіс, ұйқас, ырғақ, аллитерация, символ.

В научной статье изучалась универсальность стихотворений Калхамана Сарина о родине и матери, сравнивающих слова поэта с любовью к родной земле и любовью к матери.

Ключевые слова: художественный метод, рифма, ритм, аллитерация, символ.

In the scientific article was studied and analyzed the verse of the Kakhtam Sarin's homeland and mother, comparing the poet's poem with love to homeland and love for the mother.

Keywords: artistic method, sleep, rhythm, alteration, symbol.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының тақырыпты-идеялық ерекшеліктері мен көркемдік сипаты мен ұлттық бояу мәселесі, көркемдік әдіс, кейіпкердің көңіл иірімдері, қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайлармен байланысты екені даусыз. Еліміз тәуелсіздік алған жылдар ішінде жазылып, қазақ поэзиясының алдыңғы легінің бар қазынасын игерген, соған жаңа үлгі, өзгеше қалып қосқан, ұлт мәдениетін байытқан туындылардың көркемдік көкжиегі кең, шеберлік арнасы бай, жаңашылдық элементтері мол.

Бұл кезең өлеңдерінде бұған дейінгі әдебиет тарихында болған тақырыптардың барлығы да бар. Махаббат, жастық, табиғат, өнер т.б. тақырыптар сан тараулы. Солардың ішінде идеясы жағынан ерекшелігі бар – туған жер тақырыбының орны бөлек.

Қара өлеңнің мекені – Қарауылға келемін,

Қара өлеңнің қамы еді, қарап жүрмей жегенім.

Қарағанның ішіне көп тығылып ойнайтын,

Қара өлеңге құмартқан қара бала мен едім. Қара бала ел сүйгіш жүрегімен даралана, санада салмақты ойын саралайтын, бүгінгі биігінде тұрып қара ауылда өткен күнін көз алдынан өткізгендей сағыныштың самалын оқырман санасына жеткізе айтады.

Қара Ертісті жағалай толқып келе жатырмын,

Қара басып қалардай, қорқып келе жатырмын.

Қараой менен Қарасаз, Қарауылдың мұңы бір,

Қара нарға мұңымды артып....

Қалқаман көркемдік болмысы бөлек осынау өлеңі арқылы туған жері, Ұлы Абай елі Қарауылдың өмірін, жасампаз істерін, дүниеге алыптарды әкелген жердің бетін қайғы ізімен айқыш-ұйқыштаған, жазықсыз жандарға қайғы зарын шектірген ажал оғы атомды да астарлайды.

Өлеңнің әуенділігін ұйқас, ырғақ, аллитерация, рефрен, анафора сынды элементтер түзеді десек осы өлеңдегі «қара» сөзі ұлттық дүниетанымдағы **қара өлең, қара жол, қара қазан, қара шаңырақ** сияқты символдық сипатқа ие болып, семантикалық мазмұнын айқын көрсетіп тұр әрі көп жерде өзінің түсті білдіретін тура мағынасында келмейді. Символ дегеніміз – белгілі бір дерексіз ұғымды, идеяны өз атауымен атамай, нақты бір заттың атауымен беру. Символ – затқа балап білдірілген поэтикалық бейне, әдебиет тілінің семантикалық дүниесі. Сондықтан бұл өлеңде жұрт жанын сағынған сағыныш ғана емес, қоғамнан теперіш көрген халық пен ұлт жайы айтылды, ақынның азаматтық үні естіледі. Азаматтық үн демекші, Б.С.Михайличенко «Әдебиеттану проблемалары: әдебиет теориясы» монографиясында: Лирика (гр. – лира – музыкалық аспап; сөбе-сөз: лира сүйемелдеуімен ән шырқау) жан сезім ауаны мен ой толғанысының тарихын эмоционалдықпен суреттеуімен ерекшеленеді. Бұл текке тұлғаттық (субъективтік) әуезе рең (медитация мен оның түрлері) тән болып келіп, қаһарманның ішкі әлемі тек сөздің тақырыптық-логикалық мағынасымен ғана емес, сонымен бірге оның құрылымдық (сөздің айшықтылығы мен эмоционалдылығы) жағынан сипатталады.

Туған ауыл сен үшін тер төкпедім

Кешір мені кеш мені сен текті елім

Бір сағыныш мазалап ертелі кеш

Жүреді ылғи жанымды өртеп менің

Туған ауыл бәрі есте балалақ шак
Қалаға кеп қаңғырдық қалам ұстап
Кешір мені күнәсіз балалығым
Қала алмадым ауылда саған ұқсап деуінде ақынның туған ауылға деген айнадай көңілін айшықты тілмен анық жеткізеді.

Көнермес қасиет бар келбетінде
Сағынтар жалғыз мекен жер бетінде деп
Ауылым сенен алған тұнық сезім
Жанымды бір ән болып тербетуде деп туған ауылына, туған жеріне кіндігімен байланғанын оқырман санасындағы осы бір сезімді көз алдына әкеледі.

Қалқаман – лирик ақын. Ол кез келген тақырыпты, сезімді әр түрлі формада адамзат атаулыға ортақ сапалар арқылы байланыстыра отырып, жеке бастық және өмірлік фактілерді өлең бойына сыйдырудың өзіндік жолын тапқан. Қалқаман жырлары - ақын әлемге деген көзқарасын, дүниетанымын көркемдікпен айшықтап қана қоймайды, оның эстетикалық, моральдық, қоғамдық қағидаттарымен де қатысты.

Ақын поэзиясында орын алатын тақырыптардың бірі – Ана. Ана. Осы бір жалғыз ауыз сөзде талай сыр, талай терең мағына жатыр. Ананың балаға деген шексіз махаббаты, адамдарға деген мейірім, ақ тілегі, сәбиі үшін қаншама қиындыққа да төтеп беретін төзімділігі... – бәрі тек бір сөзге сыйып тұрғандай. Әлемнің жарығын сыйлап, әлдилеген ана сезімі ақ сүтіндей таза да пәк. Мынау алып дүниені өз құшағына сыйғызып, осынша тіршілікке нәр беріп, өз төсіне жауды да, жақсыны да, сан алуан адам емес, тіпті мемлекеттерді де сыйғызып тұрған жұмыр жерді Жер-Ана деп атаймыз. Олай дейтініміз Жер мен Ана мағыналас. Жер алдымен адамзатқа мекен болса, анаңдай асыраушың да. Байқап отырсақ, Жер қойнауының бар қасиеті ана мейіріміне ұқсайды. Дала төсінде алға асыққан өзен мен ойнақ салып шапқылаған бұлақты көрдік. Жағалауы құмдауыт жерге нәр берген құрақ пен майысқақ тал. Тіршілікке нәр берген ана сүті де осындай құдыретті.

Асыл ана! Түсімде көрем сені,
Бұрынғыдай емессің неге еңселі?

Мен білсем, саған деген сағыныштың,

Осынау жұмыр жерде жоқ өлшемі. Керемет! Қалқаманға тән жырлау. Әлемдегі ізгі сезімдердің төресі ол ана мен бала арасындағы махаббат шығар сірә. Қарапайым нәрсені қарапайым тілмен өтімдіде өткір жеткізу Қалқаман стилі.

Тербеп сол сағыныштың күшті ырғағы,

Елжіреп елесінді құштым тағы.

Хат байлап қанатына жіберер ем,

Бармайды-ау, біздің жаққа құстың бәрі. Құстың қанатындай қысқа ғана ғұмырда қамықпай, қалықтап ана арманын алып ұшып биікке көтеріп әкету адамзат баласының араманы. Жасық емес, жалынды жандардың туған жері үшін еңбек етіп алыс қырды аттағанда бір өкініштісі туған үй, туған жер, туған анадан алыстауыда өмірдің қарбалас тірлігінің заңдылығыда. Бірі білім үшін бас қалаға, бірі жұмыс үшін астанаға тағы басқа тағдыр айдауымен ауылдан анадан алыстағанда пенде бойында періштедей ізгілік атаулымен астасатын сағыныш ілегі ескенде ананың айналайынын аңсары хақ. Қалқаман шеберлігі осында деп ойлаймын. Оқырман ойын тамыршыдай тап басып көңіліндегі ойын өлеңге жайып салып пайымды поэзияны алдына тартқанда оқырман қауым айналып кете алмасы анық. Домбыраның қос шегіндей сағыныш пен күйінішті сүбелі сөзбен алға тарту ақынның шеберлігі демеске шараң жоқ.

Не таптым, белден кетіп бетегелі?!

Қалаға қаңғыбас ой жетеледі.

Жақұттап жазу үшін осы өленді,

Он жылдық білімім де жетер еді , - дегендей ана жайлы айтып жеткізу, тебіренбей сөйлеу мүмкін емес екен. Бұл турасында М.Әуезов: «Әлемдегі жақсылық көзі, адамдық қасиет, ақ тілек, мейірбандық дегеннің бәрі – ана деген сөзбен астасып жатады. Ана қасиетін осыдан-ақ түсіну қиын емес»[44,34],– дегені еске оралады. Адамның бойындағы шегіне жетіп болмайтын қасиеттерге тереңдеп-бойлауда Қалқаманның қаламгерлік танымы өзгеше. Бір қарағанда, лирикалық кейіпкердің тым тәкәпар, тым өр, тым астам, тым-тым тентек көрінетіні рас. Өкінішінде, қуанышында, қайғысында, жалғыздығында, бақытында жаңағы айтқан кейіпкердің қандай жағдайда да, тіпті «аласарса да ешкімге ұқсамайтын сезімімен көңілдерді биіктететін» дара қасиеті үйретілмеген тағы

сәйгүліктің оскырына ойқастап, бойына дарытпақ түгілі жалына да жуытпайтын асаулығын еске түсіреді. Осынау асаулықтың түп-тамырындағы көл-көсір нәзіктікті, жібектің сусылындай майда үнді, мөлдірлікке тұнған әлсіздікті бірте-бірте қабылдаймыз. Бәрі-бәрі сізге де етене таныс, етене жақын, әттең тек айта алмай жүргеніңіз, іштен сезіп жүргеніңіз, тілсіз мойындап жүргеніңіз өзіңізге ғана аян еді ғой. Жан дүниеніңіздің әлдебір қалтарысында жасырынған толып жатқан жұмбақтардың шешіміне тап келгендей хал кешесіз. Поэзия - сан миллионданған аудиторияның досы. Лирикадағы нақтылық жеке бастықтың тасасындағы ақындық «Мен» мен оқырмандық «біз» ұғымдарының бірлігін таңбалаушылық делініп ұйғарылады. Лирикалық тектің басты құндылығы деп субъективтік фактор саналғанымен, ол нышалы әм әділетті болуға міндетті болып, субъекті көпшіліктің ортақ құндылығына айналуы үшін бейтараптықта болып келуі керек. [2,119].

Қорыта айтқанда, ақын Қалқаман Сарин қаламынан туған өлеңдер түрлі оқиғаларға байланысты баспасөз және басылым беттерінде жиі жарық көреді. Әсіресе, оқырманына әдебиет пен мәдениет төңірегінде болып жатқан рухани жаңалықтарды қара өлеңмен жеткізуді ол өзінің парызы деп санайды. Оны оқу барысында біз өзімізге беймәлім поэзия атты әлемнің сырына қаныға түсеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қалқаман Сариннің авторлық сайты, <http://kalkamansarin.kz/index.php/өлеңдер>
2. Б.С.Михайличенко «Әдебиеттану проблемалары: әдебиет теориясы» монографиясы, Самарканд: СамМУ 2009 ж.
3. А.Қалшабек. Әдебиеттану ғылымына кіріспе. – Астана: Фолиант, 2016. – 208б.

ОӘЖ 81.373; 001.4

Сағындықова Мөлдір Жәнібекқызы

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты, Семей қ.

М.О. ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ «ӨЛШЕМ» КОНЦЕПТИСІ

Мақалада когнитивті лингвистикадағы концепт ұғымы туралы түсінік беріліп, М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы «өлшем» концептісіне талдау жасалады. Халықтық өлшем бірліктері ежелден келе жатқан икемді қолданыс жүйесі. Тілімізде ұзындықты, енді, қалыңдықты, биіктікті, тереңдікті аңғартатын атаулар жеткілікті. Олардың концептуальдық негізіне үңілу арқылы халықтық танымды байқаймыз «Өлшем» концептісін бірнеше топқа бөліп, нақыт мысалдар келтіріледі.

Түйін сөздер: когнитивті лингвистика, концепт, өлшем бірліктері, фразеологизмдер, мәдениет, ұлттық таным.

В статье дается представление о концепции понятия в когнитивной лингвистике и анализируется понятие «мера» в романе М. Ауэзова «Путь Абая». Самая старая гибкая система общественных единиц измерения. В языке достаточно слов для описания длины, ширины, толщины, высоты, глубины. Рассматривая их концептуальные основы, вы можете увидеть фольклор. Понятие «мера» разделено на несколько групп, и приводятся примеры.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, концепция, единицы измерения, фразеология, культура, национальное познание.

The article gives an idea of the concept of the concept in cognitive linguistics and analyzes the notion of "measure" in M. Auezov's novel The Way of Abai. The oldest flexible system of public units of measurement. The language has enough words to describe the length, width, thickness, height, depth. Considering their conceptual basis, you can see folklore. The concept of "measure" is divided into several groups, and examples are given.

Keywords: cognitive linguistics, concept, units of measure, phraseology, culture, national knowledge.

Әр ұлттың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілдері бар. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің, философияның негізін құрайды. Материалдық және рухани мәдениет дамыған сайын ұлттық ойлау да дамиды.

Лингвистика саласында қолданылатын концепт термині бір жағынан жаңа, ал екінші жағынан ескі ұғым деп есептеуге болады. А.Вербицкая «концепт» терминінің адамның болмыс әлемі туралы жекелеген белгілі бір мәдени-негізделген көзқарастарымен берілетін шынайы әлемнің объектісі деген анықтамасы лингвистикасы алдыңғы орынға қойып отыр. А.Вербицкая мәдениетті жекелеп алған мәдениет үшін ерекше маңызды ретіндегі «тірек сөздер» арқылы қарастырады.

«Ю.С.Степановтың зерттеуі бойынша, концепт дегеніміз – ұғым сияқты қалыптағы құбылыс. Орыс тілінде концепт және ұғым сөздері өзінің ішкі формаларына қарай бірдей мағынада болып келеді: концепт латын тілінен калька ретінде алынған conceptus – «понятие» сөзі» [1,86].

«Концепт не непосредственно возникает из значения слова, а является результатом столкновения словарного значения слова с личным и народным опытом человека» [2, 120]. Яғни «концепт» кеңейеді, өйткені оған сөйлеушінің және халықтың дүниетанымы жалғасады.

Е.С.Кубрякова, Е.З.Демьянков, Ю.Г.Панкрац, Л.Г.Лушина құрастырған «Краткий словарь когнитивных терминов» сөздігінде концепт терминіне мынадай анықтама берілген: «Концепт – біздің санамыздың және адмның білімі мен тәжірибесін білдіретін ақпараттық құрылымның психикалық немесе ментальдік ресурстары бірліктерін түсіндіруге қызмет ететін термин; адам жадының, ментальді лексиконының, мидың тілі мен концептуалды жүйесінің, адамның психикалық қалпымен сипатталатын әлемнің барлық көрінісінің жедел мазмұндық бірлігі» [2,121].

Шетел ғалымдары мен орыс тілші-ғалымдарының зерттеулерінде когнитивтік талдаудың негізгі әдіс-тәсілдері, қазіргі бағыттары, жалпы алғанда, концепт деген не оны қалай түсінуге болады дегендер туралы жалпы бағыттар мен көзқарастар Н.Хомский, А.Вербицкая, Н.Арутюнова, ДЖ.Лакофф, Г.Филлмор, Ю.Апресян, В.Маслова, Ю.Караулов, А.П.Бабушкин, Л.В.Бабина және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде аталған.

Ал өзіміздің қазақ ғылымында бұл мәселемен шұғылданған ғалымдар жалпы, қазақ ғылымында когнитивистика жайында көзқарас білдіргендер деп А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Э.Сүлейменова, Ж.Манкеева, А.Ислам, Қ.Жаманбаева сияқты ғалымдар зерттеген. Олар этнолингвистика шеңберінде концептілер туралы да пікірлер айтқан. Жас зерттеушілердің ішінен М.А.Күштаева, Н.Аитова, А.Сыбанбаева, Ж.Жампейісова, А.Смайлов есімдерін атау өтуге болады. Олардың еңбектері тікелей осы мәселеге арналған.

Халықтық өлшем бірліктері ежелден келе жатқан икемді қолданыс жүйесі. Тілімізде ұзындықты, енді, қалыңдықты, биіктікті, тереңдікті аңғартатын атаулар жеткілікті. Олардың концептуальдық негізіне үңілу арқылы халықтық танымды байқаймыз[3].

Зерттеушілер ұзындық өлшемін кеңістіктегі өлшеу түріне қарай көлденең бағыттағы ұзындық және тік бағыттағы ұзындық деп қарастырады. «Кеңістіктегі кез келген алаңнан нүкте белгілеп, қай жаққа болса да көлденең және тік бағыттағы ұзындықта екі сызық жүргізуге болады. Бұл екі сызық бір-бірімен перпендикуляр түрінде қиылысады. Адам санасында бейнелетін кеңістік мен материалдық дененің әр уақытта көлденең және тік (биіктік) бағытын осындай ұзындық лшемі арқылы анықтай аламыз» [4,86]. Қазақ халқының ментальдық танымын көрсететін **арқан бойы, құрық бойы, найза бойы, қамшы бойы, тұсау бойы** сияқты өлшем бірліктерінің әрі көлденең бағыттағы ұзындықты, әрі тік бағыттағы ұзындықты білдіруі осымен байланысты болса керек.

Арқан бойы фразеологизмінің нақты қаншалықты ұзындық, биіктік өлшемін білдіретіні жөніндегі пікірлерде бірізділік жоқ. Дегенмен кейбір зерттеушілер бұл тіркес мағынасын 1) 4-5 метр шамасы; 2) таңертеңгі сағат 11, кешкі 5 деп көрсетеді. Атап айтқанда, арқанның бір түрі малды арқандауға (**ат арқан**), енді бірі асау жылқыны ұстауға (бұғалық арқан – ұзындығы 12-15 метрлік арқан), тағы бірі киіз үйді сыртынан тартып байлауға (**басқұр арқан** – бес, алты қанатты үйлер үшін 22-26 метр шамасындағы арқан), қайсыбірі қойды қосақтауға (**қосақ арқан**) т.б. арналып есілген, соған орай олардың өлшемдері де әртүрлі болады.

М.Әуезовтың «Абай жолында»: «Күнұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған» [5,3]. Ұзындық өлшемді білдіру қызметінде қолданылатын фразеологизмдерге **оқ бойы, оқ атым жер, оқ жетер жер** тұрақты тіркестері жатады. Бұл фразеологизмдер «өте жақын, тым таяу жер», «оқ жетер қашықтық», «садақ, мылтық оғының тік ұшып барар шамасы» дегенді білдіреді.

Найза бойы тіркесіне қазақ тілінің сөздіктерінде «найза ұзындығымен шамалас келетін халықтық өлшем», «биіктік, терндік, ұзындық» деген анықтамалар беріледі. Өнертанушы, байырғы қазақ әскери өнері туралы жазған Қ.С.Ахметжанов найзаның жақын қашықтықта, бетпе-бет айқаста жауды түйреуге арналған қару екенін айта келіп, оның ұзындығы 1,5-2 метр шамасында болатынын айтады.

М.Әуезовтың «Абай жолы» романында кездесетін өлшем концептілерін төмендегідей топтастыруға болады:

***Азық-түлікке қатысты өлшемдік концептілер:** бір жұтым су, бір түйір, бір асым ет, табақ-табақ еттер, саба-саба қымыздар, бір тостаған қымыз, бір самауыр шай, бір асым ет, бес кап бидай, бір қайнатым шай.*

***Тәулік, уақыт, мерзімге байланысты өлшемдер:** бір шай қайнатым бойы, ет асым уақыт, биенің бас сауымына шейін, шай қайнатым арасында, ымырт жабылғанша, ел жатқанша.*

***Ұзындық мағынасындағы өлшемдер:** тай шаптырымдай-ақ жер, оқ бойындай-ақ жерде, қозы көш жерге, ат шаптырым жерге, құнан шаптырымдай жер, бір жарым кездей, қозы өрімдей.*

***«Көп» мағынасындағы сөздер:** самсаған сары қол, шұбыртқан, жер қайысқан, қаптаған, жапырлап, тізбек-тізбек, топ-топ болып, лек-лек болып, ұшан-теңіз, қалың-қалың қойлар, көл-көсір қонақасы, лық толтырған кітаптарын.*

«Аз» ұғымын білдіретін сөздер: бір тамшы, бір-бірін, бір-ақ уыс, алақанымдай, ат төбеліндей, бір-бір бұт аттарын, жапа-жалғыз сауындарын, кәрі арқардың келте соқпағындай, бір кеседен артық іше алмай, тебен инедей пайда жоқ.

Қашықтықты білдіретін өлшемдер:

«Бөжей қыстауы **қозы өрімдей жерде тұр**» - жақын деген мағынаны береді, себебі жас төл өте алысқа бара алмасы белгілі. Тағы бір мысалға назар ауарсақ, «Құданың құдіреті, таныс жер гана емес, кейде көрмеген жеріне де, **қозы көш жерге шейін адаспастан, аумастан тура баратын**».

«Бақанас өзені мен Жәнібек өзенінің екі арасы **тай шаптырымдай-ақ жер**» – жақын деген мағынада.

«Ақшоқыдан осы ауылдар қонып жатқан қоныс **құнан шаптырымдай жер еді**» - «**тай шаптырым**» өлшемімен салыстырғанда алыс екендігін аңғарамыз. Ал мына мысалда өлшем бірлігі әдеттегідей санмен берілген. «Осы күндерде қорықтағы ауылдардан **он бес шақырымдай жерде, дәл осы қорық сияқты мидай жазық, салқын қоныс Ералыда бір әбігер хал болып жатыр**».

Көркем шығармадағы уақыт мөлшерін білдіретін сөздер

«**Жер аяғы кеңіген**» дегендей уақыт келді» - көктем мезгілі.

«**Қуыс шатты ең соңғы мекені еткен кәрі арқардың келте соқпағындай аз тірлігім қалды**» - қарттықты жеткендігін, өмірінің соңғы кезеңін бейнелеп тұр.

Содан шапқылап отырып, беттеріңді аңғарлап, **бір шай қайнатым бойы** үзбей айғайлап келе жатыр едім!-деді.

Ұзындық өлшемі және мөлшер мағыналы сөздер:

Астау-астау бауырсақ пісіріп, қой үйтіп, құрт ездіріп, астарын да ықшамдады.

Тағы бір кезде **Ғабитхан** әдейілеп тұрып, Қарашоқыға, Күнкенің аулына барып, **екі қоржын басы** кітап әкелді.

Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей.

Кішірек ағаш тегенеге құйылған қымыз келген уақытта Байдалы өзі сапырып, өзі құйып, қонақтарға **бір-бір шараны** берді де:

-Барыстарың қалай? Не шаруамен жүрсіңдер?-деді.

Алғаш «үлкен ауылдың ерулігі» деген **табақ-табақ еттер, саба-саба** қымыздар, көп-көп қыдырушы қатындармен ілесе келіп-келіп қалды.

Бұл атырапта бұлт көрінбегелі және **бір тамшы** жауын жаумағалы талай күн болды.

Жандарал үйін күзеткен үлкен жандарм төресінің біріне Савельев дәл бір сағат сөйлесіп, **екі аттың құнындай** ақшаны алақанына бастырып, содан соң жол алғанын Базаралы енді білдірді.

Онда мен Абай ағаммен **бір самауыр** шайды, **бір асым** етті аяған, жоқтан сылтау іздеген ит болмас па ем!- деді.

Құбылыс, адам, жан-жануарлардың сан мөлшерін білдіру үшін қолданған сөздерге назар аударсақ. Шебер жазушы көптік ұғымды білдіру үшін «көп» сөзін қолдана бермейді, нақты елестетіп бейнелі сөзбен ұғындырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Машрапова З.С. Әлемдік бейнедегі концепт-таным категориясының негізі. // ПМУ хабаршысы-2010 №2. 84-88 б
2. Досмұханбет Д.А. «Жұмақ» пен «тозақ» концептісінің дін ұғымындағы түсінігі. // ҚазҰУ хабаршысы-2011 №1(131). 118-122 б
3. Ержанова З.Л. «Өлшем» концептісіне қатысты фразеологизмдер. // ҚР ҰҒА хабарлары-2009 №2. 85-90 б
4. Р.Т.Сабырханова. М-Ж. Көпесев шығармаларындағы метрологиялық лексика (халық өлшемі мен нумеративтер) – Павлодар, 2007- 159 б.
5. М.Әуезов. Абай жолы. 1-4томдары.

ОӘЖ 81'373; 001.4

Садырбекова Гүлім

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты, Семей қ.

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАРДЫҢ СИНТАКСИСТИК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Халықтың бай ауыз әдебиеті – фольклор үлгілері. Оларда кездесетін ескілікті сөздер, негізінен, сол халықтың тарихымен, тіршілігімен, салт-дәстүрімен байланысты. Фольклор үлгілерінен алынған тілдік деректер негізінде сол заманда өмір сүрген ата-бабамыздың көне мен бүгінді жаңғыртушы, өмір тәжірибесінде өзекті орны бар этностың мәңгілік құндылықтарының бірі рухани мәдениетін және тұрмыс ерекшелігі, ежелгі кәсібі мен еңбегі, киімі мен тағамы, қару-жарағы, ер-тұрманы, әртүрлі әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге байланысты қолданған заттары т.б. арқылы

материалдық мәдени мұраларын көреміз. Мақалада фольклорлық жанрлардың синтаксистік ерекшеліктері талданады.

Түйін сөздер: фольклор, синтаксис, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, құрмалас сөйлем, жай сөйлем, инверсия.

Богатая фольклорная литература - это фольклорные образцы. Историзмы, с которыми мы сталкиваемся, в основном связаны с историей, образом жизни, традициями и обычаями народа. Лингвистические данные, полученные из фольклорных образцов, имеют важное место в жизни наших предков. Одной из вечных ценностей этноса является духовная культура и особенности жизни, ее древняя одежда, блюда, оружие, бытовые предметы, различные вещи, связанные с различными обычаями и традициями. является материальное культурное наследие наших предков. В статье анализируются синтаксические особенности фольклорных жанров.

Ключевые слова: фольклор, синтаксис, поговорка, загадка, скороговорка, сложные предложение, простое предложение, инверсия.

A rich folklore literature is a folklore pattern. The old words with which we are confronted are mainly related to the history, way of life, traditions and customs of the people. Linguistic data obtained from folklore samples have an important place in the life of our ancestors. One of the eternal values of the ethnos is the spiritual culture and features of life, its ancient clothing, dishes, weapons, household items, various things associated with various customs and traditions. is the material cultural heritage of our ancestors. In the article the syntactic features of folklore genres are analyzed.

Keywords: folklore, syntax, proverb, riddle, patter, complex sentence, simple sentence, inversion.

Фольклор жанрларындағы тілдік тұлғалардың синтаксистік ерекшеліктерін қарастыруда өзіндік ерекшеліктері бар екендігі анықталды.

Бесік жырлары – ежелгі халық психологиясының, мәдениетінің, тілдік байлығының куәсі. Көне наным-сенімдерге негізделген фольклор үлгілерін халықтық дүниетанымнан, салт-санадан, әдет-ғұрыптан бөліп алып жеке қарастыру мүмкін емес.

Салт-дәстүрлерге байланысты фольклор жанрының өзіндік синтаксистік ерекшеліктері бар екені байқалады:

- қаратпалардың жиі қолданылуы;

- жай сөйлемдер мен салалас құрмалас сөйлемдердің қолданылуы жиі;

- психологиялық егіздеудің көмегімен ырғақтық және ұяқастық жағынан бірыңғай сөйлемдер құрылады;

- әртүрлі мағыналық реңктерді білдіруде сөйлемнің сұраулы, лепті, бұйрықты түрлеріне ерекше жүк артылады;

- әдемі ұяқасты, үйлесімді ырғақты, қысқа әрі тұжырымды сөйлем әдемі ұяқасты, үйлесімді ырғақты, қысқа әрі тұжырымды дердің жұмсалуы; т.б.

- сыңсуда кездесетін синтаксистік қатынас тәсілінің бір түрі – параллелизм.

Көне-наным сенімге байланысты туған жырлардың құрылымы мен өзара ерекшеліктерін, ара қатынастарын мынадай белгілер арқылы ажыратуға болады:

-сөйлемдері қысқа болып келеді;

-бұйрықты сөйлемдер басым;

-қаратпалар жиі қолданылады;

-синтаксистік қайталамалар жиі кездеседі;

-инверсия стильдік мақсатта қолданылады;

-баяндауыштары көбінесе есім сөздерден болады.

Мақал – мәтелдердің синтаксистік ерекшеліктері олардың сөйлем құрылысы жағынан да байқалады. Бұлардың сөйлем құрылысы қазіргі қазақ тіліндегідей сөйлем түріне бай болғанмен, өздерінің құрылымдық өзгешеліктеріне қарай, яғни прозалық және поэтикалық түрінің жасалуына қарай, жай, құрмалас болып екі топқа бөлінеді.

Синтаксистік негізгі бірлік болып табылатын жай сөйлем мақал, мәтелде де қазіргі әдеби тіліміздегі тәріздес құрамда кездеседі. Мысалы, «Қолы қимылдағанның аузы қимылдар», «Еңбегіне қарай өнбегі», «Жалқау жатып бұйырады», «Еріншекке ошақтың екі бұты айшылық жер», «Еңбегі ештің күні кеш», «Ел іші алтын бесік», «Шапқан озар, жатқан қалар» т.б.

Мақал – мәтелдер сөйлемдер құрылысына өте жақын. Солай бола тұрса да, өздерінің қалыптасқан құрылымы мен ішкі мазмұны болады, олар бір – бірімен тығыз байланысқа түседі. Соның арқасында мақал –мәтелдердің құрамына келген сөздердің орналасу тәртібі өте тұрақты болады.

Мақал – мәтелдер жай сөйлем түрінде, құрмалас сөйлем түрінде де келе береді. Жай сөйлемнің жақты, жақсыз, белгісіз жақты, жалпылама жақты сияқты түрлері мақал – мәтелдерге де қатысты. Толымды, толымсыз, атаулы сөйлемдер де кездеседі. Жай сөйлем хабарлы сөйлем күйінде жиі кездеседі де, ал лепті сөйлем түрі сирек, тіпті аз ұшырайды. Мысалы:

«Бала адамның бауыр еті», «Бал тамған тілден у да тамар», «Батырдың сөзі мың теңгелік», «Бүкірдің белін қабір түзетеді», «Түйменің инесіз күні жоқ», «Дос есебі көңілден», «Өткір пышақ ұялғаннан өтеді», «Арымақ, семірмек көңілден», «Жаман айтпай жақсы жоқ» т.с.с.

Бұйрықты, сұраулы сөйлем түрлері аз да болса, кездесіп отырады: «Жетім өспей ме, көкірегіңді теспей ме?», «Тегін кісі таз бола ма?», «Жыласа кімнің аузы қисаймайды?», «Батыр өлсе аты қалады, үргелек өлсе, артында несі қалады?», «Ажалды өле ме, ауру өле ме?», «Желге ұшқан ебелек, орға түспей тынар ма, Отқа асық көбелек, өліп тынбай шыдар ма?», «Ноқталы басқа бір өлім, Ақыры бір күн келмей ме? Ажалдың соққан дауылы-Өмірдің шамы сөнбей ме?», «Оқ қадалса, денеңнен суырарсың, жүрегіңе кек қадалса, немен суырарсың?» т.б.

Тіл біліміндегі сөйлемдер жүйесінің дамуы мен оның өзекті мәселелерін танып білуде профессор С.Аманжоловтың ғылыми тұжырымдарын, атап айтанда сөйлем теориясының негізгі грамматикалық сипаттары, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің ара жігін анықтау, сөйлем мүшелері түрлерін ажырату критерийлері т.б.еңбектерін зерттеудің маңызы зор [1, 24].

М.Балақаев «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде «Жай сөйлем бастауышының болу болмауына қарай үшке бөлінеді: жақты, жақсыз, белгісіз жақты және жалпылама жақты» деген пікір айтқан болатын [2, 25].

Жақты сөйлемдер: «Жігітке жар қымбат, намыс пенен ар қымбат», «Жыртық үйді жел табар, өтірік сөзді ел табар», «Мейман риза болғаны, құрметпен үйге қонғаны, кешіктірмей шай берсең, ұмыт болар тоңғаны» т.б.

Белгісіз жақты сөйлемдер: «Жақсы жерге жатсаң, жақсы жақсы түс көрерсің, жаман жерге жатсаң, жаман жаман түс көрерсің», «Не ексең, соны оларсың», «Қонағын сыйлаған «Төрге шық!» дер», «Жер сатып алмай ұрып суын сұра, үй сатып алмай тұрып көршісің сұра», «Отты түрте берсең, өшеді, көршіні түрте берсең, көшеді», «Ғұмырың бір күн болса да, жорға мініп өт», «Өткенге өкінбе» т.б.

Жалпылама жақты сөйлемдер: «Қазанға не салсаң, шөмішіне сол ілінер», «Жеп етің, ішің сорпаң жоқ» т.б.

Құрмалас сөйлем түріндегі мақал-мәтелдердің синтаксисіне тоқталсақ.

Мақал-мәтел синтаксисінде жай сөйлемнен гөрі құрмалас сөйлем көбірек. Оның себебі де жоқ емес, өйткені мақалдарда жақсы іс, жақсы әдет, жағымды мінез – құлық, жиренішті қылықтар жалаң айтылмайды, баса бір жайттармен салғастырыла, теңдестіріле, соған қарама – қарсы айтылады. Соның арқасында оның тыңдаушыға тигізетін әсері, ықпалы мейлінше күшейеді. Мәселен, «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне», «Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі», «Мешітің алыс болса да, мазарың жақын болсын», «Жұма намаздан үмітің болса, бейсенбіде қимылда», «Аспандағы айдан не пайда, жылынуға қолы жетпесе, Хиуадағы ханнан не пайда, барсаң арызың өтпесе», «Басшысын таппаған ел азады, жолдасың таппаған ер азады».

Құрмаластың компоненттерінде жақсы мен жаман, жағымсыз қылық пен жақсы әдеттер салыстырыла қатар алынады. Жамандықты жақсылықпен қатар қою арқылы аша түседі.

Мысалы: «Тұлпардың оттауы бір болса да, жаны басқа», «Судың басы бұлақ болса да, аяғы құяр теңізге, жақсыдан жаман туса да, тартпай қоймас негізге», «Жаман адам жақсы болмас, қанша қыдыр дарыса да, жақсы адам жаман болмас, қанша тұрып қараса да».

Белгілі бір үлгімен құрмаласатын сөйлемдердің айырым белгілерінің бірі – құрылымдық белгісіне оны құраушы компоненттердің байланысу тәсілдері жатса, семантикалық белгісі ретінде компоненттердің байланысу тәсілдері негізінде берілетін мағыналық түрде алынады. Сондықтан синтаксистік компоненттер арасындағы қатынастан келіп шығатын мағына үйлес болады.

Мақал – мәтел құрамындағы сөздердің орын тәртібі ауысып, инверсия жасауы мақал – мәтел құрамындағы сөздердің орналасу заңдылығын айқындаудағы басты бағыт болып табылады:

- поэзиялық мақал – мәтелдер екі жай сөйлемнен немесе екі жолды өлең құрылысынан тұрады да, олардың әрбіркомпоненті өзара үйлес, ұйқас, ырғақ арқылы келіп отырады;

- прозалық құрылымда келетін мақал–мәтелдер құрамындағы бастауыштың ой екпініне байланысты, орын ауыстыру тәсілдері олардың құрамындағы басқа тұрлаусыз мүшелердің тұрақты орын тәртібін өзгертуіне себепші болады.

Қазақ халқының ертеден келе жатқан ауыз әдебиеті шағын жанрларының бірі — жаңылтпаштар. Жаңылтпаш – қай халық фольклорында болмасын кең таралған жанрлық түр. Қазақ жаңылтпаштарына да зерттеушілер ертеден назар аударып келеді.

А.Байтұрсынов: «Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген

шығарма жаңылтпаш деп аталады» [3], – деп алғаш рет оның ғылыми анықтамасын берген. Жаңылтпаш жеке баланың ермегі емес, ол – көбінесе жұрт жиналған жерлерде балалардың тез де, жаңылыссыз, дыбыстарды анық сөйлеуіне дағдылануына үйрететін өлең-ойын. Оның ойындық сипаты балалардың бір-бірімен жарыса кезекпе-кезек айтысуында жатыр. Ол тіл жаттықтыру мақсатын ғана көздемейді, жаңылтпаштағы сөздер дұрыс айтылмаса, құлаққа мүлде басқаша естіліп, күлкі де туғызады. Мәселен:

Ақ тай ақ па?

Қара тай ақ па?

Бұл жаңылтпашты айтқанда интонацияны дұрыс сақтамай, жылдамдата айтса, Ақ таяқ па? Қара таяқ па? болып мағыналық жағынан мүлде өзгеріп кетеді. Ертеректе, жаңылтпаш балалар ғана емес, ересектердің де ермегі болған. Бірақ ол үлкендер арасында басқашалау қызмет атқарған. Жаңылтпаштың күрделі өлең құрылысына назар аударсақ, оны шығарушылардың ересектер екеніне күмән тумайды. Яғни, ерте заманда пайда болып, үлкендер тілінде өмір сүрген жаңылтпаш келе-келе балалар ортасына көшкен. Бұлай ауысудың өзі де жайдан-жай емес. Жаңылтпаштың тілге ауыр оралатын дыбыстардан құралатыны белгілі. Мысалы:

Есік алдындағы отынның,

Шыртылырағынан ала кел,

Томарлылығынан ала кел,

Түбірлірегiнен ала кел, – сияқты айтуға өте ауыр көп буынды сөздерден құралады. Егер жаңылтпаштар тек тіл жаттықтыру үшін ғана қолданылатын жанрлық түр десек бір жақты кеткен болар едік. Жаңылтпаш бойында сөз ойнатып, өзіне қызықтыра тартатын эмоциялық реңк, қисынды ұйқас бар.

Мысалы:

Шілікті шаптым,

Жілікті астым,

Шілікті жақтым,

Жілікті шақтым, – дегендегі «шаптым, астым, жақтым, шақтым» сияқты толымды ұйқаспен қоса бұл өлеңде сөздерді мағыналық жағынан да ойнату бар, сөзді тез айтуды ғана емес, логикалық қисынды бұзып алмауды да жадында сақтайды. Берілген сөйлемдер бір негізді. Бастауыш арнайы сөзбен берілмеген және сөйлем мазмұны мен құрылымы оны қажет етіп тұрған жоқ. Төрт сөйлемде де бастауыштық мағына баяндауыштағы 1 –жақтық тұлға арқылы берілген. Жіктік жалғауы арқылы келген. Сондықтан бұлар бір негізді сөйлемдер деп есептеледі.

Ал, егер бұны екі негізді сөйлемнің толымсыз түрі ретінде танып, бастауышты қоюға болады деп есептесек, онда сөйлем мағыналық реңкінен айырылып қалар еді, өйткені бастауыштың қосылуы сөйлем семантикасын айқындап, дәлдеп тұрған интонацияны да солғындатып, бәсеңдетер еді. Бұл – сөйлемнің тұлғалық құрылымы мен мағыналық құрылымының сәйкес келмеуінен туындайтын құбылыс. Нақтырақ айтқанда, бұл ерекшелік бір негізді сөйлемдерді екі негізді сөйлемдерден айыратын негізгі өлшем болып табылатыны белгілі.

Жаңылтпаштардың құрылысы әр қилы. Олар жай сөйлемнен де, құрмалас сөйлемнен де болады. Мысалы:

Киген тоны –

Оңды тон,

Өңді тон.

Оңды тон, өңді тон есім сөздерден болған бірыңғай баяндауыштар. Сөйлем екі негізді болып келген. Екі негізді аталатын сөйлем хабар мазмұнының нақты субъектісі мен предикаты арасындағы қатынасқа құрылған сөйлем болып табылады. Дәлірек айтсақ, грамматикалық бастауышы да, баяндауышы да айқын лексикалық сөз арқылы берілген немесе бастауышсыз айтылғанымен, оны сөйлемге енгізгенде мағынасына әсер етпейтіндей сөйлемді екі негізді сөйлем дейміз. Берілген сөйлемде бастауыш та, баяндауыш та бар.

Құрмалас сөйлем ретінде келген жаңылтпаштар:

Жаңбыр жауып келеді қар аралас,

Бір топ қатын келеді шал аралас.

Тауға қайың бітеді тал аралас,

Бір топ сиыр келеді тана аралас.

Баяндауыштары тиянақты(предикаттық қатынастар: *жаңбыр жауып келеді, қатын келеді, қайың бітеді, сиыр келеді*), құрамындағы жай сөйлемдерін дербес айтуға болатын салалас құрмалас сөйлем. Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулықсыз, ыңғайласа байланысқан.

Айыр атанды жүк қартайтар,

Семіз қойды май қартайтар.

Күйгелек менің атамды

Жас қартайтпас, ой қартайтар.

Жаңылтпаштың алғашқы екі тармағы да салаласа құрмаласса, үшінші және төртінші тармағы жалғаулықсыз сабақтаса байланысқан. *Күйгелек менің атамды Жас қартайтпас* – деген сабақтастың бірінші компоненті қосалқы айқындауыштармен келген күрделенген жай сөйлем болса, *ой қартайтар* – екінші компоненті жай сөйлем.

Сәби былдырлады.

Сылдырмақ сылдырласа,

Сәби былдырлай ма?

Сылдырмақты сындырмай ма?

Бұл жаңылтпашта жай сөйлем де, құрмалас та бар. *Сәби былдырлады* – екі негізді жай сөйлем. *Сылдырмақ сылдырласа, Сәби былдырлай ма?* – жалғаулықсыз байланысқан сабақтас құрмалас сөйлем. *Сылдырмақты сындырмай ма?* – жай сөйлем.

Сөйлемдер айтылу мақсатына, сазына байланысты хабарлы, сұраулы, бұйрықты болып бөлінетіні белгілі.

Бірінші жай сөйлем – хабарлы.

Екінші және үшінші сөйлемдер айтылу мақсатына қарай сұраулы сөйлемдер.

Ай, Тайқарбай, Тайқарбай

Қойыңды мақараға жай Тайқарбай,

Тайқарбай Майқарбайлар толып жатыр,

Ай, Тайқарбай дегенің қай Тайқарбай.

Ай, Тайқарбай, Тайқарбай //Қойыңды мақараға жай Тайқарбай – бұйрықты мәнде, *Тайқарбай Майқарбайлар толып жатыр, Ай, Тайқарбай дегенің қай Тайқарбай* – сұраулы сөйлем.

Жаңылтпаштардың айтылу мақсатына қарай хабарлы және сұраулы сөйлем түрлері жиі кездеседі. Олар жаңылтпаштың құрамында аралас келіп отырады:

Тебіншек ат – шегіншек,

Шегіншек ат – тебіншек.

Қатты қант тәтті қант па,

Тәтті қант қатты қант па,

Қай қант қатты қант,

Қай қант тәтті қант?

Тәтті қант па, тәтті қант па?

Үш кіші ішік піштім,

Бес кіші ішік піштім,

Неше кіші ішік піштім.

Сөйлем мағынасын түрлендіріп, ондағы жеке мүшеге ерекше стильдік қызмет арту үшін, оны басқа сөзбен орнын ауыстырып айтуды инверсия дейміз.

Тіліміздегі сөйлемдерде сөздердің белгілі орын тәртібі болады. Мысалы, қазақ тілінде бастауыш сөйлемнің басында, баяндауыш соңында келеді. Поэзиялық шығармаларда бұл орын тәртібі сақталмайды. Өйткені өлеңнің ұйқасты, ырғақты құрылысын түзу инверсия арқылы жүзеге асады. Жаңылтпаш шағын поэтикалық жанрға жататындықтан онда да барлық поэзиялық туындыларға тән инверсия құбылысының болатындығы даусыз. Инверсиялық құбылыстар прозада да кездесуі мүмкін. Инверсиялық құбылыстардың прозада қолданылуы – оқырманның назарын аудару үшін, сезіміне ерекше әсер беру мақсатында, кейіпкер толғанысын, қуанышы мен сүйінішін әсірелеу, айтылмақ ойды нақтылау үшін қызмет етеді. Кейде проза тіліндегі инверсиялық құбылыс кейіпкер тілінде келіп, оның ауызша сөйлеу ерекшелігін танытып, сол бір сәттегі кейіпкерге әсер еткен экстралингвистикалық жағдаятты да қоса қамти суреттеу үшін қызмет етеді.

Жұмбақтың композициялық құрылымы, әдетте, екі бөлікті болып келеді. Оның қазақ дәстүрінде «жұмбақтың байлауы» және «жұмбақтың шешуі» дейді. Шешімсіз жұмбақ өзінің жанрлық ерекшелігін айқындап, оқырманды ойландырып, толғандырады. Жұмбақтың екі бөлігі бір-бірімен

тығыз байланысты. Кейде бір жұмбақтың екі не одан да көп шешімі болуы мүмкін. Жұмбақтар жай сөйлем түрінде, құрмалас сөйлем түрінде де келе береді. Жай сөйлемнің жақты, жақсыз, белгісіз жақты, жалпылама жақты түрлері жұмбақтарға да тән. Оның үстіне толымды, толымсыз, атаулы сөйлемдер кездеседі. Жай сөйлем түрінде ұшырайтын жұмбақтар негізінде прозалық құрылымда келетін болса, сонымен қатар, олардың жай сөйлем түрлері өздерінің жұмсалыу мақсатына, айтылу сазына қарай бөлінгенде, жұмбақтар хабарлы және сұраулы сөйлем күйінде кездеседі.

Фольклорлық жанр мәтіндеріндегі белгілі бір мазмұн, ой, идея, пікір жеке сөйлеммен беріліп қоймай, көптеген сөйлем топтары арқылы беріледі. Ол сөйлемдер бір-бірімен байланыссыз, қалай болса солай, ретсіз емес, мағыналық жағынан тығыз жымдасып, белгілі бір ойды білдіреді. Күрделі синтаксистік тұтастық құрамына енетін әрбір жеке сөйлем оқшауланып қалмай, мағыналық және синтаксистік жағынан тұтастық құрамындағы өзге сөйлемдермен өзара тығыз байланысқа түседі. Күрделі синтаксистік бірлік жеке сөйлемдермен салыстырғанда ойдың дамуын неғұрлым толық бере алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
2. Балақаев М., Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ғылым, 1987.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

ОӘЖ 82

Сапиянова Д.

филология факультетінің магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: **Тлебалдина Н.Қ.**

педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ТӨЛЕУ КӨБДІКОВТЫҢ АЙТЫСКЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

Бұл мақалада Төлеу Көбдіковтың айтыскерлік шеберлігі туралы баяндалған.

Түйін сөздер: дарынды өкіл, қазақ ақыны, айтыскер ақын, ақындық дарын, мақтанышпен жырлау, айтыскерлік шеберлік, мәдени дәреже, ақындық қуат, замана идеологиясы, адамдардың қарым-қатынастары, тартыс формалары.

В данной статье рассказывается об импровизаторском мастерстве Толеуа Кобдикова.

Ключевые слова: талантливый представитель, казахский поэт, поэт импровизатор, поэтический талант, воспевать с гордостью, импровизаторское мастерство, культурный уровень, поэтическая сила, идеология века, взаимоотношение людей, форма состязания.

This article describes the improvisational mastery of Toleuh Kobdikov.

Key words: talented representative, Kazakh poet, poet improvisator, poetic talent, glorify with pride, improvisational skill, cultural level, poetic power, ideology of the century, people's relationship, form of competition.

Қазақ поэзиясының тарихында көптеген өлең-жырдың дарынды өкілдері бар. Сондай дарынды ақындардың бірі, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданында дүниеге келген - Төлеу Көбдіков.

Төлеу Көбдіковтың нағашы жұрты Сарыарқа жеріне даңқы шыққан ақындар әулеті болған екен. Қалың найманнан небір дүлділ шыққан, «сөз қонған» сыбан қызы Қуандық - ақынның анасы. Сондықтан, Төлеуге ақындық нағашы жұртынан қонған, ана сүтімен келген деген түсінік бар.

Заңғар жазушы М.Әуезов орыс жазушысы Павел Кузнецовқа жазған хатында былай деп жазады: «...Жолсапарымыздың соңғы күндерін біз Семейде өткіздік. Онда ақындар айтысы болды. Облыста бұрын неге көрінбегенін кім білсін, Төлеу деген ірі ақын бар екен. Оның тума шежіресі өте қызық. Ата-бабасынан - сонау алтыншы атасынан бері қарай тұқым қуалаған белгілі ақындар. Ал шешесі көпке әйгілі Қуандық — Абаймен айтысқа түскен әрі оның нақсүйері болған кісі. Менің бірінші кітабымда осы жай суреттелген-ді. Сонымен несін айтасың, Төлеу ақсақалды көргенде мен Қуандықпен кездесіп-жүздескендей күйге келдім. Төлеудің басқа қарт ақындардан өзгеше бір қасиеті - өленді жазып та, ауызша да шығаратындығы және өлеңіне көлденнен бір де бір жол енгіздірмейтіндігі...» [2,936].

Төлеу Көбдіков- ақындығымен қатар тағы бір өнердегі қыры — оның айтыскер ақын болғандығын айта кету керек. Оның дәлелі ретінде Мұқашпен айтысы, Уәйіспен айтысы,

Әбдрахманмен айтысы, «Айтжан қызбен айтысы», «Ұлы Мұратпен айтысы», «Қара байталмен айтысы», «Ақылыммен кеңесу» «Бодаумен қағысы», мысал айтыстары бар екендігінде.

Төлеу Көбдіков жас кезінен айтыскерлігімен ерекшеленіп, айтыста көзге түседі.

Төлеу Көбдіковтің алғашқы айтысы інісі Мұқашпен айтысуын айтуға болады. Бұл айтыс 1909 жылы жазылған, хатқа түскен айтыстарының бірі.

Шолтанай деген кісі Мәтім деген баласына Қарқаралы маңындағы бір елден Ыспан детен дәулетті кісінің қызын қалың беріп, әйелдікке әпереді. Келін түскен тойға Төлеу барып келгенде, шешесі Қуандық: «Келін қандай екен, жасау-жабдығы қандай екен?» -деп сұрапты. Сонда Төлеу ақын көрген жайын өлеңмен жазып беріпті. Өлең ел арасына тез тарап кетеді. Кейіннен ары- бері өткен ауыл адамдарына «Сендер бар қызықты біздің қызымыз келін боп барғанда көріпсіңдер. Сән де, салтанат та біздің елде ғой» деп мақтана берген көрінеді. Сонда Төлеудің інісі Мұқаш әлгі ауылына келін боп түскен қызын жасау- жабдығымен қоса жамандап өлең шығарған екен. [2,2006].

Төлеу ақын :

Сырмағы өңкей манат дүриядан,

Шығады тоқсан сауыт бір ұядан.

Жемісін жетпіс түрлі төккенінде,

Дастархан көрінбейді миуадан.

Бір кісі емес, халықтың тілегі үшін,

Бір асыл қолға түсті қиуадан.

Күн шалған талай жерді аралап ем,

Мұндай жан көргенім жоқ дүниеден.

Сурет тұр алтын мүйіз лағыл кошқар,

Су құйған дәрет шәуғім күміс қашқар. Жайнап тұр бір үстелдің үсті сыймай, Жасаған әр

порыммен асыл тастар.

«Қыз туар сепке лайық» деген осы,

Кез болды бір асыл зат дәулетке сай. Гауһардан шам орнына панар жаққан, Ділдадан қызыл алтын шашбау таққан...

Мұқаш:

Әй, Төлеу, сөз еместі сөз қыласың, Ақтарып жоқ нәрсені қоздырасың.

Күмісті болыскей мен алтын қылып, Қоланы, қаңылтырдан жез қыласың. Сырмағы манат дейсің, ылғи тікпе,

Жалаң қабат, жарамай қалған түкке. Жиылған тамашасын көреміз деп,

Ұялып көрсете алмай тығып көпке.

Қайтеді сонша асырып, ұлғайтпасаң, Сөзінді кім тыңдайды тура айтпасаң?

Бір ауыз мақтау сияр дәнеңе жоқ,

Илеген айыл-тұрман көнді айтпасаң. Көрінер әйел жақсы көркіменен, Мақтапсың тақиясын бөркіменен. Шолпысы үш теңгелік күміс еді,

Ауыздың алтындапсың еркіменен. [3,156].

Төлеу ақынның алғашқы қатысқан үлкен айтысы — 1943 жылы Алматыда өткен республикалық ақындар айтысы. Бұл айтыс туралы зерттеуші М.Жармұхамедов: «Басы Жамбыл болып, бір топ халық ақындары сол жолы бізде айтыстың әлі тоқтап, тоқырап қалмағанын ашып, дәлелдеп берді.

Ұлы Отан соғысының ең бір қауіпті жылдары өткен бұл айтыс халық бойындағы ақындық дарын-қуаттың түгел сарқыла қоймағанын паш етті» -деп жазады [4,526].

1943 жылы Қарағанды қаласында да ақындар айтысы ұйымдастырылады. Айтысқа сол кездегі Семей облысынан бір топ ақындар барады. Солардың ішінде Төлеу Көбдіков те болып, Қарағанды мен Семей облыстарының ақындары айтысқанда ақын:

...Себеппен келіп қапсың Семейіме,

Ардақты абырой-атақ мерейіме.

Құртырған жау шалғайыма жабыспаса, Серуен құр, сейіл жаса демейім бе?

Семейді көрген кісі сөкпейтін жер, Көргеннен көрмегенім көп дейтін жер.

Жауға сазай, досына жабдығы мол,

Сөз тауып айтуға тіл жетпейтін жер. Торқадай топырағы шумақталған,

Гүлденіп қар үстінде көктейтін жер.

Түгелдей түр сипатын жеткізе алсам....

Семей жерінің жеткен жетістіктерін мақтанышпен жырлайды.

«Айтыс — халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Одан халықтың қуанышы да, қайғысы да, саяси- шаруашылық тұрмысы да, мәдени дәрежесі де, замана идеологиясы да, әдет-ғұрпы да, жалпы әлеуметтік және жеке адамдардың қарым-қатынастары да, заманына лайық өрбіген тартыстың формалары да көрінеді» - дейді Сәбит Мұқанов [5,228б].

Төлеу Көбдіковтың айтыскерлік шеберлігін танытқан айтыстарының бірі 1945 жылы 9 наурызда өткен облыстық ақындар айтысындағы Нұрлыбек Баймұратовпен айтысқан айтысы. Ол айтыста:

Елім бар атам қазақ еркін өскен,

Басынан нелер қилы заман кешкен. Айбынды, арыстандай батыр тауып, Жауларын өрттей жайнап ерегескен. Адамдық, ақындықтың алтын туы,

Қалмайды Абай сөзі бар кеңестен.

Іші алтын, сырты күміс сымбат беріп,

Кілтін ақындықтың Абай шешкен.

Лақылдап, ақтарылып кетуші едім,

Өзім де ала қаптың аузын сөксем.

Қырандай желді күнгі самғайтұғын,

Жазбай тұр құлашымды, әттең, сексен! Айтысты жасым үлкен мен бастаймын,

Әзірше артық-кем деп бет ашпаймын. Нұрлыбек, оған дейін толғана бер,

Айтып кеп ақырында сөз тастайын....

Төлеу Көбдіков айтыс дәстүрін одан әрі жалғастырып, елдің жетістігін, соғыс жылдары тылда еңбек еткен адамдардың да еңбегін жырға қосады.

Айтыс жанрынан көрнекті орын алатын айтыс түрі — жұмбақ айтысы. «Жұмбақ айтысы — айтыстардың ішіндегі қиын түрінің бірі. Мұнда жалғыз ақындық қана емес, жұмбақ айтысы ақындықпен қатар білгірлікті, тез тапқырлықты тілейді» [5,11б].

Жұмбақ айтысы туралы зерттеуші М.Жармұхамедов: «Жұмбақ айтыстары халық поэзиясында алғырлық, тапқырлықты шындап жетілдірудің үлкен мектебі болған. Бұдан халықтың табиғат, өмір, қоғам туралы ой-қиялының дәрежесі мен түсінік, талғамын көргендей боламыз» деген пікір білдіреді [6,44б].

Қазақта айтыскер ақындар көп болғанымен, жұмбақ айтысына түскендер аз екенін айта кету керек. Бұл жұмбақ айтысының күрделі болғанын көрсетеді.

Төлеу мен Әбдрахманның жұмбақ айтысының толық мәтінін 1935 жылы М.Хакімжанова ел арасынан жазып алып, ҚР ҰҒА ОК қолжазба қорына тапсырған екен. [7].

Айтыс жұмбақпен басталып, жұмбақпен аяқталады. Төлеу ақын Әбдрахманның барлық жұмбағын атап-атап шешіп, мүдірместен жауабын беріп отырған.

Төлеу Көбдіковтың жұмбақ айтысына қатысуының өзі, ақындық өнерімен қатар білімді, тапқыр ақын екенінің дәлелі деп білеміз.

Қорыта айтқанда, Төлеу Көбдіков қазақтың айтыс жанрының дамуына өзіндік зор үлес қосты, айтыс өнерінің көшбасшыларының бірі бола білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Әуезов М. Письмо Кузнецову. // Простор, 1961. — № 9. —93 с.
- 2.Көбдіков Т. Жырларым. Алматы: Жазушы. 1975. — 207 б
- 3.Көбдіков Т. Өлендер. - Алматы: ҚМКӘБ. 1955. - 240 б.
- 4.Жармұхамедов М. Айтыс. — Алматы: Ғылым, 1990. - 52 б.
- 5.Мұқанов С. Айтыстар туралы // Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Айтыс.1 том. - Алматы: Жазушы, 1988. - 288 б.
- 6.Жармұхамедов М. Қазақ поэзиясындағы айтыс жанры: тегі мен дамуы. Фил. ғыл. док. дәр. алу үшін дай-н дисс. жұм. автореф... - Алматы, 2001. - 58 б.
- 7.ҚР ҰҒА ОК ҚҚ. Төлеу мен Әбдрахман айтысы. Қ 253/5. 9-21 б.б. (латын әрпінде).

УДК 18.1

Слямканова М.К.

магистрант, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г. Семей

ОЦЕНКА И МОДАЛЬНОСТЬ В ИСТОРИИ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Мақалада шетел және орыс тілдерінің тіл біліміндегі аралас-құралас лингвистикалық категория ретінде модальдылық пен бағаға сараптама жасалынады. Модальдылық пен бағаның жеке компоненті, және олардың экспрессивті байланысы қарастырылады.

Түйін сөздер: модальдылық, баға, айқындылық, эмоционалдық.

В статье анализируются оценка и модальность как смежные лингвистические категории в русском и зарубежном языкознании. Рассматривается личностный компонент модальности и оценки и их соотношение с экспрессивностью.

Ключевые слова: модальность, оценка, экспрессивность, эмоциональность.

The article analyzes the assessment and modality as adjacent linguistic categories in Russian and foreign linguistics. The personal component of modality and assessment, their relationship with expressiveness are considered.

Keywords: modality, assessment, expressiveness, emotionality.

Известно, что в начале XX века появляется наука о ценностях – аксиология (греч. *axios* – ценный и *logos* – учение). В философии мир делится на два компонента: бытие (действительность) и ценности, которые не существуют, а находятся вне и над бытием, по ту сторону объекта и субъекта [1, с.128]. Оценка как объективный и субъективный фактор отношения человека к реалиям действительности становится предметом исследования не только философии, но и психологии, социологии и языкознания. Н.Д. Арутюнова называет оценку собственно человеческой категорией. Она задана физической и психической природой человека, его бытием и чувствованием; она задает его мышление и деятельность, его отношение к другим людям и предметам действительности, его восприятие искусства [2, с.5].

Интеграция лингвистики с такими науками как философия, логика, психология привела к восприятию языка как способа бытия сознания. Именно поэтому изучение оценки, его инструментария весьма актуально, так как данная категория позволяет проникнуть в механизм познавательной и практической деятельности человека. Выяснение сущности оценочного компонента в языке чрезвычайно сложно потому, что сложны сами объекты, обозначенные языковыми знаками в оценочной сфере: это объекты, отражающие внутренний мир человека, мир его чувств, переживаний, определенные нормы поведения в обществе.

В современный антропоцентрический контекст лингвистических исследований рассматривается не только категория оценки, но и модальности, поскольку связаны с реализацией человеческого фактора. Кроме этого, оценка и модальность относятся к смежным понятиям, границу между которыми провести весьма сложно.

Категорию модальности подробно анализировал ещё Ш. Балли. Исследователь выделил диктум (лат. *dictum* — слово, выражение) и *модус* (лат. *modus* – способ) как компоненты предложения, которое является, по Балли, простым способом выражения мысли (реакции на действительность, содержащее различные желания, намерения, оценки и пр.) [3, с.44]. Выражением модальности служит модальный глагол, а его субъектом – модальный субъект, которые вместе составляют модус. Учёный различал объективную и субъективную части суждения.

Исследования и нормативные труды (грамматики) прошлого века неоднозначно интерпретировали категорию модальности. Так, В.В. Виноградов придерживался мнения, что «формы и виды выражения категории модальности и модальных оттенков в современном русском языке многообразны по своей лексической природе и по своему синтаксическому существу» [4, с.87]. Принимая во внимание опыт предшественников (А.А. Шахматова, А.А. Потемни, Д.Н. Овсяннико-Куликовского, А.М. Пешковского, И.И. Мещанинова), В.В. Виноградов представил классификацию способов выражения модальности в русском языке, которая до сих пор актуальна.

В.В. Виноградов утверждает, что модальность – обязательная синтаксическая категория предложения, выражающая представляемое автором предложения отношение высказываемого к реальному положению дел в параметрах реального, нереального, предположительного, желательного, возможного. Согласно его концепции, модальность понимается как семантическая категория, выражающая отношение содержания высказывания к внеязыковой действительности с точки зрения говорящего. Всякое выражение мысли, эмоции, побуждения отражают реальность средствами данной языковой системы, а также передают дополнительные синтаксические значения, формирующие категорию модальности [4].

Исследователь О.С. Ахманова постулирует, что модальность относится к категории со значением отношения говорящего к содержанию высказывания и отношению содержания высказывания к действительности (отношение сообщаемого к его реальному осуществлению); выражается различными грамматическими и лексическими средствами (формой наклонения, модальными глаголами) [5, с.237]. Прослеживается семантика модальности (отношение говорящего к содержанию высказывания и содержание высказывания к действительности) и выделяются средства выражения категории модальности.

Во второй половине прошлого века исследователи разграничили два различных типа модальных значений: объективно-модальное значение (относит сообщение к тому или иному плану действительности) и субъективно-модальное значение, т.е. выражение отношения говорящего к тому, что он сообщает: «К широкому кругу субъективно-модальных значений относятся значения усиления (подчеркивания, акцентирования), экспрессивной оценки, уверенности или неуверенности (определенности или неопределенности), принятия или непринятия (согласия или несогласия) и др.» [6, с.611]. Как видим, экспрессивная оценка – один из видов субъективно-модального значения.

Более того, модальность рассматривается как многозначное понятие, которое выражается многообразными средствами языка: им называются разные явления, объединяющиеся тем признаком, что все они так или иначе – грамматически, лексически, интонационно – выражают отношение говорящего к сообщаемому или сообщаемого к действительности [7, с.214]. Н.Ю. Шведова выделяет из всех многообразных групп субъективно-модальных значений оппозицию наиболее общих: оценочно-характеризующих и собственно-оценочных. Таким образом, оценка рассматривается как компонент субъективной модальности.

Объективная выражает отношение сообщаемого к действительности в плане реальности, связана с категорией времени и дифференцирована по признаку временной определенности – неопределенности. Значение времени и реальности/ирреальности слиты воедино; комплекс этих значений называется объективно-модальными значениями. Объективные отношения, наблюдаемые в данной ситуации (необходимые, действительные, возможные), выражаются объективной модальностью [8, с.39]. К способам выражения объективной модальности относится категория наклонения глагола, так, реальная модальность выражается изъявительным наклонением глагола, тогда как нереальная модальность выражается сослагательным наклонением глагола, а также, по мнению большинства учёных, повелительным наклонением глагола.

Субъективная модальность – это отношение говорящего к сообщаемому. Семантический объем субъективной модальности значительно шире объема объективной модальности. Смысловую основу субъективной модальности образует понятие оценки в широком смысле слова, включая не только логическую (интеллектуальную, рациональную) квалификацию сообщаемого, но и разные виды эмоциональной (иррациональной) реакции.

Исследователь И.Р. Гальперин констатирует, что отношение говорящего (пишущего) к действительности, постулируемое как основной признак модальности, в той или иной мере характерно для всякого высказывания. Поскольку отношение говорящего (пишущего) к действительности может быть выражено различными средствами (формально грамматическими, лексическими, фразеологическими, синтаксическими, интонационными, композиционными, стилистическими), модальность оказывается категорией, присущей языку в действии, т.е. речи, и поэтому является самой сущностью коммуникативного процесса [9, с.113]. Иными словами, модальность – неотъемлемый компонент речи, а оценка является существенным признаком модальности [9, с.114].

По И.Р. Гальперину, введение субъективно-модального значения в общую категорию модальности представляется важным этапом в расширении рамок грамматического анализа предложения и служит мостиком, переброшенным от предложения к высказыванию и к тексту [9, с.115].

Н.Ю. Шведова, Г.В. Колшанский, Е.М. Вольф, Н.Д. Арутюнова, Т.В. Булыгина и др. рассматривают категорию модальности более широко. Непосредственно в общении условно выделяется сущность сообщаемого и характер сообщения, который и отражает модальность (модус) – то, как адресант относится к адресату, к содержанию сообщаемого, к способу сообщения и к ситуации общения (В.И. Карасик).

Обобщая позиции исследователей, сформулируем некоторые положения: модальность реализуется в речи; субъективная модальность – это отношение говорящего к сообщаемому; семантический объем субъективной модальности значительно шире объема объективной модальности; оценка – существенный признак модальности.

В рамках аксиологической модальности оценку рассматривает и Е.М. Вольф [10]. Оценка охватывает весьма широкий диапазон языковых явлений, поскольку в неё входят многие значения, которые отражают отношение говорящего к высказываемому по определённым признакам (*нравиться/не нравится, ценить/не ценить, одобрять/не одобрять, красиво/не красиво, важно/ не важно* и т.д.).

При рассмотрении исследователями оценки с лингвистических позиций акцент смещается в сторону понимания оценки как закреплённой в семантике слова положительной или отрицательной квалификации предмета, объекта действительности по признаку «хорошо/плохо» со стороны говорящего субъекта.

Казахстанский исследователь З.К. Темиргазина анализирует оценку относительно понятия ценности. Ценность – значение объекта для субъекта – благо, добро, красота и др., а оценка – эмоционально-интеллектуальное выявление этого значения субъектом – переживание блага, приговор совести, суждение вкуса и др. [11]. Позиции исследователей сходны в том, что оценка связана с выражением положительного или отрицательного отношения говорящего субъекта, которое закреплено, т.е. зафиксировано в языковых средствах. Таким образом, оценочность представлена в языковых единицах и является, поэтому фактом языка, сфера функционирования которого является речь.

В современном языкознании оценка рассматривается в контексте сознания – личностного и языкового. В контексте личностного сознания оценка исследуется в психолингвистике, а в контексте языкового сознания оценка – фактор, структурирующий его ядро (Н.В. Уфимцева, О.А. Голубкова) и формирующий «ценностную картину мира» (Ю.Н. Караулов). Однако наряду с понятием оценки существуют и другие смежные понятия, к числу которых относятся экспрессивность и эмоциональность.

Современные исследователи определяют оценку как вербализованный (отраженный, зарегистрированный в речевом акте) результат квалифицирующей деятельности сознания или деятельность сенсорной (чувственной, эмотивной) сферы человеческой психики. Кроме того, это интеллектуально-психический акт, выявляющий положительную (отрицательную) характеристику предмета, обусловленную признанием или непризнанием ценности.

Сложность исследования семантической структуры и прагматического варьирования предмета обусловлена также трудностью разграничения оценочного и эмоционального в значении слова. Оценочность в лингвистике определяют как заложенную в слове положительную или отрицательную характеристику человека, предмета, явления. Эмоциональность как отраженное и закреплённое в семантике слова отношение, чувство адресанта (говорящего) к объекту речи. На современном этапе развития языкознания эмоциональность рассматривается как один из источников развития языка и неотъемлемый компонент речемыслительной деятельности человека.

Однозначного решения проблемы соотношения эмоциональности и оценочности в структуре оценочного слова, как известно, не существует. В.Н. Телия, И.А. Стернин разграничивают оценку и эмоциональность. Взаимосвязь оценки и эмоции объясняется тем, что оценка сопровождается появлением определенных чувств (грусти и радости, печали и ликования, скорби и торжества, гордости и гнева и т. п.). Следовательно, проявление эмоций также в той или иной степени вызывает оценку. И если на лексическом уровне оценочность не предопределяет эмоциональность, то при непосредственном коммуникативном акте (в прямом обращении) оценка сопровождается эмоциями.

Как известно, эмоциональные оценки преобладают в сфере межличностных отношений. Формирование оценочных высказываний складывается под влиянием нескольких факторов:

- 1) жизненной позиции субъекта оценки;
- 2) ценностной установки;
- 3) его психологического состояния и др.

Эмоциональное воздействие на слушающего является обязательным компонентом речевого акта: адресат воспринимает сообщение и сопоставляет его с имеющимися у него представлениями о мире; он или принимает новую информацию и меняет свои представления, или отвергает эту информацию. И при этом на него оказывается определённое эмоциональное воздействие.

Английские грамматик «вообще избегают давать определение этой категории, очевидно, рассматривая ее как данность, и ограничиваются лишь указанием форм, в которых заложена модальность (Джон Лайонз, Рэндольф Кверк)» [9]. Категория модальности отождествляется с категорией наклонения глагола (Э. Хэмп). Определяя модальность научного текста как отношение автора к содержанию высказывания, Дж. Лайонз расширяет понятие «отношение», заменяя его понятием «субъективизм» [12]. Субъективизм понимается как вовлечение автором собственного «Я» в научный текст (его желаний, сомнений, убеждений и т.д.). Таким образом, субъект и есть источник модальности.

Д. Лайонз по характеру модальности выделяет два класса предложений: повелительные (выражают приказ или предписание); вопросительные (выражают дополнительные модальные признаки, на те или иные ожидания говорящего).

Д. Лайонз также находит в различных языках разнообразные способы грамматического выражения отношения говорящего к содержанию высказывания. Выделяются три шкалы модальности: шкала «желания и намерения»; шкала «необходимости и обязательности»; шкала «уверенности и возможности». Лингвист также подчеркивает, что наблюдается определенная смысловая близость между повелительными предложениями и модальными «желания» и «необходимости», с одной стороны, и между вопросительными предложениями и модальностью по признаку «возможности», с другой стороны: *Will you come here* может быть равнозначно *Come here, will you?* или *Come here!*

Английские грамматики описывают модальные глаголы *can, could, shall, should, will, would, may might, ought to, must*, маргинальные модальные глаголы *need, dare, used to*, модальные фразы *had better, had best, would rather, would sooner*. Модальность не рассматривается как языковая категория и имеет весьма узкое толкование.

Таким образом, модальность – неотъемлемый компонент речи, а оценка является существенным признаком модальности. Проявление эмоций (говорящего) также в определённой степени вызывает оценку. Если на лексическом уровне оценочность не предопределяет эмоциональность, то в общении оценка сопровождается эмоциями.

Список использованной литературы

1. Ивин А.А. Логика. – М., 2002. – С.128-137.
2. Арутюнова Н.Д. Аксиология в механизмах жизни и языка // Проблемы структурной лингвистики. – М., 1982. – С.5-23.
3. Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. – М., 1955.
4. Виноградов В.В. Избранные труды: Исследования по русской грамматике. – М.: Наука, 1975. – 559с.
5. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1969. – С.237.
6. Грамматика современного русского литературного языка. – М.: Наука, 1970. – 767с.
7. Русская грамматика. Т.1. – М.: Наука, 1982. – 783с.
8. Панфилов В.З. Категория модальности и её роль в конструировании структуры предложения и суждения // Вопросы языкознания. – 1977. – №4. – С.36-48.
9. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: КомКнига, 2006. – 144 с.
10. Вольф Е.М. Функциональная семантика оценки. – М.: Едиториал УРСС, 2002. – 280с.
11. Темиргазина З.К. Субъект оценки // Поиск. Серия гуманитарных наук. 1998. – №4. – С.27-32.
12. Lyons J. Semantics. Cambridge University Press, 1977.

ОӘЖ 81'373; 001.4

Слямова Айжан

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты, Семей қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ КОГНИТИВТІ ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада қазақ тіліндегі ономастикалық атаулардың когнитивтік қызметінің зерттелуі жан жақты қарастырылған. Қазақ ономастикасының негізін қалаушылар Т.Жанұзақов, Ә.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев, Ғ.Қоңқаибаев, В.Н.Попова, Е. Керімбаев т.б. ғылыми еңбектерінде қазақ жалқы есімдеріне кешенді түрде тілдік зерттеулер жасалған. Мақалада қазақ ономастикасының антропоэзектік парадигмада зерттелуі Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, М.Копыленко, Ғ.Смағұлова, Б.Тілеубердиев, Рысберген сияқты қазақ зерттеушілерінің еңбектерімен байланыстырылады.

Түйін сөздер: ономастика, когнитивті лингвистика, антропоэзекті парадигма, тіл, таным, антропоним, оним, топоним.

В статье подробно рассматривается когнитивная функция ономастических имен на казахском языке. Основатели казахской ономастики Т.Жанұзақов, А. Абдрахманов, Е. Койшыбаев, Ғ. Конқаибаев, В. Н. Попова, Е. Керимбаева и других. В своих научных работах было проведено комплексное исследование ономастических единиц языка. В статье рассматривается казахская ономастика по антропоцентрической парадигме А. Кайдара, Э.Жанпейсова, Дж. Манкеева, М. Копыленко, Ғ. Смағұловой, Тлеубердиев, Рысберген и другие.

Ключевые слова: ономастика, когнитивная лингвистика, антропоцентрическая парадигма, язык, познание, антропонимы, онимы, топонимы.

The article considers in detail the cognitive function of onomastic names in the Kazakh language. The founders of Kazakh onomastics T.Zhanuzakov, A. Abdrakhmanov, E. Koishibaev, G. Konkashbaev, V.N. Popova, E. Kerimbaeva and others. In his scientific works, a comprehensive study of onomastic language units was carried out. Kazakh isomastics is considered in the article on the anthropocentric paradigm of A. Kaidar, E. Zhanpeisov, J. Mankeev, M. Kopylenko, G. Smagulova. Tleuberdiev, Rysbergen and others.

Keywords: *onomatique, cognitive linguistics, anthropocentric paradigm, language, sentiment, anthroponyms, onimy, toponymy.*

Қазіргі тіл білімінде осы бағыттағы зерттеулер кешенді сипатта антропоцентристік бағытта және когнитивтік лингвистиканың «ғаламның тілдік бейнесі» теориясының негізінде жүргізілуде. Өйткені тілді зерттеудің когнитивтік жүйесі «дүниені тіл әлемінде тану» қағидасына сай бағытта жүргізілуі - тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі.

Тіл мен таным процестерінің ара қатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Когнитивтік деген сөз «білім» деген ағылшын сөзінен алынған. Психикалық процестердің өтуін басқаратын білімдер жүйесінің құрылымы когнитивтік құрылым делінеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатысы адам баласының өмірінде құндылықтар қаншалықты роль атқаратынын белгілеп береді. Тіл мен танымның арақатысын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі. Аталған құрылымды жіктеп, бөлшектеп ұсыну өте қиын.

Когнитивтік лингвистиканы танымдық тіл білімі немесе немесе тілдің танымдық сипатын зерттеуші антропоцентристік бағыттағы тіл білімінің үлкен бір саласы деуге болады. Танымдық тіл білімінің негізгі зерттеу нысандары – таным мен ақыл, ой мен сана, тіл мен таным, тіл мен ой.

Когнитивтік ғылым ақпараттарды өңдеу мен мағлұматтар жайлы түсініктер жүйесін және ойлау процесін басқарудың жалпы принциптерін айқындайды. Адамның физиологиялық, психологиялық, психофизиологиялық ерекшеліктерін ғана есепке алмай, оны қоршаған дүние жайлы мағлұматтарды жүйелеу, сарапқа салу қажеттілігі туады. Когнитивтік лингвистикалық зерттеулерде түрлі ұлттарда дүниенің тілдік бейнесі түрліше қалыптасқаны айқындалып отыр.

Когнитивтік лингвистика саласындағы негізгі бағыт тіл мен адам санасын, тіл мен танымды біртұтас жүйеде қарастыру. Айнала қоршаған ортаның адам санасында бейнеленіп, тілде көрініс табуы, тілдің танымдық сипаты когнитивтік лингвистикада тереңнен қарастырылады.

Қазіргі лингвистикалық теорияның маңызды ерекшелігі-когнитивтік лингвистикада ойлау, тіл және танымның біртұтас бүтін, біртұтас когнитивтік тілдік кешен болып айқын көрінуінде. Біртұтас когнитивтік тілдік кешен ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы лингвистикада тілді түсіну аумағын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Бастапқыда танымдық процестерді қазіргі заманның есептеуіш техника негізінде белгілі бір құрылымдар ретінде түсіндіру орын алады. Алайда бұндай пікірге қарсы пікірлер де аз емес: «Когнитивтік ғылым адам танымының құрылымын қазіргі заманғы есептеуіш техника көмегімен үлгілеу жолдары арқылы зерттеу әрине өзекті, ең бастысы-іс жүзінде қолданбалы. Дей тұрғанмен, адамның танымдық құрылымдарын механикалық құрылымдарға пара-пар етуге болмайды. Бұл адамның ойлау қабілетін немесе когнициясын зерттеу ақпаратты символдық өңдеудің бағдарламасын зерттеумен бірдей дегенге әкелер еді. Онда адамның ми қыртысын нерв жүйелерінің өзара қарым-қатынасы ретінде де, оның ментальды жағдайын танымдық ғылым аясында зерттеудің ешқандай да қажеті болмас еді.

Адамзат өзін қоршаған әлемді, оның болмысы мен оған тән ақиқат дүниені, сапасы мен салдары туралы ақпаратты таным арқылы, танымның түрлі деңгейі арқылы бағалайды. Адам санасында таным деңгейі әртүрлі болуы мүмкін, дегенмен, тілдік қоғамдастық мүшелерінің белгілі бір нысан жайындағы таным деңгейінде сәл айырмашылық болғанымен, жалпы уәжділік формасы мен оны ұқсату деңгейі бір-бірімен үндесіп жататыны заңдылық. Оған себеп, кез келген құбылысқа қатысты тілдік, тілдік емес ақпараттар тілдік ұжым үшін ортақ болып келеді. Өйткені ол туралы ақпарат қоғамдастық мүшелеріне кезең-кезеңмен, сатылы түрде ортақ беріледі. Ал бұл этностың, оны құраушы жеке индивидтің таным деңгейіне ғана емес, генетикалық табиғатына, сол тілді тұтынушы тілдік ұжымның психологиясына, әлеуметтік жағдайына, мәдени-шаруашылық болмысы мен әдет-ғұрыптарына, тіпті сол ортаның аймақтық ерекшеліктеріне тікелей қатысты болуы мүмкін. Бұл ретте антропоөзектік бағыттағы когнитивтік зерттеулердің ерекше мәні зор

Антропоөзектік парадигма өз шеңберінде этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, лингвопсихология тәрізді жаңа бағыттарға жол ашты. Бұл аспектінің негізгі нысанында адамзаттың ойлауы мен қабылдауы, қоршаған орта жайында дүниетанымы, ойлау арқылы алған ақпаратты тіл арқылы жеткізуі бір динамиканың аясында жүріп жатады. Сондықтан болар, соңғы

кезеңде зерттеушілердің назары, әсіресе, тілші ғалымдарда әлемдік лингвистикада осы бағытты жедел зерттеу нысанына айналдырды. Расында да, қоғам дамуы мен заман талабы тілге де өзгерістерін әкелді. Соңғы уақытта ғылым дамуындағы сан-салалы парадигмалық құрылымды антропоэлекттік парадигма ығыстыра бастағанын мойындауға тура келеді. Бұдан дәстүрлі тіл біліміндегі құнды зерттеулер, дереккөздері жоққа шығарылады екен деген теріс ұғым тумаса керек. Бүгінгі жағдайда тіл тарихы сахнасындағы екі тілдік парадигма бірін-бірі толықтыратын, игіліктерді сақтап жалғастыруға мүмкіндік беретін бір-бірінің үрдісті желісі ретінде сипат алып, қабылдануы қажет.

Әлемдік деңгейдегі ғалымдармен қатар, қазақ тіл біліміндегі осы бағытты кеңінен қарастырып жүрген ғалымдар айтқандай, антропоэлекттік бағыттың негізі Батыстан бастау алады. Яғни этнолингвистикалық бағыттардың негіздері Европа мен Америка тіл білімінде жасалған деуге болады.

Когнитивтік ғылымның негізгі ерекшеліктеріне, зерттеу нысанына, бағыттары мен ұғымдарына алғаш рет көңіл бөлген шетелдік ғалымдар болатын. Дж. Миллер когнитивтік ғылымды «XX ғасырдың 50 жылдарында дүниеге келген ақпараттар теориясының симпозиумы» деп бағалаған. Осы тұста Т. Ван Дейк, Дж. Лакофф, Р. Лангакер, Дж Хэйман т.б. зерттеушілердің когнитология саласына арналған зерттеу еңбектері жарық көре бастады. XX ғасырдың ортасында когнитивтік лингвистика қазіргі антропоэлекттік парадигмадағы базалық ілім деңгейінде қарастырылады. Жалпы адам танымна деген қызығушылық ерте кезден-ақ ежелгі гректерден басталып, бұл үрдістің негізгі ерекшелігі – тіл туралы жаңаша зерттеулерде танымдық тұрғыдан келуінде. Жүйелі құрылымдық зерттеулер мен антропоэлекттік ізденістердің ұштасуы тілді белгілі бір ұлттың рухани-мәдени коды ретінде қарастырып, ұлт пен рухты – тілді тұтас тануды мұрат ететін Германияда В.Гумбольдт теориясы мен кейін Лео Вайсгербердің ұғымның (концепт) креативтілігі теорияларында көрініс берсе, Швейцариядағы құрылымдық жүйе өкілі Ф.де Соссюр теориясының тіл мен сөйлеу арақатынасы туралы терең пайымдауларынан да табылады. Ф.де Соссюр тіл тарихы мен ұлт тарихы байланысын байқап, бұл екеуінің сабақтастығы тілде бейнеленетінін, ал тіл ұлтты қалыптастыратынын көрсетіп, тілдің әлеуметтік, психологиялық табиғатын дұрыс таныған [1,27 б.]. Сондықтан болар, жаңа ғылыми парадигмаға сай тілді зерттеуде негізгі назар тілдік тұлғаға аударылады, сонымен байланысты тілді зерттеудің жаңа мақсаттары, маңызды ұғымдар мен тәсілдер, метатілдік теориялық негіздер қалыптаса бастады. Мұндай когнитивтік лингвистикалық зерттеулер Америкада – Хомский Н., Джонсон М., Лакофф Дж., Лангакер Р. және Ресейде – Апресян Ю.Д., Кубрякова Е.М., Караулов Ю.Н. т.б. еңбектерінен көрініс тапқан.

Когнитивтік лингвистика психология, философия, логика, мәдениеттану, нейрофизиология, антропология секілді пәндермен теориялық тұрғыдан тығыз байланысты екендігін ескерсек, әр саладағы зерттеу барысында айқындалған антропоэлекттік парадигманың теориялық принциптері мен ізденістерінің әрқайсысының лингвистикадағы когнитивтік бағыттың дамуы үшін айтарлықтай мәні зор.

Алғашқы когнитивтік зерттеулер этнолингвистикалық және лингвистикалық типологияны шендестіру деңгейінде сипат алды. Бұл туралы қазақ тіл біліміндегі этнолингвистика саласының негізін салушы ғалым Ә.Қайдар: «...кейінгі кезде (АҚШ-та) қалыптаса бастаған тағы бір көзқараста этносты «Адам» деген ұғыммен алмастыру арқылы этнолингвистиканың баламасы ретінде «антропология» (адам туралы ғылым) терминін қолдану үрдісі байқалып отыр», –деп көрсетеді [2,9 б.]. Әр түрлі деңгейде антропоэлекттік парадигма элементтерін қамти дамыған зерттеулердің бір-бірімен сабақтасуы тіл біліміндегі барлық салаларға, оның ішінде ономастика саласының ғылыми-теориялық, танымдық жүйесінің айқындалуына, жан-жақты зерттелуіне де ықпал етті.

Когнитивтік лингвистика саласында зерттеу жасап жүрген ресейлік Н.Н.Рябцева, Ю.А.Апресян, Н.Д.Арутюнова, А.Г.Шмелев, Г.В.Булыгина, В.Левонтина т.б. тілші ғалымдар қазіргі таңда когнитивтік ғылымның негізгі ерекшеліктері мен оның басқа салалардан айырым белгілерін, адамзаттың санасындағы когнитивтік таным мәселесі мен оған қатысты анықтамалар мен теориялық пайымдауларын ұсынып келеді.

Жалпы, қазақ тіл білімінде кейінгі он жылдықта ғана осы бағытта ізденістер жасалуда. Бұған дейін арнайы термин ретінде қолданылмаса да когнитивтік бағыттың зерттеу нысанына қатысты пайымдаулар бұрын да қазақ тіл біліміндегі ғылыми еңбектерден көрініс тапқан. Қ.Жұбановтың: «Әр сөз өз алдына жеке ұғым (представление). Мысалы «бор» дегеннің не екенін білмек болсақ, оның неше түрлі қасиеттерін біліп үйренеміз. Осы үйренуіміздің жинағы «ұғым» представление болады», – деген [3,64 б.] ойларында тілдің әлеуметтік жағдайға тәуелділігі, адамның сөйлеп тұрған уақыттағы

психологиялық күйіне тікелей қатысы ескерілуі қажеттігін меңзейтіні оны Бодуэн де Куртэненің тілдің индивидтің санасында, психикасында, жанында өмір сүретіндігін айтқан идеяларымен сәйкес келеді.

Когнитивтік лингвистиканың ең басты категорияларының бірі – «ғаламның тілдік бейнесі» немесе «дүниенің тілдік бейнесі». Г.В.Колшанскийдің пікірінше, «ғаламның тілдік бейнесі» жөнінде жеке әңгіме етуге болмайды, себебі бұл ұғым «тілдік санамен» тікелей байланысты [4,25 б.].

Қазіргі таңда отандық лингвистикада этнолингвистикалық зерттеулердің үлесі ерекше. Бұл негізде жемісті еңбек еткен қазақ ғалымдары Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, М.Копыленко, Г.Смағұлова т.б. еңбектері тек этнолингвистика үшін емес, когнитивтік зерттеулер үшін де құнды мазмұнға ие. Ал соңғы уақыттағы таза когнитивтік бағыттағы ізденістер жалпы алғанда нәтижесіз емес. Мысалы, Г.Г.Гиздатовтың «Сөйлеу қызметіндегі когнитивтік модельдер: типологиясы мен динамикасы» атты ғылыми зерттеу еңбегінде білімді жинақтаудың интервалды тәсілдерінің типологиясы мен динамикасы қарастырылған.

Когнитивтік лингвистика антропоэзектік парадигманы, яғни адам және адам танымын құрастырушы тілді бір-бірі арқылы зерттеуді мұрат ете отырып, тіл біліміндегі этнолингвистика, психолінгвистика, социолінгвистика, нейролингвистика және лингвомәдениеттану, философия, математика, кибернетика т.б. пәндерімен тығыз байланысты. Бұл пәндермен когнитивтік лингвистика кейбір зерттеу әдістері мен ортақ зерттеу объектісі – тілдің қызметі деңгейінде тоғысады. Антропоэзектік бағыт алғашқыда лексикография, оқу әдебиеті негізінде тар көлемде қолданылғанмен, кейін, әсіресе, семантика саласында ауқымын кеңейткен.

Қазақ ономастикасының негізін қалаушылар Т.Жанұзақов, Ә.Әбдірахманов, Е.Қойшыбаев, Ғ.Қоңқашбаев, В.Н.Попова, Е. Керімбаев т.б. ғылыми еңбектерінде қазақ жалқы есімдеріне кешенді түрде тілдік зерттеулер жасалған.

Қазақ тіл біліміндегі ономастика саласына қатысты антропоэзектік парадигмадағы зерттеулердің қатарында Б.Тілеубердиевтің еңбегін ерекше атауға болады. Бұл еңбекті қазақ ономастикасын лингвокогнитивтік бағытта қарастырған тіл біліміндегі көлемді зерттеулердің бірі ретінде бағалауға болады. Ғалым өз еңбегінде: «Антропоэзектік парадигма тілді санамен байланысты қарастырады: тілдік таным процестеріне, тілдік тұлғаға, яғни тілді адам арқылы анықтауға осы бағыт басты назар аударады», - дей келіп, «Қазақ ономастикасының жеке тілдік аспектілерін зерттеуде онимнің тілдік мағынасы, антропонимдер мен топонимдердің лексика-семантикалық топтары, номинациялау принциптері, онимдердің этимологиясы, өзге тілдерден енген қабаттар т.б. қазақ жалқы есімдері жүйелі дәстүрлі тұрғыда зерттелсе, енді қазақ онимдерін антропоэзектік тұрғыда қарастыру негізінде лингвомәдениеттану, этнолингвистика, семиотика және когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеу нәтижелі болмақ [5,16 б.] – деген құнды пікір айтады.

Ал ғалым Қ.Қ.Рысберген өз зерттеуінде: «Қазақ тіл біліміндегі соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан жаңа антропоэзектік парадигманың тиімділігі – тілдік материалды адам менталдығымен ұштастыра терең зерттеуге мол мүмкіндік беретіндігінде. Осы тұрғыдан алғанда ономастикалық, топонимдік бірліктерді когнитивтік құрылымдар ретінде қазақ халқының, жеке тілдік тұлғаның ғаламның тілдік бейнесінен күрделі өзіндік орын алады. Оның фрагменті ретінде жалқы есімдер дәстүрлі ұлттық мәдениеттің вербалды кодының құрамдас бөлігі болып табылатын жеке ономастикалық код құрайды» [6,297 б.] – деген тұжырым жасайды.

Жалпы алғанда қазақ тіл біліміндегі когнитивтік зерттеулер қатарының толысып келе жатқаны байқалады. Егер ғаламның тілдік бейнесі түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерде оның ұлттық бейнесін көрсетсе, онда ономастикалық деңгейдегі жалқы есімдер ғаламның ұлттық, тілдік бейнесінің фрагменті болып табылады да, ғаламның ономастикалық ұлттық бейнесін құрай алады деп қисынды түрде айтуға болады. Тілдік санада халықтың ділі сайрап тұрады, одан халық ділінің ішкі мазмұны мен қасиетін танимыз. Ұлт пен тіл біртұтас дейтін болсақ, ұлттың ұлттығын айқындайтын діл мен тіл біртұтас деп айтуымызға әбден болады, себебі олар танымының менталды және вербалды көріністері. Осыған орай, академик Ә.Қайдар: «Егер кез келген тілдің ономастикалық жүйесін сол тілдің құрамдас бөлігі ретінде қарайтын болсақ, онда ономастика да тіл сияқты халықтың сан қырлы өмірінің, болмысының айнасы ретінде өзінің жинақтаушы, сақтаушы кумулятивті қызметін атқарады деп айтуымызға болады. Кез келген халықтың ономастиканы – жалқы есімдер бірлестігінде бейнеленген әлемдік үлгі, халықтың өткен өмірінің әдемі және қайталанбас суреті», – [2,104 б.] дейді.

Егер тілдік бірліктер арқылы ғаламның тілдік бейнесі мен ғаламның ұлттық бейнесі айқындалса, онда ономастикалық атаулар ғаламның ұлттық, тілдік бейнесінің фрагменті болып табылады да, ғаламның ономастикалық ұлттық бейнесін құрай алады деген қағидаға ерекше назар

аударуға болады. Оған тағы бір себеп ретінде, белгілі лингвист В.А.Маслованың: «Когнитивтік лингвистика лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоэлекттік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды» [7,9 б.] – деген пікірін қосуға болады.

Осы уақытқа дейін жүргізілген түрлі деңгейдегі когнитивтік зерттеулерді қарастырғанда, жоғарыда көрсетілгендей, олардың барлығына ортақ мәселе тілдік антропоэлекттік, дәлірек айтқанда, тілді тұтынушының рухани болмысы мен өмірлік тәжірибесі, шаруашылық мәдениеті концептуалды түрде ғаламның тілдік бейнесі ретінде көрініс табуы екендігі анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ф. Де.Соссюр. Курс общей лингвистики // В кн.: Ф.Де Соссюр труды по языкознанию. –М., 1977.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. –Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 450 б.
4. Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. –М.: Наука, 1990. –245 с.
5. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. –Алматы: Арыс, 2006. –277 б.
6. Рысбергген Қ.Қ. Концептуалды зерттеудің мегааспектологиясы жөнінде // «Қазақ тілінің лексикология, лексикография, фольклортану мен көркем аударма мәселелері: қалыптасуы, дамуы мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2007. – 320б.
7. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Минск: Тетра Системе, 2004. –255с.

ОӘЖ 82.1512122

Тәжмұхаметова Айсәуле Аманғалиқызы

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, гуманитарлық факультетінің II курс магистранты, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: **Доскеева Ш.А.**

филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ПОЭЗИЯСЫ

Мақала Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, көрнекті ақын, көп қырлы талант иесі Мұзафар Әлімбаевтың поэзиясына арналды. Сонымен бірге, мақалада ақын шығармаларынан көрінетін лирикалық қаһарман бейнесі, ақын өлеңдеріндегі көркемдік ерекшеліктер мен ақын стилі қарастырылды.

Түйін сөздер: халық жазушысы, қазақ ақыны, поэзия, лирикалық кейіпкер, өлең құрылысы, ақындық жауапкершілік.

Эта статья посвящается народному писателю Казахстана лауреату государственных премии имени Ы.Алтынсарина, народному представителю, талантливому, Музафар Алимбаеву. В этой статье рассматривается художественное описание стихотворений его стиль, а также лирический герой.

Ключевые слова: народный писатель талантливый представитель, казахский поэт, поэзия, лирический герой, теория стихосложение, поэтический ответственность.

This article dedicated the national writer of Kazakhstan, winner of the state prize of the owner of Altynsarin medal, national representative, talented writer Muzafer Alimbaev. This article considered artistic description style of poems and lyrical hero.

Keywords: national writer, talented representative, Kazakh poet, poetry, lyrical hero, construction of poem, poetic responsibility.

Мұзафар Әлімбаев әдебиеттің қырлы да сырлы соқпақтарынан өзіндік жол тартып, жұрттының жүрегіне бойлаған, өлең қамын ерте ойлаған, қаламы қолынан бір сәт түспеген, шығармашылық қыруар еңбегін халқының рухани дамуына бағыштаған, қазіргі қазақ балалар әдебиетінің классигі және оның зерттеушісі, өлең-баталарды қайта жаңғыртушы және дамытушы тұңғыш ақын. Елін шексіз сүйетін біртуар дарынды ақын 1996 жылы шыққан «Көңіл күнделігі» атты кітабындағы Мұзағанның өз сөзімен айтқанда: «Жақсылық пен ізгілік, ерлік пен елдік дәстүрі ешқашан үзілмесе екен. Осы дәстүр аға ұрпақтан бала ұрпаққа мирас болып жалғаса, жарқырай берсе екен. Ол үшін аға ұрпақ бала ұрпақ алдында маңдайға ұстап, мақтан тұтар марғасқалардың өшпес өнегесін, өлмес ерлігін дәріштеп, сонымен қабат өздері кешкен опығын да, тіпті қателігінде жасырмай, бүгіп қалмай, әрдайым баяндап отырса екен. Шынайы қаламгер өз творчествосында осындай мұратты көздесе керек!» бұл халық ақыны, ар-иманын кіршіксіз сақтай білген, ел ұлы Мұзафар Әлімбаевтың халқына, шығармашылық иелеріне берген ақ батасы.

Лирикалық кейіпкер болмысы ақынның адамгершілік қасиеттерін, ой, сана, сезім, дүниетаным тереңдігін, ақындық мәдениетін, көркемдік шеберлігін, эстетикалық һәм философиялық көзқарасын айқын танытады. Б.Кенжебаев: «Лирикалық образ — сыршыл өлең-жырлардағы ақынның өз бейнесі, оның ішкі бітімі, ақынның мың иірім көңіл-күйінен, нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер» [1,127-б]-дейді. Ақын парасаты кейіпкер парасатына, одан әрі адамзат құдіретіне ұштасады. Поэзиядағы азаматтық, ұлттық рух та ақын тұлғасына қатысты.

«Адақтап біржолата ел есінен,
Кітапты суырғандай сөресінен,
Сөзіме қосып әлде өзімді де

Уақыттың лақтырар ма кемесінен?! Міне, осындай да үрейлі ойлар кейде мазалайды. Көркем ой мен көрікті жыр тауып, көп алдына шығу қиындап барады» [2, 339-б], - деп жазады Мұзафар Әлімбаев.

Ақындық жауапкершілікті қазақтың аса көрнекті ақыны Қ.Мырзалиев:

Дос деймін жақсы жазсам өзімді өзім,

Бүлдірсем, дұшпаным да бір өзімнен [3,194-б], — деп сипаттаса, жазушы жауапкершілігін терең сезініп, ақындық арын биік ұстауды армандайды.

«Өтеді ақын батыр боп» өлеңінде:

Кіші болсын, дәу болсын,

Сырқат болсын, сау болсын:

Ақын шептің алдында!

Қандай шүбә бар мұнда?!» [2, 207-б], — деген ой келтіреді. Бұл оның арман аңсары да, өз сенімі де секілді. Ақынның өзі қандай деңгейде? Бұл екі мәселенің де ақын өнернамасының болмысын, бітімін, салмағын анықтауда атқарар рөлі аз емес.

Мұзафар Әлімбаев ақындығының бір белгісі – сөзге жауапкершілігі айрықша екенін талай әдебиетші-сыншылар атап көрсеткен. Көрнекті ақын, дуалы ауыз Ғафу Қайырбеков ақынға мынандай баға береді: «Мен Мұзағаңмен республика ішінде де, сыртында да талай сапарлас болдым. Баладай алаңсыз ақ көңілі мен сергек, сезімтал, әңгімешіл, сырласқыш, жадында оқыған, білгенін, естігенін, елтігенін магниттей тартып жібермейтін, көп білгенін көпке үлестіргісі келетін, өзгенің табысына, жақсысына қуанып, өзінікіндей көріп, мәз болғыш, күлегеш те қызық мінезді, жаратылысы жақсы адам екеніне сол жылдарда да әбден көзім жеткен еді. Сол үшін де айрықша жақсы көріп, құрметтейтінмін» [4].

Ақынын алыстан танып, талантты тамыршыдай тап баса білген халықтың оған деген ықылас-құрметі қашан да зор болған. Халықтың берген бағасынан бөлек, ақын туралы баспасөз беттерінде көптеген сын мақалалар жазылып, кейбір еңбектерде біршама зерттелді. М.Әлімбаевтың азаматтығы жайында онымен ондаған жыл бойында өмір өріне қатар аттап келе жатқан әйгілі әрі ақиқатшыл әдебиетші ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішев: «Сырт келбетімен де, күлкісімен де, әзіл-қалжыңымен де, жаны жақсыларға жанасқыш майда мінезімен де, ешкімді жатсынбайтын бауырмалдығымен де, әңгімеден аузы құрғамайтын сөзуарлығымен де Мұзафар қырғызша айтқанда, шоң қазақтың бірі. Мұзағаңның азаматтығы оның ақындығына күш-қуат беретін, тар қолтықтан демеп, өрлі жерден асырып жіберетін қасиет десем, артық болмас. Сонда Некрасовтың баршаға мәлім кемеңгер нақылын еске аламыз да, ақындығына дән риза боламыз» [5], - деп жазады

Мұзафар Әлімбаев ақындықтың парыз-міндетін имандай сыр қылып, аса бір әсем өлеңімен иландыра, пәтуалы образбен ашып берген деуімізге әбден болады. «Ақынның образдары — ақыннан өзге ешкім де емес, тек бұл оның өлеңінде әр түрлі пішіндегі объективті тұрпаты ғана. Сондықтан ол осынау ұлы әлемнің тұтқасы ретінде «Мен» деп сөйлеуге толық хақысы бар...» - деп тұжырымдайды Ф.Ницше. Ендеше, ақынның сыр-симфониясына тоқталайық:

Тумайды жұртын ақын жылатуға,

Туады жүректерді нұрлантуға.

Өлеңін орамал ғып өтеді олар,

Көз жасын адамзаттың құрғатуға» [2, 206-б]- деген өлең жолдарының М.Әлімбаевтың жалаң ақын ғана емес, ол өзі де әдебиет зерттеуші екенін аңғарамыз. Аса көрнекті ақын Ғ. Қайырбеков сөзімен айтсақ, «Мұзафар Әлімбаев шынтуайтқа келсек, нағыз ғылымның адамы» [4]. Ақынның «Поэзия патшалығында» және «Поэзия парасаты» деп аталатын екі циклі жүз бір өлеңнен тұрады. Бұл тақырыптағы жеке өлеңдері өзі бір төбе. Мысалы, мына бір шумақта: Өлгендер өре тұрардай

Өңмеңнен ұрып жығардай,

Бір сөзді жалған жазсам мен,

Ғұмыры сағым сыңардай[6, 325-б], - делінген.

Жалпы алғанда, ақынның «Көңіл күнделігінен», «Қалам қайраты», «Өмір. Өнер. Өнерпаз.», «Толқыннан толқын туады», «Көңіл күнделігі» сияқты әдеби-зерттеу кітаптарында да көркем әдебиет, ақындық, өнер жайындағы көзқарасы мол қамтылған.

Ақиқаттан айныса, ақын сорлы.

Сөзін айтпай біткені ақыр соңғы...

Одан кейін жөні жоқ жақ ашудың,

Ку кедейдей жайлаған тақыр сорды [7, 171-б]. - бұл дербес туынды, жеке төрттаған, рубаи, автор оны «Ақиқаттан айныса...» деп атаған. Осыны әрі ақынның өз сөзі, әрі лирикалық кейіпкердің сөзі деп қабылдауға әбден болады, кімнің сөзі екендігінің ара-жігін айыру қиын десек те болады.

Әр ақынның көкейінде оның өлеңін жан-жүрегімен сезініп, түсінетін, әр сөзін бар бояуымен, әр дыбысын бар әуезімен қалтқысыз қабылдайтын өз оқырманының аңсарлы образы бар. Өлең жазылып жатқан сәтте ол образ – бейне ақынның көз алдында көлденеңдеп тұрып алуы шарт емес, әрине. Ол ақынның болмысымен тұтасып кеткен тұлға

Әрине, мұндай ұласуға, яғни ақын мен лирикалық қаһарманның бір бейнеге, тұтастық дәрежесіне жету – ақындықтағы белгілі бір биіктік. Ақынның лирикалық кейіпкері арғы аталардың өзінің алдындағы барша Алашына бақыт сыйлаған жолындағы жемісті еңбегін аса жоғары бағалайтын азамат болғандығынан ондай ағаларды достар түгіл, дұшпан да табалай алмайды — деп түйеді «Аталар мен ағалар» атты өлеңінде [8, 61-б].

М.Әлімбаевтың:

«Өзің от боп жанасың,

Өзгелердің нұрлантуға санасың.

Өзің күл боп қаласың,

Өзгелердің құнартуға даласың» [8,322-б], — дегені оқырманды нандырады, иландырады Ақын мен лирикалық кейіпкердің бір тұтас тұлғаға ұштасқанын, тоғысқанын байқаймыз.

Ақын поэзиясындағы лирикалық қаһарман өткеніне үнемі ой жіберіп, талдау таразысына тартып, қорытынды жасауды үрдіске айналдырған. Онысы - болашақтың қамы, өзін жан-жақты жетілдіру қамы. Мысалы «Шәкірттіктен құтылды — деп шаттандық» дейтін өлеңде «Көп нәрсені әлі шала білеміз» —деп өкінеді. Оқуды аяқтаумен тынуға болмайды.

«Аз білердің сөзі әр кез кібірттік», «Абзал ұстаз — мінсіз шәкірт». Ол ғұмыр бойында үйренуден тиылмайды. Оқу білімін үстемелеу, үзілмес үрдіс болғанда ғана — өмір өкінішсіз, еңбек жемісті [8, 31-б]. Екінші бір өлеңде («Ақиқатты іздеген») лирикалық кейіпкер ақиқатты іздеген жанды өзіне дос санайды, ал жалғандықты жақтаған бір туғанын да жат деп есептейді.

М.Әлімбаевтың өлеңдерін оқығанда, ақын мен өлеңнің тұтастығы, бірлігі айқын байқалады. Осы ретте әдебиетші, ғалым С.Қирабаевтың: «Ақын арманы, қуаныш, қайғысы өлең боп тууы керек. Егер ол өлеңге айналмаса — өлгені. Ақын мен өлең туысса, бас қосса, өмір көктің төсінде жарқылдап жаңғырықпақ, екеуі де мұнды күйін ұмытпақ. Өлең бар жерде ақын өлмек емес. Өлең оны өлім ауызынан құтқарып алмақ. Өмір болып тіл қатпақ» [9]- деген жолдары ойға оралады.

Сұлулықтың кінә ғой әрін сылу,

Батырлықтың өлім ғой сағы сыну...

Көтереді батырдың аруағын

Туған жер топырағына қаны сіңу.[7, 94-б] – бұл өлең жолдарынан туған ел тәуелсіздігі үшін ажал құшу өлім емес, — өмірдің жалғасуы деген идея бойына осылай сіңгенін байқаймыз. Ақынның ішкі жан-дүниесінің қалауы, мақсат бағыты оқырман тілегімен қауышып жататын тұстары аз емес. Мұндай қырлары сыншылар пікірімен де толық сәйкесіп отырады. Суреткер жазушы қоғамдық ой-пікір мен салт-сананың мәнді сипаттарын әр уақытта аңғарып, байқай біледі, оларды айқындап көрсетіп, ойшыл адамдардың көз алдына тікелей қоя алады.

Ерлік дәстүрді әлсін-әлсін аялай жырлау М.Әлімбаевтың үлгілі үрдісі болып табылады.

Дананың жолы

Елден елге дейін.

Шаланың жолы

Үйден көрге дейін [8, 253-б] -«Құлпытастағы жазуда» осындай ізгі ой бар. Ел мен елді ерлер өнерімен, ғылымымен, ерлігімен жалғастырады.

Тамшыға өлең арнаған

Ұмытпас ұлы теңізді

Бірге ғой (бәрі Алладан!)

Қосалқы мен негізгі [7, 239-б].- деген өлең жолдарын да ақын адам жаһан дүниенің бір бөлшегі, сондықтан да сол шетсіз-шексіз тылсым дүниенің құпиясын, неғұрлым тұтас қалпында ұғынғаны абзал дейді.

Есіңнен елің шықса — есалаңсың,

Ендеше қайтып тірлік кеше аларсың [7, 239-б]. Үзілді-кесілді айтылса да, ұтымды. Кім-кімді де сілкіндірер қуаты бар тұжырым.

М.Әлімбаев — пәлсапалық ойдың ақыны. Ақынның осындай сипаттағы «Дәлдір менен дананың», «Көшеде тұр бүрісіп», «Бір метр», «Тал кестім», «Биіктер», «Біреулер көзбен көріп жүрмін дейді», «Кім қисын?!», «Бір кезде жұрт сынайтын «баласың» деп», «Адамзат кешпеген ауыр сын», «Үндемейді неге анау қара тас?», «Бастай алмай дағдарсаң өмір көшін», «Бәлен ақын пәлсапалап жазды жыр», «Өшпес із», «Бөктердегі шым құдық», «Түс» және тағы басқа жырлары бүгінгі қазақ ой-толғамының бір көрінісі іспетті.

Түрлік тұрғыдан алғанда Мұзафар Әлімбаев ұдайы ізденістегі ақын. Тандаған тақырыптың көркемдік мұқтажына қарай әр жолдағы буын сандарын, кейде тармақ санын өзгерте отырып, жаңа ырғақтар табады, өлеңнің шумақтық құрылымына да жаңалық енгізеді.

Жаңашыл ақын соңғы жылдары жалғыз жолды жырлар жазумен де шұғылданды. Бұл Батыс Еуропа поэзиясында қанат жайған дәстүр, ал қазіргі орыс поэзиясында сирек үрдіс. Ақынның тәжірибесі қазақ поэзиясындағы ең алғашқы қадам. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған жалғыз жолды жырлардан бірнеше мысал келтірейік: «Айтылмағыш ақиқат аңсаттырғыш», «Шынарынды шыбық деп қомсынар жат», «Тасырға тас атам деп, тарихқа атпа», «Әр қазақ көкірегінде — бір Кене хан», «Аздық ол қорлық емес — ездік қорлық», «Шындық бір, адам біреу, пікір екеу» [10].

Өзінің тамырын тереңге жіберген алып бәйтеректі біз – ақындар десек оның сансыз жапырағын – ақынның жыры іспетті дейміз. Осы қазақ өлеңі дейтін өлкеде өз үнін, өз қолтаңбасын бізге, яғни болашақ ұрпаққа танытып келе жатқан талантты ақындарымыздың бірі М.Әлімбаевтың 1994 жылы «Ана тілі» газетінде 14 рубайдан құралған «Туған тіл туралы төрттағандар» деп аталатын тұтас топтамасы жарияланды. Мұндай топтама-рубаилар — қазақ поэзиясындағы жаңа дүние, көркемдік табыс. «Ана тілі» газеті жариялаған төрттағандар топтамасынан бірнеше мысал келтіріп көрелік:

Уақыттың желі аңызак, күні кебір,
Заманның болмай тұр ғой мұңы жеңіл
Күн көрік, ай шырайлы Ана тілім!
Айнаңды сүрткім келер күніге бір.
Қадірін сұлу білмес өз көркінің,
Ару тіл жайлап жаяр саз толқынын.
Шәкірт күрд... Тілші жапон... Елші венгер...
Сұрайды қазақшалап сөз төркінін.
Жұпарлы қырда алуан гүлдер таптым,
Өміршең өзіміздің тілден таптым,
Тіл екен жемістісі, жұпарлысы.

Аялап халық баққан гүл мен бақтың [11] . Бір тақырыпқа мұндай топтамалар тудыру ұзақ ізденісті, асқан ойшылдықты, қиял ұшқырлығын талап етеді. Шынтуайтқа келгенде, «Күн көрік, ай шырайлы ана тілім», «Ару тіл жайлап жаяр саз толқынын» деген жолдардың метафоралық-бейнелілік сипаты жаңаша. Сондай-ақ поэзиялық мағыналас сөздер де («жемісті, жұпарлысы») ырғақтылығымен, әуезділігімен көңілде із қалдырады.

Жарты ғасырдан астам уақыт ішінде ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаушы, әрі зерттеуші ақын халықтан көп нәрсе үйренгенін дәлелдейді.

Көптеген келісті кестелердің бірі мынадай. Өлең 1969 жылы жазылған.

Жердің
Қойнындағы
Жез.
Қазбасаң,
кім алады?!
Елдің
Ойындағы
Сөз.
Жазбасаң,

жоғалады [7, 180- б]. Автордың айтуына қарағанда “осы шумақ өрнекке бірден түскен”. Он жолдық дербес сыңар шумақ. Екі-ақ сөйлем. Аралас буынды ырғақ. Дауыс толқынының еркін құбылуы бар. Тұтастық – бірлік бар. Шумақтың схемасы: жолдары мына ретпен жалғасады – 2 буын – 4 буын – 1 буын – 3 буын – 4 буын – 2 буын – 4 буын – 1 буын – 3 буын – 4 буын.

Ұйқастардың реті: а-б-в-г-д-а-б-в-г-д.

Поэзия - қасиетті де киелі сөз. Поэзияны үлкен құлып десек, оны ашатын алтын кілт - ақын жүрегі. Ақын халықтың сүйікті де ардақты азаматтарының қатарында тұрады. Халық қалаулысы болу ақынның тілге шешен болуы ғана емес, сонымен бірге халық тұрмысының шындығын суреттеуі, оның қуанышына бірге қуанып, қайғысына бірге қайғыруы.

Қорыта айтсақ, дарынды ақынның біз атаған қырлары міне осындай. Сонымен қазақ лирикасын, жалпы қазақ поэзиясын, шындап келсек, бүкіл туған әдебиетімізді әр салада аса қымбат жаңа көркемдік сапалармен көркейткен М.Әлімбаевтың еңбегі орасан зор. Қаламгер жырлары бүлдіршіндер үшін бір жағынан ұғынықты болса, екінші жағынан көркем, бейнелі, әрі әсерлі. Бұл, әрине, ақын шеберлігінің айғағы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. – Алматы: «Жазушы», 1984.-252б.
- 2.Әлімбаев М. Көңіл күні (Таңдамалы) – Алматы: «Жазушы»,1971
- 3.Мырзалиев Қ. Шығармалар жинағы. I т.- Алматы: Жазушы, 1989
- 4.Қайырбеков Ғ.Сарабдал сөз сардары//Егеменді Қазақстан.- 1993.- 29 қазан;
- 5.Кәкішев Т. Қайратты қалам қарышы//Жұлдыз.- 1983.- №10;
- 6.Әлімбаев М. Таңдамалы II томдық. I т.- Алматы: Жазушы, 1983.
- 7.Әлімбаев М. Шығармалар жинағы.- Алматы: Санат, 1997.
- 8.Әлімбаев М. Сүймеген жүрек семеді.- Алматы: Жазушы, 1987
- 9.Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері.- Алматы: Білім, 1995
10. Әлімбаев М. Жалғыз жолды жырлар//«Қазақ әдебиеті».- 1996.- №18
11. Әлімбаев М. Туған тіл туралы төрттағандар//«Ана тілі».-1994.- №12

ОӘЖ 81'373; 001.4

Төребекова Іңкәр Қымбатқызы

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты, Семей қ.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Қай тілде болмасын терминология саласының орнын және терминологиялық қорды байытуға қосқан үлесін анықтау аса қажет. Бұл мәселеге жайында ғылыми ізденіс жасау қашан да өзекті болмақ. Мақалада А.Байтұрсынұлы тіліндегі терминдердің жасалуындағы түрлі қағидаларды жүйелеп, саралау, ерекшеліктері айқындалды, тіл бірлігі ретінде тіл тарапынан қойылатын құрылымдық-мазмұндық және лексикалық талаптар табиғаты, соңғылараның қойылу шегі, қатардағы жай сөздерге тән қысқалық, бейнелілік, дәлдік құбылыстарының терминдік жүйедегі орны мен үлесі анықталды.

Түйін сөздер: терминология, термин, терминжасам, ғылыми ұғымдар, терминжасам принциптері, ғылыми мәтін.

Краине важно определить роль терминологии на любом языке и вклад в обогащение терминологических ресурсов. Научные исследования по этому вопросу всегда будут актуальны. В статье описывается дифференциация и дифференциация терминологии на языке А. Байтұрсынова, характер структурно-содержательных и лексических требований языка как языковой единицы, предел последнего, место и роль явлений, точность, точность обычных слов в терминологической системе.

Ключевые слова: терминология, термины, научные концепции, принципы терминологии, научный текст.

It is extremely important to determine the role of terminology in any language and contribute to the enrichment of terminological resources. Scientific research on this issue will always be relevant. The article describes the differentiation and differentiation of terminology in the language of A. Baytursynov, the nature of the structural-content and lexical requirements of the language as a linguistic unit, the limit of the latter, the place and role of phenomena, the accuracy and precision of ordinary words in the terminological system.

Keywords: terminology, terms, scientific concepts, terminology principles, scientific text.

А. Байтұрсынұлы - қазақ терминологиясының әрі жол салушысы, әрі негізін қалаушысы. А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының жол салушысы ретінде жалғыз емес, себебі А. Байтұрсынұлына дейін де, А. Байтұрсынұлының заманында да қазақ тілі терминологиясы саласында қызмет еткен қазақ зиялылары болған. Бірақ қазақ тіліндегі терминологияның негізін қалаушы, негізін салушы ретінде дара тұлға. А. Байтұрсынұлы терминнің негізгі екі түрлі жолмен жасалатынын

жақсы игерген (термин - ұғымды атайтын сөзден жасалады; термин - затты атайтын сөзден жасалады). А. Байтұрсынұлының жасаған терминдері тіл, әдебиет, әдістеме ғылымдарына арналған соң, олар ұғымның аты негізінде жасалған.

А. Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасында терминжасамның осы екі негізгі жолы бірін-бірі қиып өтпеген. Яғни, Ахмет Байтұрсынұлы термин жасағанда, ең алдымен, қазақ халқының жалпылама (абстракциялық) ойлау қабілетінің мүмкіншіліктерін пайдаланған, себебі қазақ пәлсапасында, қазақ менталитетінде жалпылама ұғымдық категория басым.

А. Байтұрсынұлы терминдерді көп жағдайда оқыту (білім беру) мақсатында жасағанымен, соңынан сол терминдер нақ ғылыми салада да (ғылыми стильде) өз орнын нықтап мекендеді, себебі ол терминдер, ең алдымен, тілтанымдық ұғымдардың маркерлері болды, содан соң әдістемелік, білім беру мен білім алу ұғымдарының маркерлері болды. Сонымен ХХ ғасырдың басында А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің негізінде қазақ тілі терминологиясын жасады да, қазақ тілтанымында терминжасам ілімінің негізін салды.

А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының негізін қалаған кезде қазақ тілтанымында әр түрлі теориялар жоқ еді, негізгі тілтанымдық ұғымдар әлі анықталмаған еді, сондықтан Ғалым терминдерді жасау үшін, ең алдымен, ғылыми ұғымдар қорын анықтады, оларды атады, сөйтіп тілтанымдық, әдебиеттанымдық-әдістемелік ғылыми мектептерді дүниеге келтірді, қалыптастырды.

Ғылым тарихында бір термин қолданыстан шығып, орнына басқа (жаңа) термин қолданылуы мүмкін. Мысалы, жалпы қазақ ғылымы және қазақ тіл білімі тарихында: тәлім-тәрбие - педагогика, пәлсапа - философия; дауыстылар гармониясы - дауыстылар үндестігі - сингармонизм - дыбыстар үндестігі - үндесім - үндестік.

Мұндай жағдай әлем тіл білімінде де, ұлттық тіл білімінде де, бір ғалымның творчестволық өмірінде де кездеседі. Мысалы, А. Байтұрсынұлы бір ұғымды (әріп ұғымын) екі терминмен атайды және сол екі терминнің біреуінің үш фонотипін қолданады: қаріп - харіп - әріп, таңба. Яғни Ғалым әріп, таңба терминдеріне нық тоқтағанынша біраз уақыт өткен, біраз контекстуалдық эксперименттер (қолданыстар) жасаған.

А. Байтұрсынұлының термин жасау процесінде негіз тұтқан принциптері: 1) терминнің түсініктілігі (оқушыға); 2) терминнің ана тілі негізінде жасалуы; 3) көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданыстан тыс шығару; 4) қажеті мол жағдайда жат тілдің терминін де қолдану (Европа және араб, парсы тілдерінен). Сонымен А. Байтұрсынұлы өзінің терминжасамдық концепциясында жат тіл бірліктерінен жасалған терминдердің қазақ тілінде қолданылуының қажеттілігін толық жоққа шығармайды.

Термин тілге алдымен жат тілден енуі мүмкін (лингвистика), содан соң ана тілінің негізінде жаңа термин пайда болуы мүмкін (тіл білімі, тілтаным). Керісінше де болады: термин алдымен ана тілі негізінде жасалады да, содан кейін интертермин еніп, оны ғылыми қолданыстан шеттетеді (мысалы, А. Байтұрсынұлының пән сөз ғылыми атауын интернационалдық атаулар (термин, терминология) қолданыстан шығарды).

Терминология сөздермен аталған ұғымдар жүйесі (мысалы, тілтанымдық ұғымдар жүйесі және олардың атаулары - терминдері). Терминдер номенклатурасы - нақты ғылым саласының ұғымдар жиынтығының атаулар жүйесі (мысалы, фонетика объектерінің, ұғымдарының атаулар жүйесі).

Сонымен терминология ұғымы терминдер номенклатурасы ұғымынан кең, себебі, терминдер номенклатурасы нақты ғылыми саланың ғылыми объектілерінің (ұғымдарының) аттары (яғни терминология ұғымынан тар ұғым).

А. Байтұрсынұлы өзінің терминжасамдық творчествосының барысында жалпы терминологияға да, терминдер номенклатурасына да арнап терминдер жасаған. Мысалы: тіл, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі атаулары жалпы терминологияға жатады: дыбыс, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс атаулары фонетиканың терминдер номенклатурасына жатады.

А. Байтұрсынұлының ғылымды табиғи объективтік болмыс ұғымында түсінуі және қазақ тілі ғылыми стилінің негізін қалауы. Ғылым ұлттандырылмайды. А. Байтұрсынұлы қазақтың ұлттық тіл білімі ғылымының негізін қалады, бірақ жалпы ғылымды ұлттық дүние деп түсінген жоқ. Ғылымды жалпы адамзаттық, жалпы әлемдік дүние деп түсінген, сондықтан да ол "Тіл - құрал" деген, "Тіл - адамның белгісінің зоры"- деген [1, 5].

А. Байтұрсынұлы ашқан тіл, әдістеме ғылымдарының заңдылықтары, ұғымдары ғалымның ғылыми мәтіндерінің мазмұны болып қалыптасқан. А. Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндерінің мазмұны сан түрлі (фонетика, орфография, графика, морфология, синтаксис, әдістеме, әдебиеттану, тарих), себебі ғалым ғылымның бірнеше саласында ғылыми ұғымдар, заңдылықтар ашып, оларды

терминдендіріп, оқыту, ғылымтану қызметінде пайдаланып, әдістемелік, тілтанымдық, әдебиеттанымдық, ізденістерді алып баруды дәстүр ретінде қалыптастырған. Сонымен А. Байтұрсынұлының ғылыми, ғылыми-әдістемелік мәтіндерінің мазмұны - өзі ашқан қазақ тілінің заңдылықтары мен ұғымдарының жазбаша тілдесім түрінің қоры.

Тіл үш негізгі әлеуметтік қызмет атқарады - қарым-қатынас қызметі, хабарландыру қызметі, әрекеттендіру қызметі. Осы үш қызметтің екеуі (хабарландыру, әрекеттендіру) ғылыми стильдің негізі болады. Яғни, барлық ғылыми стиль мәтіндерінде жаңа ғылыми дерек, шешілім, заңдылық,... жайында хабар болады және сол ғылыми хабарды ереже, шарт ретінде қолдану керек екендігі туралы тілдің әсер ету (әрекеттендіру) функциясы арқылы жеткізіледі.

А. Байтұрсынұлы ғылыми стиль қызметінің екі түрлі қызметтен құрастырылғанын (ғылыми стиль қарым-қатынас қызметін сирек атқарады) жақсы түсінген, себебі Ғалымның нақ ғылыми, ғылыми-әдістемелік мәтіндерінің ішкі дүниесінен тілдің хабарландыру қызметі де, әрекеттендіру қызметі де үлкен орын алады. Мысалы: "Дауыссыз дыбыстардың кейі қатаң, болады. Соған қарай харіптері де қатаң әм ұяң деп аталады... Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң харіфтердің астын сызып көрсетіңіздер". (А. Байтұрсынұлы, 1914; 1992. 148 б.).

А. Байтұрсынұлы мәтінінің осы үзіндісінде ғылыми стильдің әрі хабарландыру, әрі әрекеттендіру қызметтері айқын байқалады. Хабарландыру қызметі - дауыссыз дыбыстардың екі түрлі болатындығы жайында (қатаң, ұяң). Әрекеттендіру қызметі - осы жаңа ғылыми хабарды түсініп білім алу процесінде қолдану үшін сөздердің құрамындағы қатаң әріптерді тауып, солардың астын сызу керек екендігі. Яғни бұл ғылыми мәтін балалардан ұғу қызметін де, машықтану қызметін де атқаруды талап етеді.

Ғылыми стильді екі түрлі факторлар қалыптастырады - лингвистикалық, экстралингвистикалық. Лингвистикалық факторлар - тіл бірліктерінің (сөз, термин, терминдер тіркесі, сөйлем (хабарлы сөйлем, құрмалас сөйлем,...) ғылыми мәтінде қолданылуы. Экстралингвистикалық факторлар - ғылыми мәтіннің тілдік ұғымдардан тыс ұғымдарды, шарттарды сақтайтындығы (нақтылық, біройлылық, көркемсіздік, бейэмоциялылық, жалпыламапық, күшейтеушілік, жекелендірмеушілік, объективтік, әділдік, шындық, т.б.). А. Байтұрсынұлының ғылыми, ғылыми-оқыту мәтіндерінде лингвистикалық та, экстралингвистикалық та факторлар нық қалыптасқан. Ғалымның ғылыми және ғылыми-әдістемелік мәтіндерінде жоғарыда аталған лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар сақталғандықтан, ғылыми стильдің барлық негізгі көрсеткіштері қалыптасқан және басқа функционалдық стильдердің көрсеткіштері ендірілмеген (тұрмыстық қарым-қатынас, көркемдік, публицистикалық).

Сонымен А. Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басында қазақ тілі ғылыми стилінің лингвистикалық және экстралингвистикалық негізгі факторларын, қасиеттерін қалыптастырған; қазақ стилистикасының тілдік және тілдесімдік стандарттарын өзі жаратқан, себебі терминдерді, терминдер тіркестерін, мәтіннің ғылыми стильдік реңкін дүниеге келтірген, қолданған, дәстүрлендірген.

Ғылыми стильдің тағы бір үлкен ерекшеліктері - терминнің, терминдер тіркесінің жиі қолданылуы. Бұл ерекшеліксіз ғылыми стиль қалыптаспайды. А. Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінің бәрінде терминдердің қолдану жиілігі жоғары. Бұл жағдай қазақ тілі ғылыми стилінің енді қалыптаса бастаған кезін өзінде оның бір мағыналық, нақтылық, қысқалық сияқты негізгі қасиеттерінің нық болып дүниеге келгенін дәлелдейді. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының 20 жолдан тұратын (жарты бет) мәтінінде терминдердің қолданылу жиілігі төмендегідей: әдіс - 11 рет; емле - 9 рет; дыбыс негізгі әдіс - 4 рет; тұтас тұлғалы әдіс - 3 рет; дыбыс жүйелі емле - 3 рет; тарих жүйелі емле - 2 рет.

Сонымен А. Байтұрсынұлының ғылыми мәтіндері терминдердің қолданылу жиілігі жағынан да қазіргі ғылыми стильдің талаптарына, ерекшеліктеріне толық жауап береді.

Ғалымның терминологиялық мұрасына көңіл белгендердің ішінде әр түрлі ғылыми салалардың мамандары бар: тілшілер, әдебиетшілер, әдістемешілер, математиктер, химиктер, биологтар, дәрігерлер, тарихшылар, техника саласының мамандары. Бұл жағдай А. Байтұрсынұлының терминжасамдық дүниесінің маңызы жан-жақты екендігін, қазақ қоғамының барлық әлеуметтік салалары үшін еңбек етіп жатқанын дәлелдейді. Яғни А. Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасы - полиғылыми, полиәлеуметтік дүние. Ө. Айтбаевтың сөзімен айтатын болсақ, "Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсынұлының орны сондай" [2,15].

Зерттеушілер көңіл бөлген негізгі мәселелер әр түрлі. Сол мәселелердің мағыналық көлемін біз төмендегідей анықтадық: А. Байтұрсынұлы - жалпы қазақ терминологиясының жолын көрсетуші

(родоначалық) және негізін салушы (основоположник); А. Байтұрсынұлы - қазақ тіл білімінің, қазақ әдебиеттануының, қазақ әдістемесінің негізін салушы; А. Байтұрсынұлы - салалық ғылыми терминологияның негізін салушы; А. Байтұрсынұлы - қазақ тілі терминжасамы теориясының негізін салушы (ұғымдар, принциптер, жасалу жолдары, т.б.); А. Байтұрсынұлы - терминжасамдық қызметте қазақ тілі мүмкіншілігінің ажарын ашушы, қазақ тілі бірліктерін термин ретінде қолдануды бас міндет деп баяндаушы және соларды ғылыми қызмет айналымында қолданушы; А. Байтұрсынұлы - қазақ тарихындағы, жалпы түркі әлемі тарихындағы терминжасам ілімінде дара тұлға.

А. Байтұрсынұлы жалпы терминологияға (ұғымдар жүйесіне), терминдер номенклатурасына (нақты- ғылым саласына) арнап терминдер жасаған, семасиологиялық таңбалар ретінде қалыптастырған. Тіл туралы сол тілде тілдесім жасау - ғылыми ізденістер жасау. А. Байтұрсынұлы еңбектерінің тілтанымдық мұрасы - қазіргі қазақ тіл білімінің негізі. А. Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасын зерттеушілер концептуалдық жақтан терминнің шығу тегін, жасалу жолын, қолданыстағы ерекшеліктерін әңгімелейді. А. Байтұрсынұлының зерттеулері тілтанымдық табиғаты тілдік тілдесім негізін, қорын құрайтын құнды ғылыми еңбектер, оның әлі де зерделенер тұстары көп деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қалиұлы Б. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминдері // Ұлттық рухтың ұлы тілі. - Алматы: Ғылым, 1999. - 409-416 бб; Байтұрсынұлы А. Тіл - құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. Орынбор, 1914.
2. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі. Алматы: Рауан, 1997. - 240 б.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ОӘЖ: 378

Аннаева Ширин Агамырадовна

5B011100-Информатика мамандығының 4-курс студенті, Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

Ғылыми жетекшісі: Ниязова Гулжан Жолаушиевна
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожжа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚ ҚҰРУДЫҢ ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мақалада электронды оқулық құрудың маңыздылығы негізделген. Сонымен қатар, «Информатика, есептеу техникасы және бағдарламалау тілдерінің тарихы» атты электронды оқулық құру технологиясы мазмұндалған.

Түйін сөздер:цифрлық Қазақстан, электронды оқулық, Auto Play Media Studio.

Обоснованы необходимость электронного учебника как основного средства обучения. А также описывается технология создания электронного учебника «История информатики, вычислительной техники и языков программирования».

Ключевые слова: цифровой Казахстан, электронный учебник, Auto Play Media Studio.

The necessity of an electronic textbook as the main means of training is grounded. And also describes the technology of creating an electronic textbook "The history of computer science, computer technology and programming languages.

Keywords: digital Kazakhstan, electronic electronic textbook, Auto Play Media Studio.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауы негізінде қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қоғамды цифрландыру жұмыстарын жетілдірудегі кілттік құжаттардың бірі болып табылады. Бағдарлама мазмұнында «цифрлық қоғам - адамдардың өмір жағдайына, олардың біліміне және жұмысына, сонымен қатар мемлекет, бизнес және қоғам арақатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен шешуші әсер ететін, қоғам өмірінің барлық салаларында білім мен ақпараттық доминантты рөлімен ерекшеленетін цивилизация дамуының заманауи кезеңі» деп анықталған. Осы орайда, білім беру саласын цифрландыру, цифрлық технологияларға арналған заманауи қолжетімді электронды білім беру контенттерін жасау мен білім беру үдерісінде пайдаланудың маңызы зор. Осындай контенттердің бірі электронды оқулықтар.

Электронды кітап жасау тарихы 1971 жылы Майкл Харттың «АҚШ тәуелсіздік декларациясы» мәтінін компьютерде теріп шығуымен байланыстырылады.

Цифрлық технологиялар мен қолжетімді бағдарламалық қамтамалардың дамуы нәтижесінде электронды оқулықтардың да түрлі форматтары жасалды. Атап айтқанда:

- қарапайым мәтіндік (plain text).
- мәтіндік безендірілуімен жасалған — HTML, электронды кітаптардың ашық форматтары ElectronicPublication (.epub), (OPF FlipBook), OpenDocument, SGML, XML, FictionBook (.fb2), TeX, PDF, icrosoft HTMLHelp(.chm), eReader (.lit), PostScript (.ps, .eps), EхеBook, Mobipocket (.prc, .mobi) және т.б.;
- растрлық графикалық— TIFF, JPEG, DjVu және т.б.;
- мультимедиялық кітаптар— SWF, EXE, аудио кітаптар және т.б.;
- java (J2ME) қолдауына ие мобильді құрылғыларға арналған java-мидлеттер форматындағы кітаптар;
- қашықтықтан оқытуға арналған scorm оқулықтар;
- өзгертілуі оңай әрі жылдам smart оқулықтар.

Қазіргі кезде қолданылатын бағдарламалық жасақтамалар мен құрылған электронды оқулықтарға байланысты келесі ерекшеліктерге басымдық беріледі:

1. Электронды оқулық жасауда пайдаланылатын бағдарламалық жасақтаманың қолжетімділігі, құнының арзандығы немесе тегін пайдалану мүмкіндігі;

2. Жасалған электронды оқулықтың мазмұнын пайдаланушының цифрлық сауаттылығы деңгейінде түзету, толықтыру және жаңарту мүмкіндіктерінің қолжетімділігі және т.б.

Электронды оқулықтарды сабақ барысында оқытудың көрнекілік әдісінің иллюстрациялық және демонстрациялық түрлерін іске асыруда пайдаланудың да маңызы зор.

Оқытудың көрнекі әдісі деп оқу материалдарын игеру оқыту үдерісінде қолданылатын көрнекі құралдар мен техникалық жабдықтарға тәуелді болатын әдістер түсініледі. Көрнекі әдістер оқытудың сөздік және практикалықәдістерімен өзара байланыста пайдаланылады.

Оқытудың көрнекі әдістерін иллюстрация және демонстрация әдістері деп шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады.

Иллюстрация әдісі студенттерге иллюстрацияланған құралдар: плакаттар, кестелер, суреттер, карталар, тақтаға суреттемелер салу т.б. көрсетуді көздейді.

Демонстрация әдісі құралдарды, тәжірибелерді, техникалық қондырғыларды, кинофильмдерді, диафильмдерді және т.б. көрсетумен байланысты.

Оқытудың көрнекі әдістерін пайдаланғанда мына талаптарды орындау қажет:

а) көрнекілік әдісті қажетіне қарай пайдаланылуға тиіс және оны бірте-бірте, тек сабақтың тиісті сәтінде көрсету керек;

б) бақылауды барлықстуденттер көрсетілетін пәнді жақсы көретіндей етіп ұйымдастыру керек;

в) иллюстрацияны көрсетуде басты нақты нәрселерді анық бөліп көрсету керек;

г) құбылыстарды көрсету кезінде берілетін түсініктемені мұқият көрсету керек;

д) көрсетілетін көрнекі құрал материалдардың мазмұнына сәйкес болуы керек;

е) көрнекі құралдардан және көрсететін қондырғылардан өздері ұнататын ақпараттарды табуға білімгерлердің өздерін жұмылдыру.

Аталған ерекшеліктерге басымдық беретін және оқытудың көрнекілік әдісін іске асыруда тиімді бағдарламалардың бірі AutoPlayMedia Studio бағдарламасы.

AutoPlay Media Studioкөмегімен электронды оқулықтар, CD\DVD визиткалар, презентациялар, жеңіл ойындар, электронды фотоальбомдар, видеофайлдар жиынтығы және т.б. құруға болады, сонымен қатар қарапайым аудио және/не видео плеерлер, өнім немесе қызметтердің кішігірім каталогтары және т.б. жасауға болады. Мұның барлығын бағдарламалау тілі білімінсіз іске асыруға болады. Ал C, C++, Java, Visual Basic бағдарламаларымен жұмыс істей білу, бұл бағдарламаның мүмкіншіліктерін өсіреді.

Autoplay Media Studio бағдарламасында визуалды құралдардың және баптаулардың үлкен саны бар, олар бағдарламаларды «жылдам және оңай» құруға мүмкіндік береді. Әсіресе, егер графикалық, видео, аудио, анимациялық және т.б. объектілерді құру үшін басқа мамандандырылған бағдарламалық орталарды қолдану мүмкіндігі бар.

AutoPlay Media Studio бағдарламасында мәзірді безендіру үшін бағдарламаларды қосуға арналған түрлі кнопкаларға, дыбыстарды қосуға, файлдарды баспаға жіберуге, Интернет-сайттарды ашуға және т.б. CD интерфейсін көрнекі етіп жасауға арналған дайын шаблондар саны көп. Жобаны музыка, видео, flash-анимация және мәтіннің көмегімен безендіруге болады.

«Информатика, есептеу техникасы және бағдарламалау тілдерінің тарихы» атты электронды оқулық құруда аталған бағдарлама пайдаланылды (сурет 1).




Сурет 1 – «Информатика, есептеу техникасы және бағдарламалау тарихы» атты электронды кітаптың титул беті

Жасалған электронды оқулықтың мазмұнында кіріспе, кітап тараулары мен пайдаланылған әдібиттер ендірілді (сурет 2).



Сурет 1 – «Информатика, есептеу техникасы және бағдарламалау тарихы» атты электронды кітаптың мазмұны

Электронды оқулық мазмұнындағы мәтіндік ақпараттар алдын-ала pdf форматында әзірленіп, бағдарлама көмегімен оқулық мазмұнына тіркелді (сурет 3).



Сурет 1 – Кіріспе бетінің көрінісі

Электронды оқулық мазмұнына дайын аудио, видео контенттерді де ендіру мүмкіндігі бар.

Қорыта айтқанда, Auto Play Media Studio бағдарламасында электронды оқулық құру цифрлық сауттылық деңгейінде іске асырылады. Электронды оқулық құраушыларын жаңарту, толықтыру жұмыстары көп уақыт қажет етпейді. Ал бағдарламаның өзін еркін таралымдағы қолжетімді жасақтама.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ниязова Г., Керімбаева Б. *Рысбекова С.* Білім беруде интербелсенді сандық білім беру ресурстарын қалыптастыру мәселелері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. №3 (38). 2016. –Б. 162-165.
2. Ниязова Г., Досанов Н. Auto Play Media Studio. Әдістемелік құрал. Түркістан, 2016. -5,18 б.т.

ОӘЖ: 172.2

Бекенова Ә.А.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты, Семей қ.

Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.К.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің аға оқытушысы, Семей қ.

СТУДЕНТТЕР ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ

Мақалада студенттер құқықтық санасының әлеуметтенуі мәселесі жан-жақты қарастырылған. Студенттердің құқықтық әлеуметтенуі – жалпы әлеуметтенуінің бір бөлігі, бір түрі екендігі талданған. Студенттердің құқықтық әлеуметтенуі мен құқықтық мәдениетінің сапалық деңгейі сипатталады.

Түйін сөздер: құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық әлеуметтену.

В статье всесторонне рассмотрены проблемы правовой социализации студентов. Проанализирована правовая социализация, как одна из основной части общей социализации. Охарактеризованы качественные уровни правовой социализации и правовой культуры студентов.

Ключевые слова: правовое сознание, правовая культура, правовая социализация.

In the article the problems of legal socialization of students are comprehensively considered. Legal socialization is analyzed as one of the main part of general socialization. Qualitative levels of legal socialization and legal culture of students are characterized.

Keywords: legal consciousness, legal culture, legal socialization.

Студенттердің құқықтық санасы мен әлеуметтенуі өзекті мәселелердің бірі. Құқықтық сананың әлеуметтенуі — студенттерге қоғам мен оның құрылымдары тарапынан үнемі (жинақы, бақылаулы, шашыраңқы түрде) әсер ету процесі. Соның нәтижесінде студенттер белгілі бір білімдерді, құндылықтар мен нормаларды игеріп, нақты қоғамда, әлеуметтік топтар мен ұйымдарда өмір сүру тәжірибесін жинақтайды әрі тұлғаға, сол қоғамның тең құқылы мүшесіне айналады.

Құқық әуел баста әлеуметтік құбылыс және қоршаған ортаның нақты шындығын бейнелеуші ретінде, адамдардың әділеттілік ұғымына негізделген құқықтық нормалар, заңдар жайындағы ниеттерінен барып қалыптасады. Әділеттілік - бостандық, теңдік және қоғамдық татулық, келісім деп түсіндіріледі. Қоғам дамуының объективті қажеттіліктерін бейнелей отырып құқықтық сана құқықтың қайнар көзі болып табылады.

Студенттердің құқықтық санасы мен әлеуметтенуі құқықтық тәрбиемен тығыз байланысты. Студенттердің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруда ЖОО – ның және білім беретін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінің маңызы өте зор. ЖОО – ы неғұрлым құқықтық тәрбиеге ерекше мән берсе – құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық білім биік дәрежеден көрініс табады. Өйткені, құқықтық сана, мәдениет, құқықтық ғылым – тәртіптің қайнар көзі, бастауы. Ал қоғамда қалыптасқан тәртіп — барлық жетістіктердің қайнар көзі, негізі.

Мемлекет басшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев халыққа ұсынған «100 нақты қадам» - ында қоғам мен мемлекеттің түбегейлі өзгерістеріне қажетті қадамдарды, болашаққа ұмтылу стратегиясын қалыптастырудың нақты бағдарларын айқындап ұсынды. Болашаққа бастар «100 қадам» - ның қабылдануымен Қазақстан экономика мен әлеуметтік салада жаңа жетістіктерге жетудің перспективасы мен дамудың мүмкіндіктері де айқындалды. Мемлекет басшысы ұсынған бес институтционалды реформаның ішіндегі индустриализация мен экономикалық даму, ұлт болашағын қалыптастыру, тәрбие, интеллектуалды жетілу мен кәсіптік даму бағыттары жоғары оқу орындары қызметкерлеріне ұсынылады.

Мемлекеттік талаптар мен сұраныстарында айқындалған міндеттерді жүзеге асыру, сапалы білім беру арқылы жоғары білікті мамандарды қалыптастыру, оның ішінде қоғамның сұранысына қажетті кәсіби мамандарды дайындап, білім мен ғылымды интеграциялау арқылы кәсіптік білім сапасын жетілдіру мәселелеріне қол жеткізу, еліміздегі білім беру жүйесін дүниежүзілік озық тәжірибеге сай реформалауды талап етіп отыр.

Бүгінгі студент ертеңгі маман, қазіргі ғылыми-техникалық прогресс талаптарына сай еңбек ететін өзіне де өзгеге де пайдасы тиетін адам болып қалыптасуы тәрбиедегі қоғамның басты талаптарының біріне айналуға. «Студент» термині латын тілінен аударғанда «қарқынды еңбектенуші немесе білімді қарқынды меңгеруші» деген мағынаны білдіреді. Басқа жас кезеңдермен салыстырғанда студенттік жастық шақта есте сақтау қабілеті мен зейін аударылуының, вербальды – логикалық міндеттердің ең жоғарғы даму деңгейі тән. Сондайақ студенттік кезең биологиялық, психикалық және әлеуметтік даму үрдістеріне негізделген жетістіктердің жоғарғы нәтижелерімен сипатталады. Студенттік кезең 18-20 жас аралығын қамтиды, бұл кезеңде (ересек) үлкен адамдарға тән әлеуметтік рольдердің кешенін (азаматтық, кәсіптік, еңбек ету және т.б.) меңгереді, мінез – қылықтары тұрақталып қалыптасады, адамгершілік және эстетикалық сезімдері белсенді дамиды.

«Әлеуметтену» – (латын сөзінен шыққан «socialis» - қоғамдық) тұлғаның қалыптасу үрдісі, индивидтің тілді меңгеруі, әлеуметтік құндылықтар, тәжірибе және т.б. Әлеуметтік бейімделу: индивидтің әлеуметтік топқа, қоғам өміріне араласуы; адамның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі; әлеуметтік доктринаға сай адамдардың әлеуметтік рөлдерді атқаруы және бейімделе алуы, т.б. Әлеуметтік бейімделу адамды өмір сүруге және басқа адамдармен, нәтижелі қарым-қатынас жасау үшін қолданылады. Ол тікелей әлеуметтік бақылаумен байланысты, өйткені ол өз құрамына білімнің меңгеруін, нормаларын, қоғамның құндылығын біріктіреді.

Студенттердің құқықтық әлеуметтенуі – жалпы әлеуметтенуінің бір бөлігі, бір түрі. Құқықтық әлеуметтену процесінде студенттер құқықтық сауаттылыққа үйреніп, құқықтық білім негіздерін

игеріп, өзінің құқықтық мінез-құлқын практикада қолдануға дағдыланып, құқықтық мәдениеттің белгілі бір сапалық деңгейін сипаттайды. Құқықтық әлеуметтену – тұлғаны әлеуметтік-құқықтық қатынастарға тартып, саяси және құқықтық талаптарға, құндылықтарға араластыру, жекелік құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыру процесін білдіреді.

Әлеуметтену — қысқа мерзімді, бір мәртелік емес, іс жүзінде жеке адамның бүкіл ғұмырын қамтитын ұзаққа созылатын көп қырлы құбылыс. Соның арқасында жеке адам қоғамдық өмірге араласып қана қоймайды, сондай-ақ өзінің әлеуметтік статусы мен рөлін иелене және өзгерте алады. Өйткені, әрбір жеке тұлға тиісті құқықтар мен міндеттерді иелене отырып, қоғамдағы өзіне лайықты орынды еншілейді және нақты қызмет міндеттерін атқарады, яғни әлдебір әлеуметтік статуска ие болады. Ол жеке тұлғаның жағдайын жан-жақты, әрі жинақтай бейнелейтін сипаттамаларды: мамандығын, кәсіби білігін, атқарып жүрген жұмыстарының сипатын, лауазымын, материалдық әлауалын, саяси ықпалын, партияға және кәсіподаққа мүшелілігін, іскерлік байланыстарын, туыстық тарамдарын т.б. қамтиды. Бұлардың барлығын белгілі социолог Р. Мертон (1910 жылы туған) «статустық жиын» деп атаған. Әлеуметтік және жеке бастық статустар бір-бірімен сәйкес келмеуі де мүмкін. Жеке тұлғаға сипаттама беру үшін, сондай-ақ, әлеуметтік рөл ұғымын пайдаланудың да маңызы ерекше. Ол белгілі бір әлеуметтік статус иеленетін адамнан және нақты қоғамдағы осы статустар тән адамдар тобынан үміт етілетін мінез-құлықтар болып саналады. Әлеуметтік статус та, әлеуметтік рөл де ресми түрде (мысалы, заңмен не басқалай құқықтық актімен) бекітілуі немесе бейресми сипат (мінез-құлықтың моральдық нормалары) иеленуі мүмкін. Әлеуметтанушылар (Р. Линтон, Дж. Мид, Т. Шибутани т.б.) әлеуметтік рөл проблемаларын әлеуметтік статус мәселелерімен байланыстыра отырып, оны әлеуметтік статустың қозғаушы күші ретінде түсіндіреді. Өсіресе, П. Парсонс (1902 — 1979) рөлдердің құндылықтармен ажырамас байланысын айрықша атап көрсетіп, әлеуметтік рөлді жалпыға бірдей құндылықтарға негізделген әрі әлеуметтік жүйеге қажетті құрылымдық элемент құрайтын, нормативті түрде реттелетін мінез-құлық ретінде қарастырады. Яғни, әлеуметтік рөл әлеуметтік құндылықтарды жеке тұлғаның нақты әлеуметтік іс-әрекеттеріне ұластырудың құралы қызметін атқарады.

Құқықтық сана әлеуметтік құбылыстарды ерекше бағалай отырып, қоғамдық сананың басқа нысандарымен өзара әрекет етеді. Мәселен, меншіктің экономикалық санамен қатынастары тұрмыс деңгейі мен тұрмыс салтының алғашқы негіздерінің бірі ретінде, адамгершілік санамен қатынастары - ізгілік пен зұлымдық тұрғысынан, құқықтық санамен қатынастары олардың заңдылығын тану тұрғысынан қарастырылады. Құқықтық сана өзінің сабақтастығымен, мәдени-тарихи мазмұнымен күшті.

Құқықтық сананың құбылмалы элементі көңіл-күйі болып табылады, өйткені ол өзгеріп отырады, құқықтық идеяларды таратудың көмегімен иландыру мен көтермелеуге сәйкес келетін саналы әсерге бейім болуы мүмкін. Студенттік жастық шақ өз-өзіне баға беру, өз ісін талдау кезеңі. Бірақ қиялдағы «мен» образы мен нақты өмірдегі «мені» мен сәйкес келе бермеуі өз-өзіне сенімсіздік пен сыртқы агрессияның, түсінбеушілік сезімдерге әкеледі.

Адамдардың дағдысына, олардың тұрмыс-салтына енетін нәрсе құқықтық сананың белгілі-бір әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді сақтауға байланысты тұрақты элементтерін айқындайды. Азаматтық құқықта сол заңдарға қоғамдық құқықтық сана арқылы және оны мақұлдауымен адамдардың әдет-ғұрпымен сенгізілген кінәден арылу туралы, зиянды жуып-шаюу туралы, моральдық нұқсаның орнын толтыру туралы ережелер кездесетіні анық.

Студент жастардың бүгінгі тәлім-тәрбиесі мен ертеңгі болашағы ерекше мәнге ие. Қазіргі толассыз тасқындаған ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер мен даму қарқыны ағымында өмір сүріп жатқан жастарды тәрбиелеу өзекті мәселе. Тек тәрбиелі адам ғана жоғарғы-мәдениетті, адамгершілігі биік, парасатты қасиеттерімен дараланатындығы белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет. - Астана, 2015.
2. Қазақстандағы үздіксіз кәсіби білім берудің мәселелері мен перспективалары //Халықаралық ғылыми-теориялық конференция.-Астана, 2009
3. Назарбаев Н.А. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» - атты Жолдауы. – Астана, 2015
4. Немировский В.Г., Неврико Д.Д., Гришев С.В. Социология: классические подходы к анализу социальной реальности.-М.,-555с.
5. Дюркгейм Э. Социология и теория познания.-Спб.,-С.38 3 Кудрявцова В.Н., Казимирчук В.П. современная социология права.- М.: Юрист, 1995.- 300с
6. Әбдікерова Г.О. Тұлға әлеуметтенуі.- Алматы,2009.-222б.
7. Ядов В.А. Стратегия социологического исследования.- Москва: Омега. 2007.-348с.

ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

ОӘЖ 94 (574)

Кайнарқызы Рза

Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университетінің 2 курс «Тарих» мамандығының магистранты, Семей қ.

Жанғалиев У.К.

Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тарих мамандығының 1 курс докторанты, Астана қ.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ САЯСИ ИДЕЯЛАРЫМЕН ЖЕР МӘСЕЛЕСІНЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қазақ интеллигенциясының негізгі проблемасы әрдайым жер мәселесі болды. Бұл мақалада саяси көзқарастар мен қазақ зиялыларының жері туралы сұрақтар зерттеледі. XX ғасырдың басында. Капиталист елдер арасындағы қатынастар бұрынғыдан да өткір болды. Үлкен мемлекеттер қазірдің өзінде дисперсті колониялардың қайта бөлінуіне тырысты.

Түйін сөздер: *уақытша үкімет, Айқап, Алаш, жер, зиялы қауым, Ақ жол.*

У Казахской интеллигенции главной проблемой всегда был вопрос о земле. В данной статье рассматриваются изучение политических взглядов и вопросы о земле казахских интеллигентов. В начале XX в. обострились отношения между капиталистическими странами. Крупные государства предпринимали попытки нового передела уже распределенных колоний.

Ключевые слова: *временное правительство, журнал Айқап, Алаш, земля, интеллигенция, Ақ жол.*

The main problem for the Kazakh intelligentsia has always been the issue of land. This article examines the study of political views and questions about the land of Kazakh intellectuals. At the beginning of the XX century. Relations between capitalist countries have become more acute. Large states attempted a new redistribution of already dispersed colonies.

Keywords: *The Provisional Government, the journal Ayapan, Alash, the land, the intelligentsia, Ak zhol.*

Қазақ демократиялық интеллигенциясы үшін әр уақытта ең негізгі мәселе — жер мәселесі болды. Патша үкіметі, оның мұрагері болған Уақытша үкімет, ең соңында Кеңес үкіметі мен қазақ демократиялық интеллигенциясы арасындағы кейде ашық, кейде астыртын жүріп отырған күрес, арбасулардың түп-тамыры, қайнар көзі осы жер мәселесі еді. XX ғасырдың алғашқы ширегінде бұл мәселенің қазақ елі үшін қоғамдық маңызын ғылыми тұрғыдан өз дәрежесінде көтеріп және терең түсіндіріп берген қайраткер, ғалым, әрине, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді. Уақытша үкіметтің Торғай облыстық комиссары қызметінде жүргенде де ол үшін жер мәселесі ең негізгі мәселе болып қала берді. Ә.Бөкейханов бұл кезеңде жер мәселесі үшін күресіп оның шешілуінің көптеген жолдарын қарастырған [1].

XX ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметінде ұлттық, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы күресінде көмектесуге ұмтылды, әрбір адамның және әрбір халықтың жеке өз бостандығына құқығы мен бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуі сияқты жалпы адамзаттық қазыналар үшін күресті. Қазақ зиялылары 1905 жылдан бастап осы мақсатта дала өңірінде қызу қызмет жүргізді. Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Қазақ зиялыларының бүкіл қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады. Ұлттық «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің, «Айқап», «Сарыарқа», Абай журналдары мен басқаларының беттерінде олар тек білім ғана өркениетті дүниеге жол ашады, қазақтардың ұлт ретінде сақталуына көмектеседі деп, қазақ халқын білім алуға шақырды [2]. Тіл мен әдебиетті дамыту ерекше бөліп көрсетілді. Қазақ тілі мен әдебиетінің дамыту проблемалары жөнінде араб графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің тұңғыш талантты реформаторы, «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Жаңа әліпби» (1928) атты қазақтың тіл ғылымында ғана емес, бүкіл ғылыми түркітану әлемінде де жаңашылдық деп саналған еңбектердің авторы А.Байтұрсынов көптеген мақалалар жазды.

«Қазақ» беттеріндегі еңбектерінде А. Байтұрсынов балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың маңыздылығын атап көрсетті. Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту проблемалары туралы ой-пікірлерін баяндай келіп, балаларды міндетті түрде екі жыл қазақ тілінде оқытуды талап етеді, «бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір

халықтың өз тіліне, жазуына және дініне құқығы болуға тиіс» деп санайды. Сонымен бірге ол орысша сауаттылықты да үйрену қажет екенін атап өтеді [3].

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының қызметінде құқық проблемалары елеулі орын алды, өйткені қолданыстағы патша заңдары көшпелі халықтың құқығына нұқсан келтірді, мұның наразылық туғызғаны табиғи нәрсе. Өз халқының ежелгі өз жеріндегі қасіретті жағдайы туралы толық хабардар болған олар патша өкіметіне қазақ халқының әлеуметтік қажеттері туралы хабар жеткізуге, оның құқықтық мүдделерін қорғауға тырысты. Олардың көпшілігі арнаулы заң даярлығынан өткендер еді, бұл олардың халық бұқарасының құқықтық білімін кенейтуіне, олардың құқықтық білімін байытуы мен тереңдетуіне мүмкіндік берді. Қазақ зиялыларының қызметінде жер туралы мәселе өзекті орын алды. Олар өздерінің ғылыми және көсемсөздік мақалаларында, патшалық өкімет орындарына әр түрлі үндеулерінде патша үкіметінің қазақ халқының өмір жағдайларына сай келмейтін заң нормаларын әділ сынға алды. Қазақ қоғамының рухани саласында етек алған заңсыздыққа өз наразылығын білдіріп отырды [4].

Патша шенеуніктері қазақ халқы зиялы өкілдерінің дүниежүзілік өркениет пен мәдениет жетістіктерін игеруіне мүдделі болмады. Бірақ халықтың ғылым мен мәдениетке тартылуына кедергі жасауға бағытталған шаралар күткендегідей нәтиже бермеді.

Қазақ халқының білім алуға деген өскелен қажеттері патша үкіметін Орынборда, Омбыда, Оралда, Семейде, Верныйда және басқа қалаларда бірқатар оқу орындарын ашуға жолдар жасады және оларда қазақтар оқып, бастауыш және орта мектеп көлемінде білім алды.

Өз халқын оятуда зор рөл атқарған қазақ зиялыларының тамаша шок жұлдызы XX ғасырдың басына қарай нақ сол буыннан қалыптасты. Олар өз халқын отаршылдық бұғауынан азат, өркениетті, дербес және тәуелсіз жағдайда көруді армандады. Қазақ зиялыларының өкілдері патша өкіметін дала өңірінде білім беру ісін неғұрлым жедел жүргізгісі келмегендігі үшін сынады, ал өздері отандық ғылымды қалыптастырудың алғышарттарын жасауға ұмтылды [5].

Қазақ зиялылары ғылыми мақалалар, сөйлеген сөздері арқылы өркениетті елдердегі ғылым жетістіктерін насихаттауға, оның қажеттігін, қоғамды түбірінен өзгерте алатын құдіретті күшін дәлелдеуге ұмтылды. Олардың күш-жігері ізсіз қалмағанын атап өткен жөн. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары дәрігерлер, саясатшылар, судьялар, ақын-жазушылар болатын, бұл кезең қазақтың жан-жақты білімді азаматтары — Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және басқаларының қалыптасуымен ерекшеленді. М. Тынышбаев, Ә. Ермеков, Х. Досмұхамедов және басқа Алаш азаматтары ғылыми зерттеулермен айналысты. Қазақстан ғылымының қаулап дамуы Кеңес өкіметі жылдарында болғанын теріске шығаруға болмайды, бірақ оның іргетасын нақ XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының талантты жас өкілдері қалаған еді.

Қазақтың өзіне, болашаққа деген сенімі жерге деген сезімінен туындаған. Қазақта бір бірін жатсыну жоқ, тіл, дәстүр, өнер, рухани өмір ортақ, осының нәтижесінде болмыс тұтас. Ұлттың тұтастығын сақтаған, нығайтып отырған жер, жермен кіндіктес қазақтың тұрмысы, ата-кәсібі. Сондықтанда қазақ ұғымында жер жаратылыс иесінің ерекше жаратқан дүниесі, ол ұлттың дүниесі, ортақ меншігі, негізгі байлығы. Бұл ұғым көне дәуірдегі сақтардың, оның бергі жағындағы түркілердің де дүниетанымында орын алған. Күлтегін жырында жер адамзатқа, халыққа берілген басты құндылық, мүмкіндік мағынасында зерделенеді.

Отаршылдық заман қазақтың басына қалай туды жер мәселесіде өрши түсті. Отырықшылыққа үгіттеп, артық жерлерді өзіне алуға ұмтылған патша саясатына қарсы алаш зиялылары газет беттеріне көптеген мақала жазған, ашық түрде жерге, ел тағдырына араша түсті. Алаш зиялыларының жер мәселесіне қатысты жариялаған мақалаларынан ұғынатынымыз, қазақтың үш мың жыл бойғы болмысын бір сәтте өзгерту әділетсіздік. Яғни жұртқа бағыт бағдар беретін адамдар болса, мемлекет көмектесе қазақ егіншілікті, технологияны өзі ақ үйренеді, бұл бір уақыттың ішінде шешілетін іс емес.

1925 жылы «Ақ жол» газетінде жазған «Отырықшылықтың пайда зияны» атты мақаласында Жүсіпбек Аймауытов жер мәселесіне қатысты былай деген: «Отырықшы болса-ақ қазақ тұрмысы түзеліп кетеді, тез мәдениетті болады» деген пікір даусыз ақиқат емес, өзгермелі, екі ұшты, даулы мәселе деп қараймыз [6].

Байтұрсыновтың айтуы бойынша, жер жеке адамның емес алдыменен ұлттың мүддесі, сондықтанда ол мемлекеттің қазынасы, үнемі солай болады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов қазаққа жерінен айрылмауды ескертті, себебі қазақ жерді жеке меншікке алуға әлі дайын емес. Патша өкіметінің отырықшы қылу саясатына сеніп, аз жерді иеленгенімен қазақ негізгі ұлттың байлығы ұлттық мүддесінен қол үзеді. Патша өкіметі халықтың аңғалдығын пайдаланып жақсы шұрайлы

жерлерді өзіне алып, халықты құнарсыз жерлерге ығыстырады. Сөйтіп ел жерінен айрылады, құнарлы жерлерінен қол үзген елдің тұрмысынан күй кетеді, елден күй кеткесін кейінгі ұрпаққа ештеңе қалмайды. «Отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғандығын, отырықшы нормамен қазақтар жер алғанын переселен чиновниктері не үшін қуаттайтындығын қазақтарға түсіну енді қиын болмас шығар – деген Ахмет Байтұрсынов, - «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деген. Тісі шыққан адамдарға айтылып отырған сөзғой. Переселен чиновниктері – алушы, қазақтар - беруші. Алушыға көп алғаны жағымды, берушіге аз бергені жағымды. Қазақ әуелден осыны ойлау керек еді. Олар өздеріне жағымды жағын көздегенде қазақтар да өзіне жағымды жағын көздеуі тиіс. Құр пәленше пәлен етіп жатыр деген дақпыртқа жүгірмей, істің түбінен ойлау керек» [7].

Алаш зиялыларының ұлттық мүдде тұрғысындағы жан айғайы жайдан жай туған жоқ, олар қазақтың мыңдаған жылдар бойы жүріп өткен жерін кеңінен зерделеді, хандардың, батырлардың, ойшылдардың, ел мен жер тағдыры тұрғысындағы қазақтың діни қайраткерлерінің ілімін, ұстанымын, күресін ескерді, терең білді осының нәтижесінде өз еріктерімен жер тағдырына ара түсті. Бүгін ұлттың саны аз шығар, жағдай болса, апат болмаса (ауру, ашаршылық, соғыс) ертең ұрпақ өседі, ұрпақ өссе ұлт өседі сонда ұлттың тағдырын шешетін жер. Бұл қазақтың түсінігі. Тарихта қазақта неге көп бала болды? Көп балалы қазақ шаңырағының негізінде ұлттың идеологиясы жатыр. Әр бала ер жеткенсоң жерін, елін қорғайды, сол жер мен елді қорғауда адам шығыны көп болады, сырттан елге көзтіккен жау ақымақ емес, ал оны тоқтатып елді жаудан қорғау үшін күш керек, күш ұрпақ, ұлт санының көптігі. Сондықтанда қазақтың әр бір ата-анасы баланы өзі үшін емес ел болашағы үшін өсіріп, тәрбиелеп отырған. Алаш зиялылары ұлттық мүдде мәселесін зерделеуде тарихтағы қазақ халқының ерлігін, ерлік иелерін тәрбиелеп қоғам алдына шығарған ата-ананың еңбегін де ескерген.

The article presents data about distribution (2008-2017) and the points of seasonal calving (Kulanak, Sunkarkia, etc.) of the Betpakdala saiga population - Saiga tatarica, as a nomadic wild animal protected by the CITES convention and listed in the red book of the International Union for Conservation of Nature (IUCN) on the territory of the Irgiz-Turgai State Nature Reserve.

Keywords: *Betpakdala saiga population, population size, specially protected natural area, Irgiz-Turgai State Nature Reserve.*

Киік - Қазақстанда 1950 жылдың ортасынан 1990 жылдың ортасына дейін негізгі аң ау объектісі болып табылған тұяқты жануардың бірі. Кейіннен 20 ғасырдың соңына қарай елдегі экономикалық жағдайдың тұрақсыздығына байланысты жергілікті тұрғындар жаппай браконьерлікпен айналысып, киік саны бірден төмендеп, құрылымы өзгеріске ұшырай бастады [6, 47].

1970 жылдың басында максимал санға 1,1-1,2 млн-ға жетті (Фадеев, Слудский, 1982). Грачев пен Бекеновтың (1993) зерттеулері бойынша, 1980 жылдың басы 1990 жылдарға дейін киік саны 600-900 мыңға дейін есепке алынды. Киік санының күрт төмендеуі 1990 жылдың ортасынан бастап 10 жылға созылып, 2003 жылы минимум 21 200 ғана қалды. Ары қарай 2003-2014 жж аралығында киік саны 12 есеге көбейіп, тұяқты жануарлар (*Artiodactyla Owen 1848*) ішінде фондық түрге айналды [6, 48].

Бетпақдала популяциясы 2015 жылы киіктердің төлдеуі кезінде жаппай қырылуы орын алып, киік санының өсімін беріп келе жатқан негізгі популяция 90%-ке азайып қалды [2, 28].

Қазақстанда 2016-2017жж. жыл сайын сәуірде өтетін авиасанақтың қорытындысы бойынша киіктер саны қалып келе бастады, мысалға 2015 жылы популяция саны күрт төмендеп 295 400 бас құраса, 2016 жылы бұл көрсеткіш 187 100 басқа қысқарып, 108 300 көрсетті. Ал 2017 жылы 152 600 басқа көбейді [1-кесте].

1-кесте.

Қазақстандағы киік саны

Жылдар	Популяциядағы киіктің саны			
	Бетпақдала популяциясы	Үстірт	Орал	Барлығы
2008	32 300	10400	18300	61 000
2009	45200	9200	26600	81 000
2010	53400	4900	39100	97 400
2011	78000	6100	17900	102 000
2012	110100	6500	20900	137 000
2013	155200	5400	26440	187 000
2014	216000	1700	39000	256 700
2015	242000	1270	54700	295 400
2016	36700	1900	70200	108 300
2017	51700	2700	98200	152 600

Бетпақдала популяциясының батыс бөлігін қамтитын 2007 жылы ашылған ерекше қорғалатын табиғи аумақ «Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты» территориясы (одан әрі-резерват) киіктердің шоғырлану, төлдеу, лақтарын жүгірту процестері үшін қолайлы аумақ.



1-сурет. А-Киіктердің күзгі табындары (қараша, 2014 ж); Б-Киіктердің төлдеу кезінде шоғырлануы (мамыр, 2017жыл)


Резерваттың территориясы 2016 жылы территориясы 409 962 га ұлғайып, қазір аумағы 1 173 511 га құрайды. Ақтөбе облысының оңтүстік шығыс бөлігінде шөлді, жартылай шөлді, дала зоналарында орналасқандықтан, бұл территорияның экожүйесі де әртүрлі болып келеді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ төрт бідей облыстың шалғай шекараларында орналасқан. Солтүстігінде Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданымен, шығысында Қостанай облысымен толықтай шектесе, оңтүстік шығысында және оңтүстігінде Қарағанды және Қызылорда облыстарымен шекаралас, немесе жанамалай шектеседі. Ауа райына және су, қорек көзіне байланысты қыста оңтүстіктегі Қарақұмға (Қызылорда облысы) еніп, жазда солтүстікке Қостанай, Қарағанды облыстары), солтүстік батысқа (Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы) жайылым ауыстырады [1,29].

Киіктерге есеп жүргізуде ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы Комитетінің 23.08.2005ж. №191 бұйрығы негізінде бекітілген «Жабайы жануарлардың жекелеген түрлерін есепке алуды жүргізуге арналған әдістемелік ұсыным» және 09.04.2003 жылғы № 81 бұйрығымен бекітілген ҚР БЖҒМ Ғылым Комитетінің «Зоология институты» келісімімен өңделген «Автотранспортты қолдану арқылы киіктердің визуальды есебін жүргізу» әдісі қолданылды.

«Ырғыз-Торғай резерваты жыл сайын Бетпақдала популяциясы бойынша авиасанаққа қатысып келеді, сонымен қатар ерекше қорғалатын табиғи аумақта автомаршрутты санақ жүргізіп келеді. Резерват территориясында киіктер саны 2008-2014 жж аралығында есепке алу бойынша 32 мыңнан 61 мың басқа дейін өскен. Киіктер табыны немесе оның топ құрамының саны популяцияның жалпы

көлеміне байланысты, саны көп болған сайын күрделі табындар кездеседі. 2015 жылы киіктердің жаппай қырылуынан кейін киік саны 2016 жылы 14800 дарақ болса 2017 жылдың күзгі-қысқы есебі бойынша 32900 дараққа көбейді (Диаграмма 1).

Киіктер күзгі-қысқы мерзімде миграция кезінде кездеседі яғни, шағылысқа түсер алдында бірнеше киіктер ұсақ немесе орташа топтарға шоғырланады. Резерват аумағында киік көбейген 2010-2014 жылдары күзгі-қысқы (қараша-желтоқсан) есепте 1-ден 50-ге дейін топтасқан ұсақ табындар (58%), 51-500-ге дейін орташа табындар (32%), 501-ден 1000-ға дейін топтасқан ірі табындар (10%) кездесті. 2015 жылы Бетпақдала популяциясындағы киіктердің жаппай қырылуы индетінен кейін 2016 жылы ЕҚТА территориясындағы күзгі-қысқы есепте 1-ден 50-ге дейін топтасқан ұсақ табындар (67%), 51-500-ге дейін топтасқан орташа табындар (30%), 500-1000-ға дейін топтасқан ірі табындар (3%) кездесті[3,35].



1-диаграмма. Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерват территориясындағы киіктің –saiga tatarica 2008-2017 жылдар арасындағы динамикасы

Төлдеу мерзімі жақындағаннан бастап киіктер табынға бөлінбей, бір тұтас болып шоғырлана бастайды. Киіктер 2010-2014жж мамыр айының 09-20 аралығында резерват территориясының Құланак, Сұңқарқия, Қосбүйрек жерлерінде жаппай шамамен 5 мың бастан төлдеген. 2016-2017жж аралығында киіктердің төлдеу мерзімі 5-16 мамыр аралығында болып, төлдеу орындары Қосбүйректен Шалқар тебізі жағалауы, Саршағылға қарай, яғни далалық экожүйеден жартылай шөлейтті жерлерге орын ауыстырған.

Резерват аумағындағы киіктердің жыныстық құрамы киіктің саны көбейген 2010-2014 жж аралығында теке үлесі -19%, ешкісінің үлесі - 40%, лақтарының үлесі-41% болды. 2015 жылы Бетпақдала популяциясында киіктердің жаппай қырылуы индеті кезінде көбіне аналықтары мен лақтары көп шығынға ұшырағандықтан, теке үлесі 19 дан 25 %-ға көбейген. 2016-2017 жж аралығында резерват аумағында жағдай тұрақталғандықтан, киік саны қалпына келе бастады.

Киік - көшпелі жабайы жануар ретінде СИТЕС 2-қосымшасымен қорғалатын, дүниежүзілік табиғат қорғау одағының (МСОП) қызыл кітабына 2002 жылы CR (жойылып кету қаупі бар) категориясымен енген [5, 28]. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 10.11.2010 жылы №704 бұйрығына сәйкес Қазақстан аумағында ғылыми мақсатты қоспағанда 2020 жылға дейін киікті атуға тыйым салды. Киіктер санына, оның құрамына браконьерліктің де әсер ететіні белгілі. Қазір де заң күшейтіліп киіктің аталығын (текесін) алғаны (аулағаны, атқаны) үшін 500 АЕК, аналығы мен төлі үшін 300 АЕК айыппұл салынатын болды. Себебі браконьерліктің әсерінен киіктердің аталығының көбірек атылуына байланысты, құрылымы өзгеріске ұшырап, киіктің жалпы санының азаюына әсер етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Естественно-научное обоснование расширения территория Иргиз-Тургайского государственного резервата // Экопроект.-2010.-С.123
- 2.Кривошеева. А Окоп сайгаков: изучение и итоги // Зеленый мир.-2016.-№3.-С.25-26.
- 3.Фадеев.В.А.,Слудский.А.А. Сайгак в Казахстане:Алма-ата:Наука,-1982.-160с.
- 4.Серикбаев А.Т., Байтанаев.О.А.,Ташенов Б.Д., Кулемин М.В., Белый Д.Г. Проблемы сохранения сайгака (Saiga tatarica L., 1766) в Казахстане //
- 5.Э Милнер-Гуланд. Сохранение сайгака-специальная тема XXIX Конгресса Международного союза биологов-охотоведов//Степной бюлетьень.-2009.-№27.-С.39-42.
- 6.Ю.А.Грачев, А.М.Мелдебеков, А.Б.Бекенов. Численность, структура и воспроизводства популяций сайгака в Казахстане//Степной бюлетьень.-2009.- №27. –С.78.

ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

ОӘЖ 004.4' 27

Айтмухамбетова Балжан Ерлановна

6M060200 «Информатика» мамандығының 2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қ.

БАҒДАРЛАМА ЖАСАУ ҮРДІСІНДЕ ӨНІМДІЛІКТІ ТАЛДАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қазіргі кезде бағдарламалық қамтудың маңызды сипаттамалардың бірі оның өнімділігі болып табылады. Сонымен қатар төменгі өнімділік пайдаланушылар жұмысының тиімділіксіздігіне әкеледі. Бұл мақалада бағдарламалық қамту үрдісінің ерекшеліктері келтірілген.

Түйін сөздер: бағдарламалық қамтамасыз ету, өнімділік, бағдарламалық қамтамасыз етуді құру.

В настоящее время одной из важных характеристик программного обеспечения является его производительность. К тому же низкая производительность может обуславливать неэффективность работы пользователей. В статье приведены особенности процесса разработки программного обеспечения.

Ключевые слова: программное обеспечение, производительность, разработка программного обеспечения.

Presently one of important descriptions of software is his productivity. Besides the subzero productivity can stipulate uneffectiveness of work of users. To the article the features of software development process are driven.

Keywords: software, productivity, software development

Бағдарламалық қамтамасыз етуді өңдеу үрдісі ол бағдарламалық қамтамасыз етуге негізделіп құрылған құрылым болып табылады.

Бағдарламалық қамтамасыз етудің маңызды сипаттамаларының бірі ол оның өнімділігі болып табылады. Бағдарламалық қамтамасыз етудің өнімділігімен байланысты көптеген мәселелер оның бастапқы кезеңдеріндегі өңдеу үрдісін, сонымен қатар оның жобалаудағы бағалаусыздықпен туындаған.

Бағдарламалау жүйесі – бұл нақты бағдарламалау тілінде жаңа бағдарламаларды өңдеуге арналған жүйе. Әдетте қазіргі бағдарламалау жүйелері қолданушыларға бағдарламаларды өңдеу құралдарының қолайлы және қуатты жабдықтарын береді. Оларға жататындар:

- компилятор немесе интерпретатор;
- өңдеудің интегралданған ортасы;
- бағдарлама мәндерін құру және түзету жабдықтары;
- стандартты бағдарламалар мен функциялардың көлемді кітапханалары;
- бағдарламадағы қателерді табуға және жоюға көмектесетін бағдарламалар;
- диалогтік орта;
- жұмыстың көптерезелі режимі;
- қуатты графикалық кітапханалар; кітапханалармен жұмыс істеуге арналған утилиталар;
- орнатылған анықтамалық қызмет;
- басқа да өзгеше ерекшеліктер.

Бағдарламалаушы жазған бағдарлама біріншіден, оның өзіне емес, қолданушыға арналған. Егер жобамен бағдарламалаушылар тобы жұмыс істесе, онда бағдарлама мәтіні алдымен, онымен жұмыс істейтін адамдарға арналған. Сондықтан, жұмыс тиімді болу үшін бағдарламаны оқу жеңіл, құрылымы шешілетін мәселе алгоритміне сәйкес болу керек. Ол үшін бағдарламалаудың жақсы стилінің тәртібіне сүйену керек. Бағдарламалау стилі — бұл өз жұмысыңыздың кезінде ұстануға тиіс ережелер жинағы.

Бағдарламалаудың жақсы стилі мынандай:

- түсініктемелер қолдану;
- мағыналық мәні бар айнымалыларды, процедуралар мен функцияларды қолдану;
- шегіністер мен бос жолдарды қолдану;
- жеке бөлімдерді көрсету үшін жұлдызшалар қатарын қолдану;
- түсініктемелер мен спецификациялар форматтарын барлық модульдерде келістіру.

Бағдарламалаудың жақсы стилінің ережелеріне сүйену мәтінді енгізу кезінде қателер жіберу ықтималдығын төмендетеді, бағдарламаны оқу жеңілдейді, яғни түзету және өзгертулер енгізу процесі де жеңілдейді.

Сенімділік деп бағдарламаның барлық енгізілетін деректерді тексеріп, қандай да бір себеппен орындалмай қалатын операциялардың орындалуын бақылауын айтады, мысалы, дисктер мен файлдар үшін орындалатын операциялар.

Бағдарламаны жасаудың қорытынды кезеннің ажырамас бөлігі ол тапсырушының өндірістегі тасымалдау үрдісіндегі құралған өнімнің кезекті техникалық қолдау болып табылады.

Бағдарламалық қамтамасыз етуді үрдісіндегі өнімділікті талдаудың дұрыс таңдалған технологиясы өмірлік циклдің бастапқы кезеңдеріндегі өнімділікпен байланысты мәселелерді шығаруға және шешуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Рудаков А. В., Федорова Г. Н. Технология разработки программных продуктов. Практикум; Академия - Москва, 2010. - 192 с.

2.Крылов Е. В., Острейковский В. А., Типикин Н. Г. Техника разработки программ. В 2 книгах. Книга 2. Технология, надежность и качество программного обеспечения; Высшая школа - Москва, 2008. - 472 с.

3.Вендров А. М. Практикум по проектированию программного обеспечения экономических информационных систем; Финансы и статистика - , 2006. - 192 с.

ОӘЖ 004.921

Ардашева Дина Ерболатовна

*Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, БМ060200 «Информатика»
мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.*

ОБЪКТИГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада объектіге бағытталған бағдарламалаудың әдістері, қасиеттері және ерекшеліктері қарастырылады.

***Түйін сөздер:** объектіге-бағытталған бағдарламалау, мұрагерлік, полиморфизм, кластар.*

В статье рассматриваются особенности объектно-ориентированного программирования, свойства и методы.

***Ключевые слова:** объектно-ориентированное программирование, наследование, полиморфизм, классы.*

The features of the object-oriented programming, properties and methods, are examined in the article.

***Keywords:** object-oriented programming, inheritance, polymorphism, classes.*

Объектіге-бағытталған бағдарламалау - объектілерді қолдану арқылы бағдарламалау парадигмасы, объектілік-бағдарланған архитектурағы пайдаланады. Мәліметтердің әрбір құрылымы тек бір программалық модульде тұруы тиіс. Бұл мәліметтер құрылымындағы өзгерістердің және мәліметтермен орындалатын әрекеттердің оңашалануына кепілдік береді. Мәліметтерге кез келген қатынас құру тек модульді пайдалану арқылы болады. Объектілік-бағдарланған программалау негізгі 3 қасиетімен: инкапсуляцияларымен, мұрагерлігімен және полиморфизмімен сипатталады. Объект ұғымы дәстүрлі Паскаль, Си процедуралық-бейімделген программалау тілдеріне де енгізіледі. Объектіге бағытталған бағдарламалау (ОББ) негізінде программа тізбектей орындалатын нұсқау ретінде емес, ұқсас қасиеттері және ұқсас орындайтын қызметтері бар объектілердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Барлық объектілі бағытталған программалау тілдерінің ішінде ең кең таралған C++ тілі. Осы бағытта соңғы пайда болған Java тілінің C++ тілімен салыстырылғанда келесі кемшіліктері бар: көрсеткіштер, шаблондар, бірнеше қайтара мұрагерлік Java тілінде қарастырылмаған. Барлық синтаксис жағынан бұл тілдер ұқсас.

Қазіргі таңда Microsoft және Borland компаниялары құрған C++ тілінің Microsoft Windows жүйесінде программалау ортасы көп тараған.

Объектілі бағытталған программалау үш тұжырымға негізделген: кластар, мұрагерлік және полиморфизм.

Процуралық тілдерде жазылған программалар негізінен инструкциялар жиынтығы болып табылады. Бұл тілдердегі программалар функциялардан тұрады, олар тізбектелген іс-әрекеттер тізімін орындайды. Бірнеше функцияларды модульдерге біріктіруге болады, бірақ сонда да процедуралық принцип сақталады.

Процуралық тілдерде екі түрлі берілгендер типтері бар: жергілікті (локальді) және кең ауқымды (глобальді). Жергілікті берілгендер тек функциялардың ішінде және тек сол функцияларда ғана қолданылады, ал барлық функцияларда қолдану керек болса кең ауқымды етіп жариялайды.

Функциялар мен берілгендер арасындағы күрделі байланыстар программаның құрылымын да күрделендіреді. Кең ауқымды берілгендерді функциялар шектеусіз қолдана алады. Бұл процедуралық тілдердің ең бір үлкен кемшілігі. Екінші кемшілігі, ол берілгендер мен функциялардың жеке-жеке қолданылуы. Бұл жағдайда нақты өмірдегі объектілерді дәл сипаттай алмаймыз. Мысалы егер объект машина болса, онда оның қасиеттері (мінездемесі) – двигательдің күші, есіктер саны болады, ал іс-әрекеті ретінде мысалы, тормозды басуды жатқызуға болады. Яғни қасиеттерге программада берілгендерді, ал іс-әрекеттерге программада функцияларды сәйкестендіруге болады. Іс-әрекет дегеніміз, объектінің сырттан берілген әсерге жауабы.

Объектіге бағытталған бағдарламалаудың негізгі идеясы – ол берілгендермен осы берілгендерге қолданылатын іс-әрекеттердің объект деп аталатын бір бүтінге бірігуі.

Объектілердегі функциялар C++ тілінде әдістер деп аталады. Егер объектінің кейбір берілгендерін оқу керек болса, онда осы әрекетті орындау үшін қолданылатын әдісті шақыру керек. Бұл әдіс берілгенді оқиды да оның мәнін қайтарады. Оның мәнін тіке, әдісті қолданбай ала алмаймыз. Яғни берілгендер кездейсоқ сыртқы әсерден қорғалған. Берілгендер мен функциялар инкапсуляцияланған (біріктірілген) делінеді.

Жасыру және инкапсуляция объектіге бағытталған бағдарламалаудың негізгі терминдері болып табылады. Егер берілгенді өзгерту қажет болса, онда оны да объектінің әдісінің көмегімен орындау керек. C++ тіліндегі бағдарлама объектілер жиынтығынан тұрады. Олар бірінің бірі әдістерін шақыру арқылы бір-бірімен әрекеттерді орындайды.

Мұрагерлік дегеніміз алдын-ала бар кластардан туынды кластарды құру. Алдын-ала бар класты негізгі (базалық) класс деп, ал мұрагер класты туынды класс деп атаймыз. Туынды класс негізгі кластың барлық мүмкіндіктерін қабылдаумен қатар, өзінің мүмкіндіктерінде дамыта алады. Бұл жағдайда негізгі класс өзгеріссіз қалады. Мұрагерлік бар кодты бірнеше рет қайталап қолдану мүмкіндік береді. Туынды класты алу үшін класс есімімен кейін қос нүкте, содан соң public сөзінен кейін негізгі кластың есімі көрсетіледі. Біз кластың private және public бөліктерінің бар екендігін білеміз. Кластың ішінде private бөліктердегі берілгендер мен әдістерді көре аламыз. Ал сырттан тек public бөлігіндегі берілгендер мен функцияларды көруге болады.

Полиморфизм (polymorphism)- бұл техникалық әртүрлі есептерді, бірақ ұқсас екі немесе бірнеше есепті шығару үшін бірдей атты қолдануға мүмкіндік беретін қасиет. Полиморфизмның объектіге бағытталған программалауда қолдану мақсаты, бір атты тапсырмасы ортақ класс әдістері үшін қолдану болып табылады. Әрбір нақты әдістердің орындалуы мәліметтер типімен анықталады. Жалпы полиморфизмның негізгі тұжырымдамасы «бір интерфейс, көп әдіс» идеясы болып табылады. Яғни мағынасы жақын әдістер тобы үшін ортақ бір интерфейс құруға болады деген сөз. Полиморфизмнің негізгі қасиеті күрделі программалардың орындалуын жеңілдетеді, ол әр түрлі әдістерді орындау үшін бір ғана функцияны шақырып қолдануға мүмкіндік береді. Нақты бір әдісті алу программистке емес негізінен компиляторға жүктеледі, программист тек ортақ интерфейсті қолдануды ұмытпауы қажет.

Полиморфизм сонымен бірге операторларға да қолданыла алады. Іс жүзінде барлық программалау тілдерінде полиморфизм шектеулі түрде қолданылады, мысалы арифметикалық операторлар. «+» символы Си тілінде бүтін, ұзын бүтін, символды айнымалылар және жылжымалы нүктедегі сандарды қосу үшін қолданылады. Бұл жағдайда компилятор автоматты түрде арифметиканың қай типі керек екенін анықтайды. Ал C++ тілінде бұл концепцияны басқа да өзіміз берген мәліметтер типіне сәйкес қолдана аламыз. Полиморфизмнің бұндай түрі операторлардың жүктелуі (operator overloading) деп аталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Вайсфельд, М. Объектно-ориентированное мышление / М. Вайсфельд. - М.: Питер, 2014. - 338 с.
2. Васильев, Алексей С#. Объектно-ориентированное программирование / Алексей Васильев. - М.: Питер, 2012. - 320 с.
3. Иванова, Г. С. Объектно-ориентированное программирование / Г.С. Иванова, Т.Н. Ничушкина, Е.К. Пугачев. - М.: МГТУ им. Н. Э. Баумана, 2003. - 368 с.

КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада компьютерлік модельдеу негіздерін оқытудың ерекшеліктері, мақсаты мен міндеттері қарастырылады.

Түйін сөздер: компьютерлік модельдеу, ақпарат, информатика, бағдарлама.

В статье рассматриваются особенности, цели и задачи преподавания основ компьютерного моделирования.

Ключевые слова: компьютерное моделирование, информация, информатика, программа.

Features, aims and tasks of teaching of bases of computer design, are examined in the article.

Keywords: computer design, information, informatics, program.

Қазіргі кезде информатиканы оқытудың басты міндеттері негізінде оқу бағдарламасында нақты дидактикалық міндеттер айқындалады, сонымен қатар оқушыларды біліммен қаруландыру тәсілдерін үйрету аса маңызды болып табылады.

Компьютерлік модельдеу ақпараттық модельдеудің бір түрі болып табылады. Адам құрылатын модельдің бейнесін алдын-ала ойлағаннан соң оны іске асыруға ыңғайлы программалық құралдардың көмегіне жүгінеді. Яғни компьютерлік модель деп программалық орта көмегімен жүзеге асатын модельдерді айтамыз. Ал модельдеуді компьютерлік бағдарламалар көмегімен жүзеге асыруды – компьютерлік модельдеу деп атауға болады. Мысалы, геометриялық модель құру үшін – графикалық редакторлар, сөзбен сипатталатын модель үшін мәтіндік редактор, кестелік модельдер үшін электрондық кестелер немесе деректер базасын басқару жүйелері қолданылуы мүмкін. Кейде объектінің немесе процестің математикалық моделі құрылып оны ары қарай компьютерді зерттеу арнайы программалау тілдерінің көмегімен жүзеге асырылады.

Компьютерлік модельдеуді оқытудың мақсаты мен міндеттері келесідей:

мектепте және мектептен тыс пәндік және тәжірибелік тапсырмаларды шешуде, ақпараттық және байланыстық технологияларды, қарапайым компьютерлік модельдерді қолдануда бастапқы біліктілік пен компьютерлік сауаттылықты жинақтауға дағдылану; негізгі мектептің оқу пәндерін және білім алудың негізгі сатысындағы пәндік бағдарламаларды зерделеуде информатика пәнінің әдістері мен ақпараттық технология құралдарын қолдануда қажетті дайындықты игеру, сонымен қатар еңбек нарығына қажет кәсіптік біліктілікті алуда: компьютер және басқа да ақпараттық технология көмегімен ақпараттың әр түрлі түрімен жұмыс істей білу, осы біліктілікті қолдана алуы: іздей білу, реттей алу, ақпаратты тарату және таныстыру, өзінің ақпараттық қызметін және нәтижесін алдын-ала жоспарлауы мен ұйымдастыра алуы сияқты қабілеттері сарапталады; әр саланың оқу пәндеріне жататын - мектеп баспасын шығару, ғаламторда мектеп парақшасын, виртуальды өлкетану мұражайын т.б сол сияқты ақпараттық және байланыс технологияларын қолданған жобаларды ашу сияқты жеке және топтық жұмыстарды орындауда тәжірибе жинақтау; әр түрлі тасушы құрылғыларында және ғаламтордағы ақпаратты қолдану; элементтің ақпараттық көрінісін көрсетуге жататын бастапқы ғылыми ұғымдардың жүйелерін меңгеру, соның ішінде: ақпараттық жүйелер, технологиялар мен үдерістер жөнінде нақты ұғым туғызу; әр түрлі әлеуметтік және технологиялық жүйелердегі заңдылықтар мен ортақтықтарды, адамның ақпаратты қабылдауы және өңдеу механизмі, технологиялық және әлеуметтік жүйелер, заманауи ақпараттық өркениетпен таныстыру; ақпараттық және байланыстық технологияларды қоғам және табиғатты танудың әдісі ретінде, табиғи және әлеуметтік құбылыстарды бақылаушы құрал және ақпараттық нысан ретінде қолдана білудің нәтижесімен таныстыру; ақпараттық саладағы танымдық қызығушылықтар мен зерделілік шығармашылық қабілеттерді дамыту; өркениеттің даму кезеңінің заңдылығына бағынатын ақпараттық қоғамның талаптарына сәйкес қызмет және өзін-өзі ұстау нормаларына сай тәрбиелеу.

Информатика курсының мақсаттары мен міндеттерін игеру жолында компьютерлік модельдеу басты роль атқаратындығы айқын.

Ақпараттық модельдеуді оқытуда дамыту атқарымы орындалуы керек, осыған байланысты оқушылар тағы да бір қоршаған ортаны тану әдісі – компьютерлік модельдеу әдісімен танысады. Компьютерлік модельдермен жұмыс барысында жаңа білім, дағды мен ептілік қалыптасады. Осыдан бұрын алынған кейбір ақпарат нақтыланып және жүйеленіп, басқа қырынан қаралады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Королев, А.Л. Компьютерное моделирование / А.Л. Королев. - М.: БИНОМ. ЛЗ, 2013. - 230 с.
2. Тарасевич, Ю.Ю. Математическое и компьютерное моделирование. Вводный курс: Учебное пособие / Ю.Ю. Тарасевич. - М.: ЛИБРОКОМ, 2013. - 152 с.
3. Лапчик М.П. и др. Методика преподавания информатики: Учеб. пособие для пед.вузов. М.: Академия, 2001. - 624 с.

ОӘЖ 004.032.6:37

Дюсенбаева Гульжан Амантаевна

*Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, бМ060200 «Информатика»
мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.*

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бұл мақалада мультимедиялық технология, оның білім берудегі алатын орны туралы жазылған, мультимедиялық құралдары сипатталған, мультимедиялық ақпараттандырудың мүмкіндіктері қарастырылған.

Түйін сөздер: мультимедиа, технология, компьютер.

В данной статье рассматриваются возможности мультимедиа, приводятся характеристики мультимедийных средств, определение мультимедиа технологии и их занимаемое место в образовании.

Ключевые слова: мультимедиа, технология, компьютер.

This article explores the possibilities of multimedia, describes the characteristics of multimedia, the definition of multimedia technology and their place in education

Keywords: multimedia, technology, computer.

Мультимедиа әртүрлі типті ақпараттарды өңдеу мен ұсынудың тиімді құралы болып табылады. Сондықтан да, мультимедиаға сипаттама беру, оның ерекшелігін анықтау үшін алдымен информатика ғылымы зерттейтін ақпарат, ақпараттандыру, ақпараттық процесс ұғымдары, ақпарат түрлері және оларды ұсыну әдістері қарастырылуы қажет.

Қазіргі таңда білім беру жүйесін ақпараттандыру процесіне байланысты ақпаратты-білім беру ортасы, ақпаратты-пәндік орта, кәсіби-ақпараттық білім беру ортасы, оқытудың компьютерлік технологиялары, оқытудың ақпараттық технологиялары, ақпаратты-коммуникациялық технологиялар, білім беруге арналған ақпаратты-коммуникациялық технологиялар, мультимедиа, мультимедиялық технологиялар, білім берудегі мультимедиа, мультимедияның бағдарламалық құралдары, мультимедиялық ресурстар сияқты бірқатар терминдер оқулықтар мен ғылыми мақалаларда қолданыла бастады.

Мәтіндік ақпаратпен, графикалық бейнемен, дыбыспен, анимациялы компьютерлік графикамен бір кешенде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы техникалық орталар мультимедиа ортасы деп аталады. Мультимедиа (multimedia – көп орталы) – бұл әр түрлі физикалық көрсетілімі бар (мәтін, графика, сурет, дыбыс, анимация, видео) және әр түрлі тасушыларда орналасқан (магниттік және оптикалық дискілер, аудио және видеоленталар) ақпаратты өңдеумен байланысқан компьютерлік технологиялар ауданы. Мультимедиа құралдары – бұл әр түрлі орталарды қолданып (дыбысты, видео, графиканы, мәтінді, анимацияны) адамға компьютермен араласуына мүмкіндік беретін ақпараттық және программалық құралдар кешені. Мультимедиа жарнамалық бизнесте, компьютерлік ойындар жасауда кең қолданылады. Мультимедиа технологияларының қызықты мүмкіндіктері электрондық оқу құралдарын жасауда және басқа оқып үйренуге арналған материалдар дайындауда көп пайдаланылады. Мультимедиялық технологияларды кеңінен қолдану оқытудың қазіргі компьютерлік технологияларын дамытудың жаңа бағыттарын дамытуға зор үлес қосып келеді. Мультимедиа технологияларын қолдану үйретілетін бағдарламалық қамтамасыздандыру мүмкіндіктерін көрнекті көрсетуіне мүмкіндігін береді, соның ішінде, слайд-презентациялармен көрсету оқытудың тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сонымен, мультимедиялық технологияларды оқу үрдісінде қолдану оқу ақпаратын көрнекті етеді, оны оңай және тез қабылдап меңгерілуіне жол береді.

Ақпараттық технологияларды білім беру жүйесіне енгізу оқу процесін ұйымдастырудың тиімді технологияларын таңдау мүмкіндігін береді. Оларды таңдау кезінде технологияның оқушының жеке игеру қабілеті мен нақты пәннің ерекшеліктеріне сәйкес келуіне көңіл бөлінуі тиіс. Мультимедиялық технологиялармен жұмыс істеу кезінде оқушылар басынан бастап, қызықты танымдық әрекеттерге араласа алады. Осындай процесс барысында оқушылар білім алып, оны іс-жүзінде қолданып ғана

қоймай, сол ортадағы қосымша мәлімет көздерімен қажетті деген құралдарын өздері таңдап алады. Қоғамымызда компьютер маңызды әрі көрнекті орын алып отырған осындай сәтте компьютерлік технологияларды оқыту жүйесінде пайдалану еліміздің болашағын барлық ғылым салаларында жаңа идеяларды ұсынып, оларды жүзеге асыра алатын сауатты ұрпақпен қамтамасыз ете алады. Қазіргі заманғы ақпарат алмасудың жоғары жылдамдығы, жан-жақтан түсіп жатқан түрлі форматтағы мәліметтер ағыны білім беру саласындағы мамандарды да мультимедиялық құралдарға мұқият зер салуға шақырады.

«Мультимедия дегеніміз не?» – деген сұраққа сан түрлі жауап алуға болады. Мультимедия – білім беру саласындағы слайд, видео және аудио үлгідегі мәліметтерді оқушының оңай қабылдап, жадында мықтап сақтауына жағдай жасайтын құрал.

Мультимедия - компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Ол ақпараттарды кешенді түрде бейнелеуді, мәліметтерді мәтіндік, графикалық, бейне, аудио және мультипликациялық түрде шығаруды жүзеге асырады. Мәтін түрлі түсті графика, дыбыс, сөз бен кескін синтезін жасап, ақпараттың өте көлемді мөлшерін жадында сақтап, сұқбаттық түрде жұмыс істейтін компьютерлік жүйе. Заман талабына сәйкес компьютердің өмірлік практикада пайдалануы және ондағы программалардың қажеттігі бүгінгі күннің әлеуметтік-экономикалық өзгерістерін көрсетіп отыр. Қазіргі кезде ең көп сұранысқа ие болатын компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін пайдалану. Информатика сабағында оқытудың компьютерлік әдістерін интерактивті деп атайды, себебі олардың мұғалім мен оқушының әрекетіне “дыбыс беру”, олармен диалог жүргізу қабілеті бар. Бұл компьютерлік оқыту әдістемесінің ең негізгі ерекшелігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Андерсен, Бент Б. Мультимедия в образовании / Андерсен Бент Б.. - М.: Дрофа, 2017. - 396 с.
- 2.Иванов, В. Б. Компьютер, мультимедиа, IP - телефония. Программы и программирование: моногр. / В.Б. Иванов. - М.: Майор, 2012. - 240 с.
- 3.Ингенблек Все о мультимедиа / Ингенблек, Вернер. - М.: Киев: BHV, 2013. - 352 с
- 4.Шлыкова, О. В. Конференция Eva. Секция «Мультимедиа И Образование»: 10 Лет Спустя / О.В. Шлыкова. - Москва: ИЛ,2013. - 558 с.

ОӘЖ 004.383.4

Оспанова Зауреш Алиевна

*Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, 6М060200 «Информатика»
мамандығының 2 курс магистранты, Семей қ.*

КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУДІ ЗЕРТТЕУ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мақалада компьютерлік модельдеуді зерттеудің негіздері, модель түсінігі және модельдеу түрлері қарастырылады.

Түйін сөздер: модель, модельдеу, нысан.

В статье рассматриваются понятие модели, виды моделирования, основы исследования компьютерного моделирования.

Ключевые слова: модель, моделирование, объект.

A model concept, types of design, basis of research of computer design, is examined in the article.

Keywords: model, design, object.

Компьютерлік модельдеу негіздері – бұл ақпараттық пәндер қатарындағы жаңа, әрі аса күрделі курс. Сонымен қатар, компьютерлік модельдеу заманауи математиканың барлық құралдарын қолданатындықтан, негізгі математикалық пәндер – алгебра, матанализ, дифференциалдық теңдеулер теориясы, матстатистика, ықтималдықтар теориясы туралы білімнің де болуы қажет. Компьютерде математикалық есептерді шешу үшін, сызықтық емес теңдеулер жүйесін, сызықтық теңдеулер жүйесін, дифференциалды теңдеулерді шешудің сандық әдістерін меңгеруі және функцияны аппроксимациялау мен интерполяциялауды білуі қажет. Заманауи ақпараттық технологияларды еркін меңгеру, программалау тілдерін және қолданбалы программаларда жұмыс істеу дағдыларының болуы басты талап болып табылады.

Модель дегеніміз - нақты объектіні, процессті немесе құбылысты ықшам әрі шағын түрде бейнелеп көрсету.

Модельдеу – объектілерді, процесстерді немесе құбылыстарды зерттеу мақсатында олардың моделін (макетін) құру.

Қоғам және табиғат туралы ғылымның бәрінде, модельді құру мен қолдану ғылыми танымның қуатты құралы болып табылады. Шынайы құбылыстар мен процесстер көпқырлы, әрі күрделі болғандықтан, оны танып – білудің қолайлы тәсілі моделін құру болып табылады, сол арқылы оны зерттеу де оңайға түседі.

Модельдеудің екі айырықша жолы бар. Модель объектінің өзге материалдан, өзге масштабта жасалған, біраз бөлшектері қамтылмаған көшірмесіне ұқсас болуы мүмкін. Мысалы, ойыншық кеме, ұшақ және т.б. Алайда, модель шынайы объектіні не құбылысты абстрактілі - сөздік сипаттамамен еркін түрде, қандай-да бір ереже, математикалық қатынастар түрінде де бейнелеуі мүмкін.

Қолдану аймағына қарай модель не үшін және қандай мақсатқа қолданылады деген сұраққа жауап беру мақсатында оқу, тәжірибелік, ғылыми-техникалық, ойын, имитациялық тәрізді топтарға жіктеледі.

Оқу моделі – көрнекі оқу құралдары, әр түрлі машықтандырушы, үйретуші программалар түрінде болуы мүмкін.

Тәжірбиелік модель – жобалау объектісінің кішірейтілген немесе өте майда объектілер үшін олардың үлкейтілген көшірмесі болып табылады.

Ғылыми-техникалық модельдер – процесстер мен құбылыстарды зерттеу мақсатында құрылады. Оған мысал ретінде электрондардың жылдамдығын үдеткіш – синхротрон, найзағайдың разрядын бақылаушы құрал және теледидар тексеруге арналған стендтерді айтуға болады.

Ойын модельдеріне - әскери, экономикалық, спорттық ойындар жатады. Бұл модельдер әр түрлі жағдайда объектіні бақылауға жаттықтырады. Ойын модельдері адамдарға әр түрлі жағдайда психологиялық көмек көрсетеді.

Имитациялық модель – шын мәніндегі нақты объектіні өте жоғары дәлдікпен бейнелей алады. Тәжірбие нақты объектіні зерттеу, бағалау мақсатында бірнеше рет қайталанатын немесе бір мезгілде әр түрлі жағдайда бірнеше ұқсас объектілермен қатар жүргізіледі. Дұрыс шешім таңдаудың мұндай тәсілі байқау және қатенің әдісі деп аталады. Модельді уақыт факторына байланысты динамикалық және статистикалық деп екі топқа жіктеуге болады.

Статистикалық модель деп объект жөнінде алынған ақпараттың белгілі бір уақыт бөлігіндегі үзіндісін айтуға болады.

Динамикалық модель – уақыт барысындағы объектінің қасиеттерінің өзгерісін көрсету мүмкіндігін береді.

Модельдерді көрсетілу әдісіне қарай материалдық және ақпараттық болып екі топқа жіктеледі.

Материалдық модельді басқа сөзбен заттық немесе физикалық деп айтуға болады. Олар түпнұсқаның геометриялық және физикалық қасиеттерін көрсетеді. Материалдық модельдердің қарапайым мысалдарына балалар ойыншықтарын алуға болады.

Ақпараттық модельді қолмен ұстап, көзбен көре алмаймыз. Себебі, олар тек ақпараттарға ғана құрылады. Мұндай модельдер қоршаған ортаны ақпараттық жағынан зерттеуге мүмкіндік береді. Ақпараттық модель дегеніміз – объектінің, процесстің, құбылыстың қасиеттері мен күйін сипаттайтын ақпарат жиынтығын және сыртқы әлеммен өзара байланыс болып табылады.

Ақпараттық модельге вербальдік модель жатады. Вербальдік модель дегеніміз – ойша немесе әңгіме түрінде жасалған ақпараттық модель.

Таңбалық модель деп арнайы таңбалармен, яғни кез келген жасанды тіл құралдарымен көрсетілген ақпараттық модельді айтады.

Геометриялық модель – графикалық пішіндер мен көлемді конструкциялар.

Ауызша модель – иллюстрацияны пайдаланып, ауызша және жазбаша сипаттаулар.

Математикалық модель – объект немесе процесстің әр түрлі параметрлерінің байланысын көрсететін математикалық формулалар.

Құрылымдық модельдер – схема, графиктер мен кестелер т.б.

Логикалық модель – ой қорытындысы мен шарттарды талдау негізге алынған іс-әрекеттерді таңдаудың әр түрлі нұсқалары көрсетілген модельдер.

Арнайы модельдер – ноталар, химиялық формулалар.

Модельдеу — кез келген құбылыстардың, үрдістердің немесе объект жүйелінің қасиеттері мен сипаттамаларын зерттеу үшін олардың үлгісін құру және талдау; бар немесе жаңадан қарастырылған объектілердің сипатын анықтау немесе айқындау үшін олардың аналогтарында объектілердің түрлі табиғатын зерттеу әдісі. Модель 4 деңгейде түпнұсқаның гносеологиялық орынбасары бола алады: 1

— элементтер деңгейінде; 2 — құрылым деңгейінде; 3 — қалып-күй немесе қызметтік деңгейінде; 4 — нәтижелер деңгейінде. Сипаты бойынша модельдеу материалдық және идеалдық болып бөлінеді. Материалдық модельдеу объектінің геометриялық, физикалық, динамикалық және қызметтік сипатын нақты дәл береді.

Компьютерлік модельдеу күрделі жүйелерді зерттеудің тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Компьютерлік модельдердің көмегімен есептеу эксперименттерін жүргізу, шынайы эксперименттерді жүргізу қандай-да бір жағдайларға бацланысты қиын немесе мүмкін емес болған жағдайда қолайлы.

Компьютерлік модельдеудің аналитикалық және имитациялық түрі бар.

Аналитикалық модельдеу кезінде шынайы объектінің нақты шешімді қамтамасы ететін алгебралық, дифференциалдық теңдеулер түріндегі математикалық (абстрактілі) моделі зерттеледі. Имитациялық модельдеу кезінде, зерттеліп отырған жүйенің қызметін қарапайым операцияларды тізбектеп орындау жолымен жүзеге асыратын алгоритм түріндегі математикалық модельдер зерттеледі.

Қазіргі кезде компьютермен модельдеу және талдау имитациялық модельдерді қолдануға негізделген ақпараттанудың қарқынды дамып келе жатқан бағыты болып табылады және экономикада, өнеркәсіпте, экологияда, қойнауларды пайдалануда және басқа да адам қызмет ететін салаларда кеңінен қолданылады.

Физикалық табиғаты әртүрлі объектілерді модельдеу ғылыми танымның бір тәсілі болып табылады, ал модельдерді құру үрдісінің негізгі заңдылықтары таным теорияларының әртүрлі бөлімдерінде зерттеледі. Модельдеу әдістері басқару теориясы негізінде жатыр және осы ғылымның қолданбалы бөлімдерінде кеңінен пайдаланылады. Берілген бағытта бейімделе басқаруы мақсатында негізделген математикалық модельдерді құру мәселелері ерекше орын алады. Имитациялық модельдеудің негізгі артықшылықтарының бірі, онымен зерттелетін күрделі жүйелер тәнді элементтерден тұра алатындығы. Мысалы, олардың бірі үздіксіз әрекетті болса, екіншісі дискретті бола алады. Екіншіден бұл элементтер көптеген күрделі мәнді ауытқулардың әсеріне ұшырауы немесе оларды өтіп жатқан процестер өте үлкен жаңа шиеленіскен өрнектермен бейнеленуі де мүмкін. Мұндай модельдеу ешқандай арнайы құралдар мен қондырғылар жасауды қажет етпейді.

Модельдеу қоршаған болмысты зерттеудің негізгі әдістерінің бірі және қызметтің барлық салалары мамандарының ғылыми және практикалық қызметіндегі құрал болып табылады. Модельдеудің мақсаты қасиеттері мен сипаттамаларын зерделеу, сондай-ақ жобаланатын және нақты жүйелердің тәртібін болжау болып табылады, оларды тікелей зерттеу мақсатқа сәйкес емес немесе қандай да бір себептер бойынша мүмкін емес.

Қазіргі уақытта компьютер – модельдерді іске асырудың барлық белгілі тәсілдерін қамтитын, әмбебап құрал. Ақпараттық технологиялардың екпінді дамуының, модельдеуге ұшыратылуы мүмкін процестердің күрделілігі деңгейін күрт жоғалтқанына күмән жоқ. Компьютерлік моделдеудің мәні құбылыстың, объектінің, жүйенің процестің сандық және сапалық сипаттамаларын практикалық қызметте пайдалану үшін жарамды түрде алудан тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Королев, А.Л. Компьютерное моделирование / А.Л. Королев. - М.: БИНОМ. ЛЗ, 2013. - 230 с.
- 2.Тарасевич, Ю.Ю. Математическое и компьютерное моделирование. Вводный курс: Учебное пособие / Ю.Ю. Тарасевич. - М.: ЛИБРОКОМ, 2013. - 152 с.
- 3.Тарасевич, Ю.Ю. Математическое и компьютерное моделирование. Вводный курс: Учебное пособие / Ю.Ю. Тарасевич. - М.: ЛИБРОКОМ, 2013. - 152 с.

УДК 687.176

Сакенова Жаннур Жанатовна

магистрант Университета "Алматы", г.Алматы

Научный руководитель: Фазылбаева Нурия Расимовна

кандидат технических наук, Университет "Алматы", г.Алматы

ОСНОВНЫЕ МЕТОДЫ ФОРМООБРАЗОВАНИЯ ПРИ РАЗРАБОТКЕ МОДЕЛЕЙ ШВЕЙНЫХ ИЗДЕЛИЙ

Мақалада тігін бұйымдарын қалыпқа келтіру процесінде киім, конструкциясын құруда негізгі факторлар, ылғалды-жылудымен өңдеу, қалыптау, материалдарының қасиеттері және олардың әр түрлі комбинациялары қарастырылған.

Түйін сөздер: *қалыпқа келтіру, қалып, киім, технологиялық, құрылымдық, аралас, тігістер, бүкпе*

В статье рассмотрены основные факторы формообразования швейных изделий в процессе создания конструкции одежды, при влажно-тепловой обработке, формовочные свойства материалов и различные их комбинации.

Ключевые слова: *формообразование, форма, одежда, технологический, конструктивный, комбинированный, швы, вытачки.*

The article describes the main factors of shaping garments in the process of creating the clothing designs, with the wet-heat treatment, the molding properties of materials and their different combinations.

Keywords: *formation, form, garment, technological, structural, combined, seams, dart*

Форма как объемно-пространственный объект имеет сложную структуру, состоящую из нескольких частей, организованных в единое целое. Различают простые и сложные формы одежды: простые формы состоят из одной структурноцелой части, а сложные формы состоят из нескольких частей [1].

Для достижения необходимой объемно-пространственной формы одежды используют три основных способа формообразования: технологический, конструктивный и комбинированный. Применение того или иного способа зависит от характера поверхности изделия, применяемого метода конструирования и формовочных свойств используемых материалов [1-4]. При выборе способа формообразования необходимо учитывать структуру пакета конструкции, которая может быть однослойной, многослойной и комбинированной (на различных участках изделия – разное количество слоев материалов).

Технологический способ основан на использовании формовочных свойств материалов (пластических и термопластических) и предполагает воздействие на материал посредством сутюживания, прессования или оттягивания.

К технологическим средствам формообразования относят:

- деформацию материала по срезам деталей и фиксацию его с помощью влажно-тепловой обработки;
- изменение угла между нитями основы и утка ткани, при этом раскрой выполняется с учетом направления нити основы в деталях изделия;
- использование каркасных элементов: плечевых накладок, кромок, формоустойчивых прокладок.

Одним из перспективных направлений формообразования швейных изделий является метод напыления волокон на определенную форму и последующее закрепление их клеящими веществами, а также формование одежды из расплавов полимеров.

С помощью технологического способа трудно получить одежду сложных форм, что ограничивает область его практического применения.

Конструктивный способ характеризуется тем, что формообразование одежды происходит за счет членения материала на части. При использовании конструктивного способа формообразования обеспечивается возможность инженерного расчета, точного воспроизведения и устойчивого закрепления практически любой формы одежды. Членение изделия на детали обуславливается анатомическими особенностями строения тела человека, поэтому конструктивные линии, в основном, проходят вблизи точек его максимальной кривизны [1].

К конструктивным средствам формообразования одежды относят швы, подрезы, вытачки, сборки, складки и драпировки. Линии членения классифицируют по направлению на вертикальные, горизонтальные и наклонные (диагональные). Вертикальные членения модели изделия позволяют визуально вытянуть фигуру, а горизонтальные подчеркнуть пропорции тела человека. Членения по диагонали нарушают статичность и симметричность формы одежды, и таким образом придают ей эксклюзивный внешний вид.

Характер членения одежды на составные части определяется:

- сложностью поверхности тела человека;
- особенностями конструктивного решения модели;
- требованиями художественной выразительности, так как одежда с помощью удачно выбранных линий членения может подчеркнуть достоинства и скрыть недостатки фигуры человека, корректировать восприятие пропорций тела человека;
- особенностями технологической обработки изделия.

Так, в пальто приталенной формы для обеспечения эффекта вводится членение по линии талии. Учитывается направление нити основы. На полочке и спинке нити основы должны идти в одном направлении - продольном, для этого вводится членение по плечевому участку; шириной и другими

свойствами материала. При изготовлении изделий из узких материалов приходится делать дополнительные членения одежды, усложняя общую форму. Ограниченная площадь натуральных кож заставляет проектировать большие детали (спинку, полочку, пальто) из двух-трех частей, вводят членения по линии груди, талии или бедер, которые включают еще и элементы формообразования. Кроме перечисленных выше факторов должны быть учтены жесткость, драпируемость, осыпаемость и другие свойства конкретного материала, определяющие его способность к формообразованию. Этот метод нецелесообразно использовать в материалах, отличающихся высокой раздвижкой в швах и прорубаемостью. Этот метод увеличивает трудоемкость изготовления изделия [1].

В формообразовании современной одежды доминирует комбинированный способ, который представляет собой сочетание всех трех рассмотренных способов. В этом случае удается добиться высокой точности воспроизведения формы и устойчивости ее в эксплуатации.

При использовании комбинированного способа формообразования должны быть учтены жесткость, осыпаемость и другие свойства материала, определяющие его способность к формообразованию и формозакреплению, а также особенности конструктивного решения модели изделия.

Список использованной литературы

1. Шершнева, Л.П. Конструирование одежды: Теория и практика: учебное пособие / Л.П. Шершнева, Л.В. Ларькина.– ФОРУМ: ИНФРА-М, 2010. – 288с.
2. Медведева, Т.В. Художественное конструирование одежды: учебное пособие для вузов / Т.В. Медведева. – М.: ИД «ФОРУМ»: ИНФРА-М, 2009. – 480с.
3. Булатова, Е.Б. Конструктивное моделирование одежды: учеб. пособие для вузов / Е.Б. Булатова, М.Н. Евсеева. – М.: Академия, 2003. – 272с.
4. Мартынова, А.И. Конструктивное моделирование одежды: учеб. пособие для вузов / А.И. Мартынова, Е.Г. Андреева. – М.: Московская государственная академия легкой промышленности, 1999. – 216с.

**Жас ғалымдар, магистранттар және студенттердің ғылыми
еңбектер жинағы №2**
Сборник трудов молодых ученых, магистрантов и студентов №2
**Collection of works of young scientists, master's and bachelor's degree
students №2**

Республиканский сборник трудов молодых ученых, магистрантов и студентов
Подписано в печать: 25.12.2017 г. Дата выхода тиража: 30.12.2017 г.
Формат 60*84. Бумага офсетная №1. Печать лазерная
Объем: 7,25 усл. печ.л. Тираж 100 экз.
Цена договорная. Семей: КазГЮИУ